



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАР:
ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА, НӘТИЖЕЛЕР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

РЕСПУБЛИКАНСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
ПИЛОТНЫЕ ПРОЕКТЫ В СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ:
ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА, РЕЗУЛЬТАТЫ

Астана, 2025

ҚР ОАМ «БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ» РММ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАР:
ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА, НӘТИЖЕЛЕР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

РЕСПУБЛИКАНСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
ПИЛОТНЫЕ ПРОЕКТЫ В СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ:
ТЕОРИЯ, ПРАКТИКА, РЕЗУЛЬТАТЫ

Астана, 2025



«Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту жүйесіндегі пилоттық жобалар: теория, практика, нәтижелер» республикалық конференция материалдарының жинағы: Балаларды ерте дамыту институты, Астана – 2025 ж. - 103 бет.

«Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту жүйесіндегі пилоттық жобалар: теория, практика, нәтижелер» республикалық конференция материалдарының жинағында «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша ғалымдардың, әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлерінің, мектепке дейінгі ұйым басшыларының, педагогтердің практикалық іс-тәжірибелері жинақталған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫ ДАМУДЫҢ ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Адамова Манара Елекеновна,

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры

Аңдатпа. Мақалада республикадағы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесінде жаңа, неғұрлым тиімді тәсілдерге өтуге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің мазмұнындағы қарқынды өзгерістер қарастырылады.

Түйін сөздер: модель, құзыреттілік орталығы, мектепке дейінгі ұйымның рейтингісі, магниттік мектепке дейінгі ұйым, ресурстық, жасанды интеллект.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Осы орайда, мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатын мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың жалпы ұлттық басымдықтарына тоқталамыз.

Бүгінгі күні елімізде **11,8 мың** мектепке дейінгі ұйымда (мемлекеттік – **5 456**, жекеменшік – **6 400**) **1 млн.** астам бала (мемлекеттік – **467 мың бала**, жекеменшік – **541 мың бала**) тәрбиеленуде.

Мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде мектепалды даярлықпен **165 мың** бала қамтылған.

Мектеп пен балабақшалардың мектепалды даярлық топтарынан **343 мың** бала шығарылды.

Жаңа оқу жылына балабақшаларға **536 мың** бала қабылданды.

844 мектепке дейінгі ұйым ағымдағы жөндеуден өткен.

44 мектепке дейінгі ұйымға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың **98,8%** - бейнебақылау жүйесімен, **97,3%** - су жүйесімен қамтылған.

Республика бойынша **2** жастан **6** жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту деңгейі **93%**-ды (жоспар 95%) құрайды.

2022 жылдан жаңа стандарт пен оқу бағдарламасын іске асыруда **39** пилоттық балабақшадан бастау алып, 2023 жылы **79** мектепке дейінгі ұйымның базасында үздік тәжірибелерін таратқан «құзыреттілік орталықтарының» саны бүгінде **330-ға** жетті. Бұл дегеніміз, **330** тірек мектепке дейінгі ұйым өздерінің озат тәжірибелерін насихаттап, мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметін ұсынуда.

Балабақша жанынан ашылған **5 мыңнан** астам кеңес беру пункттері арқылы **38 мыңға** жуық ата-ана балаларының ерте жастан күтімі мен да-



муына бағыт-бағдар алды.

Өңірлердегі педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында **300** мобильді топ жұмыс істейді.

(Анықтама. Білім басқармалары жанында – **25**; қалалық білім бөлімдері жанында – **90**; аудандық бөлімде – **185**, қалалық жерде – **118**, ауылдық жерде – **182**).

1,6 мың МДҰ-да іс-шаралар ұйымдастырылған. Ең көп іс-шара өткізген өңірлер: Ақтөбе облысы - **320**, Қызылорда облысы - **165**, Алматы қаласы - **158**.

Бұдан басқа, мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуге бағытталған «Тілге бойлау» жобасы **135** балабақшада **7 мыңнан** аса өзге тілді балалардың мемлекеттік тілде сөздік қорын арттыруына ықпал етті.

«Беске дейін үлгер» жобасы ата-аналарға **5 жасқа дейін** балаларын отбасы жағдайында дамыту, олардың жетістіктерін бағалап отыруға көмекші бола алатынын көрсетті. Осы ретте, өткен оқу жылында сынақтан өткен осы екі жоба қыркүйектен бастап еліміздің барлық балабақшаларына жаппай енгізілетін болады.

Сапалы адами капиталды қалыптастыру барлық білім беру деңгейлерінде бірізділікпен іске асырылуы қажет. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулу арқылы ерте кәсіптік бағдар беру, еліміздің экономикасын дамытуға балабақшадан бастап үлес қосатын ұрпақты тәрбиелеу мақсатында биыл **100** балабақшада **12 мың** баланы қамтитын «Ерте жастан кәсіпке және еңбекке баулу» жобасы енгізілетін болады. Қазірдің өзінде кәсіптік бағдарланған **77** «Жасыл балабақша», «Ұлттық қолөнер» бағытында **136** балабақша жұмыс істеуде. Бүгінгі таңда **20** өңірден жобаға тартылатын **79** мемлекеттік, **21** жекеменшік балабақшаның тізімі,

басшылары мен педагогтерінің сапалық құрамы, жобаға қатысатын топтар мен балалардың саны белгіленді.

Осы орайда, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңа жобаларды ата-аналар арасында кең көлемде таратып, жүйелі жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйым балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілер.

Осы орайда, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің сапасын өзіндік бағалауда **4 параметр, 27 критерий** басшылыққа алынып, **10 747 (90,4%)** мектепке дейінгі ұйымның рейтингісі анықталды. Нәтижесінде, бағалау өлшемшарттарына толығымен сәйкес келетін **ресурстық** мектепке дейінгі ұйым (**61,3%**), өлшемшарттарға ішінара сәйкес келетін магниттік мектепке дейінгі ұйым (**32,7%**), өлшемшарттарға сәйкес келмейтін **мақсатты** мектепке дейінгі ұйым (**2,4%**) құрап отыр. Осы **магниттік** және мақсатты мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс сапасын жақсарту үшін олар ресурстық мектепке дейінгі ұйымдарға бекітілген және құзыреттілік орталықтары әдістемелік қолдау көрсетеді.

Сонымен бірге мектепалды топтарда/сыныптарда оқу жылында тәрбиеленушілердің оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау бойынша мониторинг жүргізіледі.

Мамыр айында жүргізілген қорытынды мониторингтің нәтижесінде мектепалды топтағы және сыныптардағы балалардың біліктері мен дағдыларының қалыптасуының жоғары және орташа деңгейі **92,0%**-ды құрады. Оқу жылының соңында Баланың жеке даму картасы толтырылды. Даму картасына баланың бастауыш мектепте оқуға қажетті біліктері мен дағ-

дыларының көлемі және олардың қалыптасу көрсеткіштері енгізілген. Бастауыш мұғалімі үшін Даму картасы мектепалды топта/ сыныпта оқыған әрбір баланың 1-сыныпта оқуға дайындық деңгейі туралы толық мәлімет беретін құжат болып табылады.

Мектепке дейінгі және орта білім беру бағдарламаларын үндестіру үшін тірек балабақшалар мен тірек мектептердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша 2025 жылға арналған қадамдық іс-қимыл жоспары бекітілді. Балабақшаларда барлық жас топтарында құзыреттерді, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру бойынша көрнекілік әзірленіп, орналастырылды.

202 тірек балабақша - құзыреттілік орталығы **195 тірек мектебіне** бекітілді. Жоғарыда атап өткендей, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру үшін балабақша мен бастауыш мектептің сабақтастығын күшейту қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы педагогтердің сапалық құрамына тікелей тәуелді. Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында **103 752 педагог** қызмет етеді.

Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Ең бастысы, балабақшада көрсетілетін қызметтің сапасын арттыруда педагогтердің біліктілік деңгейінің көтерілуі маңызды рөл атқарады. Оның ішінде, педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі мен курстан кейінгі қолдау мәселесіне де көңіл бөліну қажет. Үш жыл ішінде балабақша педагогінің **100 пайызы** курстан өтуі тиіс екендігін басшылар үнемі назардан шығармау керек. Осы ретте, педагогтерді біліктілік арттыру курстарынан өткізуде, курс өткізетін ұйымдардың бағдар-

ламаларының мазмұнын жетілдіру және «Жасанды интеллект» модулын қосу мәселесі қарастырылуы тиіс.

Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға мектеп жасындағы балаларын тәрбиелеу мен дамытуда әдістемелік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін консультациялық пункттер желісін кеңейтіп, оның қызметін және педагогтердің кәсіптік деңгейін көтеру үшін мобильді топтардың жұмысын жетілдіруге тиіспіз.

Бағалау өлшемшарттарына толығымен сәйкес келетін ресурстық мектепке дейінгі ұйымдар үлесін **75 %-ға** жеткізу үшін мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда көрсетілетін қызметтің сапасын көтеру қажет.

Бұл жерде де мектепке дейінгі ұйым басшысы балабақшада көрсетілетін қызмет сапасын арттыра түсу үшін жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, кешенді жоспар жасап, жүйелі жұмыстар атқару талап етіледі.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындау және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын көтеру жолында:

Балабақшалар мен бастауыш мектеп бағдарламасын үндестіру үшін тірек балабақшалар мен тірек мектептердің өзара іс-қимылын күшейту жұмыстарын нақты қолға алу қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепте оқуға дайындау үшін мектепалды топтағы және сыныптардағы балалардың біліктері мен дағдыларының деңгейін **92,7%-ға** көтеруіміз тиіс.

Өткен оқу жылында сынақтан өткен «Тілге бойлау», «Беске дейінгі үлгер» жобаларының еліміздің барлық балабақшаларына қыркүйектен бастап жаппай енгізу, биылғы оқу жылында **1 қыркүйектен 100 балабақшада** енгізу



жоспарланып отырған «Ерте жастан кәсіпке және еңбекке баулу» жобасы бойынша жұмыстар сапалы түрде жүзеге асуы тиіс.

Онымен қоса, жоғарыда атап өткендей, балабақша мен бастауыш мектеп бағдарламасының сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында, қорытынды мониторинг нәтижесіне сәйкес балалардың білік-дағдыларының

деңгейін көтеретін шараларды қарастыруға тиіспіз.

Балабақшаның таңдаған бағыты аясында педагогтердің инновациялық, экспериментальдық қызметін қамтамасыз етіп, республикадағы «Үздік педагогикалық тәжірибелер» базасына енетін шығармашыл педагогтердің қатарын толықтыру қажет.



«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ

Ерманова Мария Наятовна,

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің
Балаларды ерте дамыту институтының директоры

Аңдатпа. Мақалада басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда, ана тілі қазақ тілі болып табылмайтын балабақшаларда, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйрету туралы жазылған.

Түйін сөздер: үлгілік оқу бағдарламасы, тілдік орта, ұйымдастырылған іс-әрекет, критерийлер, мониторинг, билингвизм.

Мектепке дейінгі балалық шақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өте маңызды кезең, осы кезеңде баланың дамуында танымдық процестер қарқынды дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән бірқатар психологиялық ерекшеліктер: қарқынды қабылдау мен есте сақтау қабілетінің жоғары болуы тілді табысты меңгеруге ықпал етеді.

Балалардың әлеуметтік қарым-қатынасының алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады, мектепке дейінгі ұйымдар балаларға тілді үйренуде үлкен рөл атқарады.

Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрету уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың зияткерлік қабілеттерін дамытуда ғана емес, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлерін, ауызша шығармашылығын зерделеуді де қамтиды.

Бүгінгі күнде қоғамның, ата-аналар-

дың сұраныстарына сәйкес оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда соның ішінде еліміздің солтүстігінде тұратын аймақтарда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін игерту үшін Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының іс-қимыл жоспарының 13-бөліміне сәйкес, 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап, 2025 жылдың мамыр айы аралығында «Тілге бойлау» пилоттық жобасы іске асырылды.

«Тілге бойлау» пилоттық жобасы еліміздің 5 өңірінен 135 мектепке дейінгі ұйымның (Ақмола облысы-30, Қарағанды облысы-25, Қостанай облысы-30, Солтүстік Қазақстан облысы-30 және Астана қаласы-20) ересек және мектепалды топтар тәрбиеленушілерінің қатысуымен сәтті іске асырылды. «Тілге бойлау» пилоттық жобасымен **7533** тәрбиеленуші (**ересек топ 3765 бала, мектепалды топ 3768 бала**) қамтылды.



2024 жылдың маусым-тамыз айларында жалпы саны 741 жобаға қатысатын педагог (мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, педагогтері) Институттың ұйымдастырумен біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Институт базасында «Тілге бойлау» пилоттық жобасын іске асырудың 2024-2025 оқу жылына арналған іс – қимыл жоспары;

«Тілге бойлау» бағдарламасы;

«Кәусар бұлақ» хрестоматиясы;

Қазақ тіліндегі анимациялық бейне-роликилер топтамасы жасақталды.

Іс-тәжірибе алмасу мақсатында педагогтерге арналған Институттың виртуалды әдістемелік кабинетінде қазақ тілін үйрету бөлімдері ашылды.

Ата-аналарға арналған ақпараттық материал (буклет) әзірленді. Әзірленген әдістемелік материалдар Балаларды ерте дамыту Институтының сайтына www.irrd.kz жүктелді. Сонымен бірге педагогтерге арналған «Виртуалды әдістемелік кабинет» және «Педагогтерге арналған», «Қазақ тілін үйренейік» бөлімдеріне әдістемелік материалдар орналастырылды.

Іс-қимыл жоспарына сәйкес пилоттық жобаға қатысушы мектепке дейінгі ұйымдар жыл бойы іс-шаралар өткізді.

Атап өтсек, «Шынықсаң шымыр боларсың!» мектепке дейінгі ұйымдардың таңғы жаттығуларды ұйымдастыруы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда челлендж ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық қимылды ойындар бойынша сайыс өткізілді. Ұлттық қимылды ойындар сайысына Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Сол-

түстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың ересек топтары мен мектепалды топтары балалары белсенділікпен қатысты. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындар: «Асық ату», «Ханталапай», «Тақия тастамақ», «Арқан тарту», «Теңге алу» ойындары сайысы өткізілді. Сонымен бірге ұлттық құндылықтарға негізделген (ұлттық ою, киіз үй, киімді безендіру, және тағыда басқа) баланың ойлауын дамытуға арналған танымдық ойындар ұйымдастырылды.

Институт Іс-қимыл жоспарына орай Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарының арасында өзара тәжірибе алмасу бойынша өңірлік онлайн-семинарлар өткізді.

Билингвизм элементтерімен кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу жөнінде Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласының педагогтері озат тәжірибелерімен бөлісті. Пилоттық жобаға қатысушы мектепке дейінгі ұйымдардан барлығы 45-ке жуық бейнероликилер келіп түсті.

Үздік деп танылған жұмыстар Балаларды ерте дамыту институтының сайтында Виртуалды әдістемелік кабинет аядарына, YouTube бейне платформасына, әлеуметтік желілерге орналастырылды.

Іс-қимыл жоспарына сәйкес ағымдағы жылғы 27- мамырда Астана қаласында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі пилоттық жобалар: теория, практика, нәтижелер» тақырыбында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған республикалық конференция өтті.

Конференцияда «Ұлттық дамытушы ойындар керуені» көрмесі инновациялық тәсілдерге негізделген тіл үйрету модельдері, интерактивті жобалар

мен тілдік орта қалыптастырудағы педагогикалық тәжірибелер, тиімді әдіс-тәсілдер, жетістіктер мен алдағы перспективалар ұсынылды.

Конференцияның практикалық бөлімінде 5- тәжірибелік алаңда балаларға тілді үйрету бойынша үздік тәжірибелер ұсынылды.

Үлгілік бағдарлама негізінде әзірленген «Тілге бойлау» бағдарламасының мақсаты - балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру болып табылады. Аталған Бағдарламаны іске асыру үшін педагогтерге жұмыс тәжірибесінде қажетті материалдармен қолдау көрсету мақсатында «Кәусар бұлақ» хрестоматиясында балалардың қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға; шығармалардың мазмұнын түсінуге, тыңдай білуге; шағын өлеңдерді, тақпақтарды жатқа айтуға; қазақ тілінде балаларға арналған әндер, қимылды, ұлттық ойындар, өлеңдер, санамақтар, мақал-мәтелдер, әңгімелер, ертегілер, сергіту жаттығулары, артикуляциялық жаттығулар, саусақтармен орындалатын сергіту сәттері, қимылдармен орындалатын сергіту сәттері берілді. Сонымен қатар, қазақ тілінде анимациялық бейнероликтер топтамасы ойындар, ертегілер, жаттығулар да ұсынылды.

Сондай-ақ, тәрбиеленушілердің Бағдарлама мазмұнын игеру деңгейін анықтау үшін балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде бақылау жасап, ай сайын мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;
- әңгімелесу;

- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және т.б. арқылы іске асты.

Мониторинг педагогтің балалардың 4 және 5 жас кезеңдерінде бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін айқындауға мүмкіндік берді.

Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін индикаторлар бойынша айқындалды.

«Тілге бойлау» пилоттық жобасына қатысушы мектепке дейінгі ұйымдардың 2024 ж. қыркүйек айы мен желтоқсан айында жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша көрсеткіштерге салыстырмалы талдау жасалды. Салыстырмалы талдау барысында қазан айымен салыстырғанда желтоқсан айында балаларда тілді меңгеру дағдыларының өсу көрсеткіштері басым екендігі байқалды.

Ересек тобының (4 жас) Физикалық қасиеттерді дамыту критерийі бойынша;

қыркүйек айында іс-қимылды білдіретін сөздерді (апар, бер, ал, әкел) түсіну және орындау көрсеткіші бойынша 925 бала түсініп орындаған, 1395 кейбір іс-қимылдарды ғана орындаған, ал 994 бала мүлде түсінбегені және орындамағаны айқындалды;

желтоқсан айында іс-қимылды білдіретін кел, секір, жүгір сөздерін түсіну және орындау көрсеткіші бойынша 1423 бала түсініп, іс-қимылдарды орындаған, 1145 бала кейбір іс-қимылдарды ғана орындаған, 785 бала түсінбегені, орындамағаны байқалды (1- кесте).



Бақылау нәтижелеріне сәйкес ересек топ балалары іс-қимылды білдіретін сөздерді қазан айымен салыстырғанда желтоқсан айында түсініп, орындаған балалардың саны 498 балаға көбейгенін, түсінбеген, орындамаған балалардың саны 209 балаға азайғанын байқауға болады.

Мектепалды тобының (5 жас) Физикалық қасиеттерді дамыту критерийі бойынша;

қыркүйек айында таңертеңгі жатығулар барысында қазақ тілінде айтылған нұсқауларды орындау көрсеткіші бойынша 1187 бала орындаған болса, 1525 бала айтылған нұсқаулар-

дың кейбіреуін орындаған, ал 968 бала нұсқауларды орындамағаны байқалды.

желтоқсан айында негізгі қимылдарды орындауда педагогтің қазақ тілінде берген нұсқауларын түсіну көрсеткіші бойынша 1756 бала түсініп орындаған, 1290 бала кейбір нұсқауларды ғана түсінген, ал 416 бала түсінбегені айқындалды (2-кесте).

Қазан айы мен желтоқсан айы аралығында бақылау нәтижелеріне сәйкес қазақ тілінде айтылған нұсқауларды орындаған балалардың саны 569 балаға көбейген, керсінше түсінбеген балалардың саны 552 балаға азайған.

1-кесте

Физикалық қасиеттерді дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Ересек топ (қазан)	925	1395	994
	27,9%	42,1%	30,0%
Ересек топ (желтоқсан)	1423	1145	785
	42,4%	34,2%	23,4%

2-кесте

Физикалық қасиеттерді дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Мектепалды тобы (қазан)	1187	1525	968
	32,3%	41,4%	26,3%
Мектепалды тобы (желтоқсан)	1756	1290	416
	50,7%	37,3%	12,0%

Ересек тобының (4 жас) Коммуникативтік дағдыларды дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** педагогтің айтқан сөзін қайталап айту көрсеткіші бойынша 1235 бала қайталап айтқан, 1422 бала кейбір сөздерді



ғана қайталаған, ал 657 бала қайталап айтуға талпынбаған;

- **желтоқсан айында** күнделікті жиі қолданылатын сөздерді қайталап айту көрсеткіші бойынша 1566 бала қайталаған, 1311 бала кейбір сөздерді ғана қайталаған, ал 476 бала қайталай алмағаны байқалды (3-кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес қазақ тілін үйрену деңгейлері бойынша ересек топ балалары қазан айымен салыстырғанда желтоқсан айында жоғары деңгейлі балалар саны 331 балаға артқанын, ал төмен деңгейдегі бала саны 181 балаға кемігенін көрсетіп отыр. Жылдың басында педагогтің айтқан сөзін қайталап айтуды үйреніп, желтоқсан айында күнделікті жиі қолданылатын сөздерді қайталап айтатын балалардың саны көбейгені айқындалды.

Мектепалды тобының (5 жас) Коммуникативтік дағдыларды дамыту кри-

терийі бойынша;

қыркүйек айында қазақ тілінде қойылған сұрақтарды тыңдау көрсеткіші бойынша 1300 бала бар зейінімен тыңдаған, 1874 бала кейбір сұрақтарды немесе ішінара тыңдаған, ал 506 бала мүлде назар аударып тыңдамағаны байқалды;

желтоқсан айында қазақ тілінде қойылған сұрақтарды түсіну көрсеткіші бойынша түсінген балалардың саны 1864 бала, 1284 бала кейбір сұрақтарды түсінген, ал 314 баланың сұрақтарға түсінбегені байқалды (4-кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес мектепалды топ балалары қазан айында қазақ тілінде қойылған сұрақтарды тыңдаумен ғана шектелген болса, желтоқсан айында қазақ тілінде қойылған сұрақтарды түсінген балалардың саны 464 балаға артқан. Керсінше сұрақтарды түсінбеген балалардың саны 292 балаға азайған

3-кесте

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Ересек топ (қазан)	1235	1422	657
	37,27%	43%	20%
Ересек топ (желтоқсан)	1566	1311	476
	46,70%	39,10%	14,19%

4-кесте

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Мектепалды топ (қазан)	1300	1874	506
	35,32 %	51%	14 %
Мектепалды топ (желтоқсан)	1864	1284	314
	53,8%	37,9 %	9,7%



Ересек тобының (4 жас) Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту критерийі бойынша:

- **қыркүйек айында** геометриялық фигураланың (дөңгелек) қазақ тіліндегі атауын білу көрсеткіші бойынша 615 бала білетіні байқалса, 1584 көрсетеді бірақ атауын білмейді, ал 1115 бала көрсетпеген және атауын білмеген;
- **желтоқсан айында** геометриялық фигуралардың (ұшбұрыш, шаршы, дөңгелек,) атауларын ажыратып, атау көрсеткіші бойынша 1421 бала біліп атай алған, 1150 бала атауларын ажыратуға талпынған, ал 782 бала атауларды ажыратып айта алмағаны байқалды (5-кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес қазақ тілін үйрену деңгейлері бойынша ересек топ балалары қазан айымен салыстырғанда желтоқсан айында жоғары деңгейлі балалар саны 806 балаға артқанын, ал төмен деңгейдегі бала саны 333 балаға кемігенін көр-

сетіп отыр.

Мектепалды тобының (5 жас) Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту критерийі бойынша;

қыркүйек айында сөздік минимумда берілген кеңістікті бағдарлау сөздерін педагогпен бірге 768 бала қайталап айтқан, ал педагогпен бірге қайталап айтуға 1500 бала талпынған, 1412 бала сөздерді қайталап айта алмаған;

желтоқсан айында қазақ тіліндегі қыс мезгілі (желтоқсан, қаңтар, ақпан) атауларын 1442 бала білген, 1265 бала қыс мезгілінің кейбір атауларын ажыратқан, ал 755 бала атай алмағаны айқындалды (6-кесте).

2024 жылдың қазан айы мен желтоқсан айы аралығында бақылау нәтижелеріне сәйкес балалар қарапайым сөздерден күрделі сөздерді айтуды үйренген және білуге талпынған балалардың саны 674 балаға артқаны, атай алмайтын балалардың саны 659 балаға азайғаны байқалды.

5-кесте

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Ересек топ (қазан)	615	1584	1115
	18,6%	47,7%	33,7%
Ересек топ (желтоқсан)	1421	1150	782
	42,38%	34,30%	21,25%

6-кесте

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Мектепалды топ (қазан)	768	1500	1412
	20,9%	40,8%	38,4
Мектепалды топ (желтоқсан)	1442	1265	755
	43%	36,5%	21,5%



Ересек тобының (4 жас) Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** құрастыруда құрылыс бөлшегінің (текше) атауын педагогпен бірге айту көрсеткіші бойынша 1200 бала атаған, 1622 бала атауға талпынған, 492 бала атауға әрекеттенбеген;
- **желтоқсан айында** қазақ халқының ұлттық би қимылдарын педагогпен бірге орындау көрсеткіші бойынша 1867 бала педагогпен бірге би қимылдарын орындаған, 1117 бала қызығушылық танытып орындауға талпынған, 369 бала орындамағаны байқалды.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес қазақ тілін үйрену деңгейлері бойынша ересек топ балалары қазан айымен салыстырғанда желтоқсан айында жоғары деңгейлі балалар саны 667 балаға артқанын, ал төмен деңгейдегі бала саны 123 балаға кемігенін көрсетіп отыр (7-кесте).

Мектепалды тобының (5 жас) Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** зерттеу әрекетінде жиі қолданылатын заттардың (су, құм, тас, бояу) қазақ тілінде атауларын педагогтің көмегімен айту көрсеткіші бойынша 1514 бала атай алса, 1766 бала айтуға талпынған, 400 бала айта алмағаны байқалды.
- **желтоқсан айында** қазақ халқының музыкалық аспаптарын педагогтің көмегімен атау көрсеткіші бойынша 1977 бала педагогтің көмегімен атаған, 1185 бала педагогтің көмегімен атауға талпынған, 300 баланың атауларды ажырата алмағаны байқалды (8-кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес мектепалды топ балалары қазақ тілін үйрену деңгейлері бойынша қазан айымен салыстырғанда желтоқсан айында жоғары деңгейлі балалар саны 463 балаға көбейген, керсінше төмен деңгейдегі балалар саны 163 балаға азайған.

7-кесте

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Ересек топ (қазан)	1200	1622	492
	36,2	48,9	14,8
Ересек топ (желтоқсан)	1867	1117	369
	55,6	33,3	11

8-кесте

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Мектепалды топ (қазан)	1514	1766	400
	41,3	47,9	10,8
Мектепалды топ (желтоқсан)	1977	1185	300
	57,1	34,2	8,6



Ересек тобының (4 жас) Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** қазақ тіліндегі Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! сөздерінің мағынасын түсіну көрсеткіші бойынша 880 бала сәлемдесіп қоштаса алған, 1298 бала сәлемдесуге және қоштасуға талпынған, 1136 бала Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! сөздерінің мағынасын түсінбей, сәлемдеспейтіні және қоштаспайтыны байқалды;
- **желтоқсан айында** қазақ тілінде туыстық қатынасты («әке», «ана», «ата», «әже») білдіретін сөздердің атауларын білу көрсеткіші бойынша 1381 сөздерді білген, ал 1073 бала кейбір сөздерді білген, 899 бала сөздерді ажырата алмаған (9-кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес қазақ тілін үйрену деңгейлері бойынша балалары қазан айымен желтоқсан айын салыстырғанда ересек топ балаларының көрсеткіші 500 балаға артқан болса, керсінше сөздердің

мағынасын түсінбейтін балардың саны 237-ге азайған.

Мектепалды тобының (5 жас) Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** қазақ тілінде сыпайы сөздерді (сіз, кешір, өтінем) білу көрсеткіші бойынша 873 бала білген, 1713 бала кейбір сөздерді ғана білген, ал 1094 бала қазақ тілінде сыпайы сөздерді ажырата алмаған.
- **желтоқсан айында** қазақ тілінде өзі және өзінің отбасы туралы айту көрсеткіші бойынша 1679 бала өзі және отбасы туралы айта алған, 1078 бала айтуға талпынған, ал 705 бала өзі және өзінің отбасы туралы айта алмағаны байқалды (10-кесте).

Қазан айы мен желтоқсан айы аралығында бақылау нәтижелеріне сәйкес қарапайым қазақ тіліндегі сыпайы сөздерді білетін және өзі және отбасы туралы айта алатын балалардың саны 806-ға көбейгені, керсінше айта алмайтын балалардың саны 389 балаға азайғаны байқалды.

9-кесте

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Ересек топ (қазан)	880	1298	1136
	26,5%	39,2%	34,3%
Ересек топ (желтоқсан)	1381	1073	899
	41,2%	32,0%	26,8%

10-кесте

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Мектепалды тобы (қазан)	873	1713	1094
	23,7%	46,6%	29,7%



Мектепалды тобы (желтоқсан)	1679	1078	705
	48,5%	31,1%	20,4%

«Тілге бойлау» пилоттық жобасына қатысушы мектепке дейінгі ұйымдардың 2024 жылғы қыркүйек айы мен 2025 жылғы мамыр айында жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша көрсеткіштерге салыстырмалы талдау нәтижесінен келесідей жетістіктерді байқауға болады. Салыстырмалы талдау барысында 2024 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 2025 жылдың мамыр айында балаларда тілді меңгеру дағдыларының өсу көрсеткіштері басым екендігі байқалды.

Ересек тобының (4 жас) Физикалық қасиеттерді дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** іс-қимылды білдіретін сөздерді (апар, бер, ал, әкел) түсіну және орындау көрсеткіші бойынша 925 бала түсініп орындаған, 1395 кейбір іс-қимылдарды ғана орындаған, ал 994 бала мүлде түсінбегені және орындамағаны айқындалды;
- **мамыр айында** айында іс-қимылды білдіретін сөздерді түрлі әрекеттерде 1638 бала өзбетінше қолданған, 1353 бала кейбір сөздерді ғана қолданған, 345 бала мүлде қолданбаған.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес ересек топ балалары іс-қимылды білдіретін

сөздерді қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында өз бетінше қолданған балалардың саны 713 балаға көбейгенін, мүлде қолданбаған балалардың саны 649 балаға азайғанын байқауға болады.

Мектепалды тобының (5 жас) Физикалық қасиеттерді дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** іс-қимылды білдіретін сөздерді (апар, бер, ал, әкел) түсіну және орындау көрсеткіші бойынша 925 бала түсініп орындаған, 1395 кейбір іс-қимылдарды ғана орындаған, ал 994 бала мүлде түсінбегені және орындамағаны айқындалды;
- **мамыр айында** қимылды ойындардың ережелеріне сәйкес әрекеттерді 2480 бала орындаған, 1029 бала орындауға талпынған, 239 бала мүлде орындамаған (11-кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес іс-қимылды білдіретін сөздерді түсініп орындаған мектепалды топ балаларының саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында саны 1555 балаға көбейгенін, түсінбеген, орындамаған балалардың саны 755 балаға азайғанын байқауға болады.

11 -кесте

Физикалық қасиеттерді дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Ересек топ (қыркүйек)	925	1395	994
	27,9%	42,1%	30,0%
Ересек топ (мамыр)	1638	1353	345
	49,10%	40,55%	10,34 %



2-кесте

Физикалық қасиеттерді дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Мектепалды тобы (қыркүйек)	1187	1525	968
	32,3%	41,4%	26,3%
Мектепалды тобы (мамыр)	2480	1029	239
	66%	27,45%	6,37%

Ересек тобының (4 жас) Коммуникативтік дағдыларды дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** педагогтің айтқан сөзін қайталап айту көрсеткіші бойынша 1235 бала қайталап айтқан, 1422 бала кейбір сөздерді ғана қайталаған, ал 657 бала қайталап айтуға талпынбаған;
- **мамыр айында** қарапайым сұрақтарға жауап берген балалардың саны 1432 болған, 1404 бала ішінара жауап берген, 500 бала мүлде жауап бере алмаған.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес қарапайым сұрақтарға жауап берген ересек топ балаларының саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында саны 197 балаға көбейгенін, жауап бермеген балалардың саны 157 балаға азайғанын байқауға болады.

Мектепалды тобының (5 жас) Коммуникативтік дағдыларды дамыту критерийі бойынша;

- **қыркүйек айында** қазақ тілінде қойылған сұрақтарды тыңдау көрсеткіші бойынша 1300 бала бар зейінімен тыңдаған, 1874 бала кейбір сұрақтарды немесе ішінара тыңдаған, ал 506 бала мүлде назар аударып тыңдамағаны байқалды;
- **мамыр айында** сюжеттік суреттер бойынша 1969 бала шағын әңгіме құрастырған, 1397 бала құрастыруға талпынған, 382 бала мүлде құрастыра алмаған.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес сюжеттік суреттер бойынша шағын әңгіме құрастырған балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында саны 669 балаға көбейгенін, мүлде шағын әңгіме құрастыра алмаған балалардың саны 124 балаға азайғанын байқауға болады (12-кесте).

12-кесте

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Ересек топ (қыркүйек)	1235	1422	657
	37,27%	43%	20%
Ересек топ (мамыр)	1432	1404	500
	43 %	42,08%	15%



Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Мектепалды топ (қыркүйек)	1300	1874	506
	35,32 %	51%	14 %
Мектепалды топ (мамыр)	1969	1397	382
	52,53%	37,27%	10%

Ересек тобының (4 жас)Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту критерийі бойынша:

- **қыркүйек айында** геометриялық фигураның (дөңгелек) қазақ тіліндегі атауын білу көрсеткіші бойынша 615 бала білетіні байқалса, 1584 көрсетеді бірақ атауын білмейді, ал 1115 бала көрсетпеген және атауын білмеген;
- **мамыр айында** 1628 бала геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттеп және айтып береді, зерттейді және айтып беруге талпынады 1290 бала, 418 бала зерттейді, әңгімелеп бере алмаған.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес геометриялық фигуралардың атауын айтып бере алатын балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында саны 1013 балаға көбейгенін, мүлде шағын әңгіме құрастыра алмаған балалардың саны 697 балаға азайғанын байқауға болады.

Мектепалды тобының (5 жас) Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту критерийі бойынша:

- **қыркүйек айында** сөздік минимумда берілген кеңістікті бағдарлау сөздерін педагогпен бірге 768 бала қайталап айтқан, ал педагогпен бірге қайталап айтуға 1500 бала талпынған, 1412 бала сөздерді қайталап айта алмаған;
- **мамыр айында** кеңістікті бағдарлауға қатысты сөздерге сәйкес (оң, сол, жоғары, төмен, үстінде, астында, қасында, артында, жанында, ортасында) әрекеттерді 2230 бала орындаған, 1214 бала кейбіреуін орындаған, 294 бала орындамаған (13- кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес кеңістікті бағдарлауға қатысты сөздерге сәйкес әрекеттерді орындаған балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында саны 1462 балаға көбейгенін, мүлде кеңістікті бағдарлауға қатысты сөздерге сәйкес әрекеттерді орындай алмаған балалардың саны 1118-ге азайғанын байқауға болады.

13-кесте

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Ересек топ (қыркүйек)	615	1584	1115
	18,6%	47,7%	33,7%
Ересек топ (мамыр)	1628	1290	418
	49%	38,66%	12,52%



Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Мектепалды топ (қыркүйек)	768	1500	1412
	20,9%	40,8%	38,4
Мектепалды топ (мамыр)	2230	1214	294
	59,49%	33%	7,84%

Ересек тобының (4 жас) Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту критерийі бойынша;

- қыркүйек айында құрастыруда құрылыс бөлшегінің (текше) атауын педагогпен бірге айту көрсеткіші бойынша 1200 бала атаған, 1622 бала атауға талпынған, 492 бала атауға әрекеттенбеген;
- мамыр айында салған суреттері, мүсіндеген бұйымдары туралы 1554 бала айта алған, 1331 бала ішінара айтқан, 451 бала айтуға талпынбаған.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес салған суреттері, мүсіндеген бұйымдары туралы айта алған балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында 354 балаға көбейгенін, мүлде айта алмаған балалардың саны 41-ге азайғанын байқауға болады.

Мектепалды тобының (5 жас) Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту критерийі бойынша;

- қыркүйек айында зерттеу әрекетінде жиі қолданылатын заттардың (су, құм, тас, бояу) қазақ тілінде атауларын педагогтің көмегімен айту көрсеткіші бойынша 1514 бала атай алса, 1766 бала айтуға талпынған, 400 бала айта алмағаны байқалды.
- мамыр айында өзі зерттеген заттарды 2047 бала сипаттаған, 1293 бала ішінара сипаттаған, 408 бала сипаттай алмаған (14- кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес өзі зерттеген заттарды сипаттай алған балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында 533 балаға көбейгенін, мүлде айта алмаған балалардың саны 8-ге азайғанын байқауға болады.

14-кесте

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Ересек топ (қыркүйек)	1200	1622	492
	36,2	48,9	14,8
Ересек топ (мамыр)	1554	1331	451
	46,58%	39, 89%	13,51%

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Жоғары	Орташа	Төмен
Мектепалды топ (қыркүйек)	1514	1766	400
	41,3%	47,9%	10,8%



Мектепалды топ (мамыр)	2047	1293	408
	54,61%	34,49 %	10 %

Ересек тобының (4 жас) Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру критерийі бойынша;

- қыркүйек айында қазақ тіліндегі Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! сөздерінің мағынасын түсіну көрсеткіші бойынша 880 бала сәлемдесіп қоштаса алған, 1298 бала сәлемдесуге және қоштасуға талпынған, 1136 бала Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! сөздерінің мағынасын түсінбей, сәлемдеспейтіні және қоштаспайтыны байқалды;
- мамыр айында 1588 бала ата-анасының мамандықтары туралы әңгімелей алады, 1353 бала әңгімелеуге талпынады, 395 бала әңгімелей алмайды.

Бақылау нәтижелеріне сәйкес ата-анасының мамандықтары туралы әңгімелей алатын балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында 708 балаға көбейгенін, мүлде әңгімелей алмаған балалардың саны 741 азайғанын байқауға болады.

Мектепалды тобының (5 жас) Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру;

- қазан айында қазақ тілінде сыпайы сөздерді (сіз, кешір, өтінем) білу көрсеткіші бойынша 873 бала білген, 1713 бала кейбір сөздерді ғана білген, ал 1094 бала қазақ тілінде сыпайы сөздерді ажырата алмағаны байқалды
- мамыр айында айналасында болып жатқан жағдайларға өзінің пікірін 2176 бала білдіре алады, 1255 бала пікірін білдіруге талпынады, 317 бала пікірін білдіре алмайтыны байқалды (15- кесте).

Бақылау нәтижелеріне сәйкес айналасында болып жатқан жағдайларға өзінің пікірін білдіре алатын балалардың саны қыркүйек айымен салыстырғанда мамыр айында 1303 балаға көбейгенін, мүлде әңгімелей алмаған балалардың саны 777 азайғанын байқауға болады.

15-кесте

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Ересек топ (қыркүйек)	880	1298	1136
	26,5%	39,2%	34,3%
Ересек топ (мамыр)	1588	1353	395
	47,60%	40,55%	11,84%



Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	жоғары деңгейі	орташа деңгейі	төмен деңгейі
Мектепалды тобы (қыркүйек)	873	1713	1094
	23,7%	46,6%	29,7%
Мектепалды тобы (мамыр)	2176	1255	317
	58 %	33, 48%	8,45%

2024 жылдың қыркүйек айында ересек топтың балалары педагогтің айтқан сөзін тыңдап, педагогпен бірге қайталап айтуды үйренсе, мектепалды топ балалары қарапайым сөз тіркестерін (2-3 сөз) педагогпен бірге қайталаған, 2025 жылдың мамыр айында ересек топ балалары күнделікті жиі қолданылатын сөздерді ажыратып, түрлі іс-әрекеттерде айта білген, мектепалды топ балалары сурет мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыра білген. Тыңдылымға қарағанда айтылым көрсеткішінің өсу деңгейі байқалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйретуге арналған «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру сәтті нәтижеге жетті.

Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда, ана тілі қазақ тілі болып табылмайтын балабақшаларда, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуге жағдай жасалды, тілдік орта құрылды, тәрбиеленушілер қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын меңгерді.

Пилоттық жобаға қатысушы мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарды тарта отырып қазақ тілін үйретуді ықпалдастықта ұйымдастырды. Осыған сәйкес өзге этнос өкілдерінің балалары мен ата-аналары қазақ тілін бірге үйрену арқылы тілдік ортаны жүзеге асырды.

Тілмен бірге бала қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін білді, осылайша «Тілге бойлау» бағдарламасы кішкентай азаматтарымызда қазақстандық бірегейлікті қалыптастырды.

2025-2026 оқу жылынан бастап оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасы жаппай іске асырылды.



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ТІЛДІҢ КЕШ ШЫҒУ ДИАГНОСТИКАСЫ, СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУДІ ҚОЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, п.ғ.д.

Исаева Жибек Кайруллиновна

Балаларды ерте дамыту институтының
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., доцент,

Атызова Асель Жаркымбаевна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, ғылыми қызметкер

Аңдатпа. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі олардың коммуникативтік дағдыларына, когнитивтік дамуына және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін өзекті проблема болып табылады.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі, мектепке дейінгі жас, сөйлеуге диагностика жүргізу, сөйлеу бұзылыстарының себептері, логопедиялық түзету, сөйлеуді дамыту, сөйлеуді қолдау, коммуникативтік дағдылар, әлеуметтік бейімделу, түзету әдістері.

Аталған жұмыста неврологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторларды қоса алғанда, сөйлеудің кешеуілдеуінің негізгі себептері қарастырылады. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларды уақтылы анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық әдістерге ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, логопедиялық түзету, ойын технологиялары, ата-аналармен жұмыс және оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану тәрізді сөйлеуді дамытуды қолдаудың заманауи және тиімді әдістеріне талдау жасалады.

Сөйлеуді дамыту баланың жалпы дамуының және оның сәтті әлеуметте-

нуінің маңызды құрамдас бөлігі [1-2]. Мектепке дейінгі жаста одан әрі оқыту және қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті негізгі коммуникативтік дағдылар қалыптасадy. Алайда, соңғы жылдары сөйлеуінің кешеуілдеуі бар балаларды қоса алғанда түрлі ауытқулары бар балалар санының артуы байқалды.

Бұл құбылыс үлкен проблемаға айналуға, өйткені ол баланың зияткерлік, эмоционалды және тұлғасының дамуына әсер етуі мүмкін.

Сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі – баланың жас ерекшеліктері нормаларына сәйкес сөйлеу дағдыларын



игере алмауы. Бұл проблеманы тудырған себептерге байланысты сөйлеудің дамуы кешеуілдеуінің бірнеше түрлері бар: биологиялық (неврологиялық, генетикалық, анатомиялық ерекшеліктер), психологиялық (ортаның әсері, педагогикалық немқұрайлылық, эмоционалдық жарақаттар) және әлеуметтік факторларға байланысты (отбасында сөйлеу өзара қарым-қатынастың болмауы, көп тілді орта және т.б.).

Уақтылы диагностика жүргізу және түзету әдістерін дұрыс таңдау сөйлеудің кешеуілдеуін сәтті еңсеруде негізгі рөл атқарады. Логопедиялық жұмыс, ата-аналармен өзара қарым-қатынас, жайлы жағдайлар жасау маңызды.

Аталған тақырыптың өзектілігі сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар санының артуына, диагностика мен түзетуге кешенді тәсілдің қажеттілігіне, сондай-ақ көмек көрсетудің тиімді әдістерін іздестірудің маңыздылығына байланысты. Бұл мәселені зерделеу сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі бар балаларды қолдаудың неғұрлым тиімді әдістерін анықтауға мүмкіндік береді және олардың білім беру ортасына сәтті бейімделуіне ықпал етеді [3-4].

Сөйлеуді қолдаудың тиімді әдістерін әзірлеу сөйлеу дағдыларын қалыптастыру процесін жеделдетуге және баланың мектепке дайындық деңгейі мен одан әрі әлеуметтік бейімделуін арттыруға мүмкіндік береді. Сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі – баланың жас ерекшеліктері нормаларына сәйкес сөйлеу дағдыларын игере алмауы [5]. Бұл жағдай сөйлеудің дамуының жеңіл баяулауынан кешенді түзетуді қажет ететін сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстарына дейін болуы мүмкін. Сөйлеудің кешеуілдеуінің бірнеше түрлері бар: сөйлеудің функционалды кешеуілдеуі, органикалық зақымданулар салдарынан сөйлеудің кешеуілдеуі, психоэмоционалды бұзылы-

старда сөйлеудің кешеуілдеуі, көп тілді ортада сөйлеудің кешеуілдеуі.

Сөйлеудің функционалды кешеуілдеуі – педагогикалық тұрғыдан көңіл бөлмеу, тәрбиенің ерекшеліктері немесе қоршаған ортаның әсері тәрізді уақытша факторларға байланысты. Жайлы жағдайлар жасалған кезде сөйлеудің дамуы қалыпқа келеді. Органикалық зақымданулар салдарынан сөйлеудің кешеуілдеуі – баланың неврологиялық немесе физиологиялық ерекшеліктерімен байланысты, мысалы, перинатальды энцефалопатия, мидың немесе есту қабілетінің бұзылуы. Психоэмоционалды бұзылыстарда сөйлеудің кешеуілдеуі – аутизм, психикалық дамудың тежелуі және сөйлеу белсенділігінің жетіспеушілігімен қатар жүретін басқа да ауытқулары бар балаларда кездеседі.

Көп тілді ортада сөйлеудің кешеуілдеуі – екі тілде сөйлейтін ортада өскен балаларда байқалады. Екі тілді бірден меңгеру қажеттілігіне байланысты бала сөйлеуінің дамуы уақытша артта қалуы мүмкін. Сөйлеудің кешеуілдеуінің себептерін ерте анықтау түзетудің оңтайлы әдістерін таңдауға және баланың табысты дамуына ықпал етеді.

Сөйлеудің кешеуілдеуіне ықпал ететін негізгі факторларды бірнеше топқа бөлуге болады:

1) биологиялық (неврологиялық және физиологиялық) факторлар:

- орталық жүйке жүйесінің перинаталдық зақымдануы (гипоксия, туғандағы жарақаттар, жүктілік кезіндегі ананың инфекциялық аурулары);
- тұқым қуалауға бейімділік;
- есту қабілетінің бұзылуы, сөйлеу аппараты құрылымындағы ауытқулар;

- мидың дамуына әсер ететін дәрумендер мен микроэлементтердің жетіспеушілігі;

2) психологиялық-педагогикалық факторлар:

- отбасында сөйлеу қарым-қатынасының жеткіліксіздігі;
- шамадан тыс қамқорлық және өзбетінше сөйлеу белсенділігін шектеу;
- психоэмоционалды жарақаттар, күйзеліс, жайсыз отбасылық жағдай
- гаджеттерді шамадан пайдалану және белсенді сөйлеуге қатыспай ақпаратты пассивті қабылдау;

3) әлеуметтік факторлар:

- құрдастарымен қарым-қатынастың жеткіліксіздігі;
- тәрбиенің жағымсыз әдістері, сөйлеуге ынталандырудың жеткіліксіздігі немесе артық болуы;
- бала түрлі тілдік модельдермен ұшырасатын екі тілді орта.

Барлық мүмкін факторларды ескеру кешенді диагностиканы жүргізуге және сөйлеуді қолдаудың неғұрлым тиімді әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Сөйлеудің кешеуілдеуіне диагностика жүргізу әдістері. Сөйлеудің кешеуілдеуіне диагностика жүргізу бірнеше кезеңдерді қамтиды:

1) баланың сөйлеу дағдыларын бағалау – сөздік қорды, тілдің грамматикалық құрылымын, байланыстырып сөйлеуді, фонематикалық есту мен артикуляцияны талдау;

2) психологиялық-логопедиялық тексеру – жалпы және сөйлеудің даму деңгейін, когнитивтік қабілеттерді анықтау;


3) медициналық тексеру – органикалық патологияларды анықтау үшін неврологтың, отоларинголог пен психиатрдың қарауы;

4) тесттер мен әдістемелерді қолдану – сөйлеуді арнайы тексеру, сөйлеуді түсінуге арналған тесттер, артикуляциялық жаттығулар, дыбыстарды айтуын талдау. Диагностика неғұрлым ерте жүргізілсе, кейінгі түзету жұмысы соғұрлым тиімді болады. Диагностикалау жұмыстары Көкшетау, Қарағанды, Павлодар, Астана, Ақтөбе қалаларындағы эксперименттік жүргізу бағдарламасының негізінде анықтау эксперимент нәтижесі төмендегідей болды.

Эксперимент алаңының жұмысы барысында зерттеуші топ педагогикалық дидактиканың келесі маңызды сұрақтарына жауап іздеді: «нені үйрету керек?» (сөйлеуді дамытуда оқу мазмұны – балалардың жас ерекшелігіне сай сөздік минимумдар, клишелер (сөз тіркестері, фразалар, сөздік шаблондар)), «қалай оқыту керек?» (оқытудың әдістері, құралдары, ережелері мен ұйымдастырушылық формалары), «неге оқыту керек?» (мектепке дейінгі мекеменің оқу мақсатына сай), «кімді оқыту керек?» және «кім үйретеді?» (оқыту субъектілеріне қойылатын талаптар жүйесі), «тілді қайда оқыту керек?» (серуенде, ойын кезінде, мәдени-демалыс шараларында және т.б.) және «қашан оқу керек?» (балаларға ұйымдастырылатын әрекет түрін таңдағанына байланысты: күні бойы немесе уақыт ұзақтығы - шектеусіз).



Сурет 1. Балалардың сөйлеу дағдыларының қалыптасуының жас ерекшелігі бойынша салыстырмалы көрсеткіші



Жоғарыдағы суреттен мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің төменгі деңгейінің 10-15% пайыз екендігін, ал орташа деңгейінің 38-33% пайыз көрсеткіш екенін байқадық. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуді дамытуды қолдаудың тиімді әдістері және сөйлеудің кешеуілдеуін түзетуде логопедиялық жұмысты, отбасының, тәрбиешілер мен мамандардың қатысуын қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

Сенсорлық және сөйлеуді дамыту арасындағы байланыс көптеген зерттеулермен дәлелденген. Бимен және йогамен, спорттық жаттығулармен айналысу, доппен ойындар арқылы қимылдарды үйлестіруді дамыту, қимылды ойындар, нейропсихологиялық жаттығулар әдісін қолдану пайдалы болып келеді. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі – баланың одан әрі когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына айтарлықтай ықпал ететін өзекті мәселе. Қазіргі кезде сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар санының артуы байқалуда, бұл сөйлеудің кешеуілдеуіне диагностика

жүргізу, түзету және алдын алу мәселелеріне мұқият қарауды талап етеді.

Зерттеу сөйлеудің кешеуілдеуі түрлі: биологиялық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік себептерге байланысты болуы мүмкін екенін көрсетті. Жайлы жағдайлар жасалған кезде сөйлеу өздігінен қалпына келуі мүмкін, бірақ көптеген жағдайларда мамандар мен отбасы тарапынан кешенді қолдау қажет [8].

Диагностика әдістерін талдау сөйлеуді дамытудың кешеуілдеуін анықтаудың негізгі кезеңдерін айқындауға мүмкіндік берді, олардың ішінде:

- 1) бала сөйлеуінің даму деңгейін бағалау, сөздік қордағы, тілдің грамматикалық құрылымындағы, фонематикалық есту және дыбыстарды айтудағы ауытқуларды анықтау;
- 2) органикалық бұзылыстарды анықтау үшін кешенді медициналық тексеру;
- 3) баланың когнитивтік және сөйлеу қабілетін талдауға бағытталған арнайы тестілеу әдістерін қолдану. Жұ-

мыс барысында сөйлеуді дамытуды қолдаудың негізгі әдістері қарастырылды.

Тиімді әдістердің ішінде: логопедиялық түзету, ойын әдістері, ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді тарту, заманауи технологияларды қолдану және сенсомоторлық дағдыларды дамытуды бөліп көрсетуге болады. Осы бағыттардың барлығын қамтитын кешенді тәсіл неғұрлым жылдам және тұрақты нәтижелерге қол жеткізеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі – бұл әр балаға жеке тәсілді талап ететін күрделі көп факторлы құбылыс. Диагностика неғұрлым ерте жүргізіліп, түзету жұмыстары басталса, сөйлеудің кешеуілдеуін сәтті еңсеру ықтималдығы соғұрлым жоғары болады.

Логопедиялық жұмыс түзетудің негізгі әдісі болып табылады, бірақ оның тиімділігі ата-аналар мен педагогтердің қатысуымен артады. Ойын технологиялары, заманауи цифрлық ресурстар және сенсомоторлық даму сөйлеуді қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Сөйлеуді қолдаудың негізгі әдістері: логопедиялық түзету, сөйлеуді дамыту процесіне ата-аналарды тарту, инновациялық технологиялар мен цифрлық ресурстар, сенсорлық даму және физикалық белсенділік. Логопедиялық түзету, логопедпен жұмыс артикуляциялық аппаратты дамытуға, фонематикалық естуді жақсартуға, тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруға және байланыстырып сөйлеуді дамытуға бағытталған.

Негізгі әдістер: артикуляциялық жаттығулар, логопедиялық массаж, тыныс алу жаттығулары, сөйлеуге ынталандыратын ойын әдістері, түзету бағдарламалары (мысалы, Зайцев әдістемесі, Дымованың жүйесі және т.б.).

Сөйлеуді дамытудағы ойын әдістері. Ойын - мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті болып табылады, сондықтан сөйлеуге арналған ойындарды енгізу сөйлеуді дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Тиімді әдістер: сөйлеуді дамытуға ықпал ететін үстел үсті және сюжетті-рөлдік ойындар («Дүкен», «Аурухана», «Отбасы» және т.б.), ұсақ моториканы дамытатын ойындар (құммен ойнау, мүсіндеу, сурет салу) мидың сөйлеу аймақтарының жұмысын жақсартуға көмектеседі.

Ата-аналарды сөйлеуді дамыту процесіне тарту. Ата-аналар баланың сөйлеуін қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Ата-аналарға арналған ұсынымдар: баламен жиі сөйлесу, тұрмыстық жағдайларды айту, ертегілер оқып беру, оқығанын талқылау, сұрақтар қою, мультфильмдерді көру уақытын шектеу және оны белсенді сөйлеумен алмастыру, әңгімелерді, оқиғаларды айтып беруге ынталандыру.

Инновациялық технологиялар және цифрлық ресурстар. Заманауи технологиялар дұрыс қолданылған кезде сөйлеуді дамытуда көмекші бола алады. Үлгілер: логопедиялық мобильді қосымшалар, тапсырмалары бар аудио ертегілер, сөздік қорды және фонематикалық естуді дамытатын интерактивті оқыту ойындары. Сенсорлық даму мен физикалық белсенділік.

Сөйлеуді дамыту бойынша жүйелі жұмыс коммуникативті дағдыларды жақсартуға ғана емес, сонымен бірге баланың жалпы сәтті әлеуметтенуіне де ықпал етеді. Осылайша, бұл зерттеу сөйлеу кідірістерін ерте анықтау және түзетудің тиімді әдістерін енгізу қажеттілігін көрсетеді. Ата-аналардың, тәрбиешілердің, логопедтердің және басқа мамандардың балаға қажетті қолдауды қамтамасыз ете отырып, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі маңызды.

Сөйлеуді дамыту бойынша жүйелі жұ-



мыс тек коммуникативтік дағдыларды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар баланың сәтті әлеуметтенуіне ықпал етеді. Осылайша, зерттеу жұмысы сөйлеудің кешеуілдеуін ерте анықтау және түзетудің тиімді әдістерін енгізу қажеттілігін көрсетеді. Балаға қажетті қолдауды қамтамасыз ете отырып, ата-аналар, тәрбиешілер, логопедтер мен басқа мамандардың тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуі маңызды. Бұл тақырыпты одан әрі зерделеудің келешегі балалардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген түзетудің жаңа әдістерін әзірлеумен, сондай-ақ заманауи цифрлық технологиялардың сөйлеуді дамытуға ықпалын зерделеумен байланысты.

Инновациялық тәсілдерді енгізу және мамандардың кешенді өзара әрекеті

мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарының деңгейін төмендетуге және оларды мектепте табысты оқуға дайындауға және қоғамда әлеуметтенуге септігін тигізеді.

Зерттеу сөйлеуінің дамуы кешеуілдеуі бар балаларға көмектесудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтауға бағытталған, бұл олардың білім беру ортасына сәтті енуіне және үйлесімді дамуына ықпал етеді. Зерттеу 2023-2025 жылдарға арналған AP19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру жобасы негізінде орындалды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (жүгіну күні: 01.03.2025)
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137> (жүгіну күні: 01.03.2025)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (жүгіну күні: 01.03.2025)
4. Педагог мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚПЗ. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> (жүгіну күні: 01.03.2025)
5. Исаева Ж.К., Жиенбаева С.Н., Адамова М.Е. Критерии оценки качества дошкольного воспитания и обучения // Сборник материалов форума «Научные основы модернизации системы образования и науки». – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2023. – С. 165-171. – https://drive.google.com/file/d/1-Z2mPlcSp63l4cZ646ZXc_wEJn6Co2rl/view?usp=sharing (дата обращения: 01.03.2025)
6. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 5 (49). – С.806-810. – https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx_xtCfjZ97lQ79A_rZ40nR/view?usp=share_link (дата обращения: 01.03.2025) SPEECH DELAY IN PRESCHOOLERS: DIAGNOSIS, CAUSES AND METHODS OF

ТІЛГЕ БОЙЛАУ: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Боранбаева Майра Сарсенхановна,

Астана қаласы Әдістемелік орталығының мектепке дейінгі
білім беру бөлімінің әдіскері

Аңдатпа. Мақалада «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша Астана қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілін меңгеру деңгейі, педагогтердің балаларға қазақ тілін меңгертудегі әдіс-тәсілдері талданған.

Түйін сөздер: жобаның тиімділігі, қазақ тілін меңгеру деңгейі, кәсіби шеберлігі, рөлдік ойындар, көрнекілік әдісі, ата-ана мен педагог серіктестігі.

Қазақстан Республикасында 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 15 тамыздағы №211 бұйрығымен «Тілге бойлау» бағдарламасын пилоттық енгізу басталды. Бұл жоба Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Астана қаласында жүзеге асырылды.

Астана қаласында 20 балабақша жобаны жүзеге асырып, іс-қимыл жоспарына сәйкес жүйелі жұмыс жүргізді. Атап айтқанда, жобаға төмендегі балабақшалар қамтылды: №3 «Күншұақ», №6 «Көктем», №8 «Думан», №20 «Арайлым», №23 «Алтын бесік», №30 «Қайнар», №32 «Балдәурен», №34 «Ақ бидай», №35 «Ертегі», №39 «Меруерт», №42 «Бәйшешек», №53 «Мерей», №54 «Нұр-Ай», №59 «Аққанат», №60 «Арай», №74 «Дәурен», №83 «Жансая», №87 «Қадыр», №90 «Еркежан», №94 «Сұңқар».

Жобаның аясында:

- 12 ересек топ (351 бала),
- 21 мектепалды топ (646 бала) қамтылып, жалпы саны 997 тәрбиеленуші тартылды. Оқу жылының соңына қарай (мамыр айында) бұл көрсеткіш 968 бала болды.

Жобаның іске асу барысында 2024–2025 оқу жылында «Тілге бойлау» жобасын іске асыруға 146 педагог жұмылдырылды. Оның ішінде меңгерушілер, әдіскерлер, инновация әдіскерлері, музыка жетекшілері, дене шынықтыру нұсқаушылары және қазақ тілі педагогтері бар.

Жоба аясында жалпы 124 іс-шара өткізілді. Оған:

- **967 бала,**
- **736 ата-ана** қатысты.

Іс-шаралар құрамына қалалық семинарлар, спорттық жарыстар, ертегі желісіндегі сахналық қойылымдар, танымдық ойындар кірді.

Балалардың қазақ тілін меңгеру деңгейінің өсімі анық байқалды:



Кезең	Жоғары	Орташа	Төмен
Бастапқы (997 бала)	14%	59%	26%
Аралық (989 бала)	17%	62%	21%
Қорытынды (968 бала)	61%	28%	11%

Бұл көрсеткіштер жобаның тиімділігін айқын дәлелдейді. Балалардың қазақ тілін меңгеру деңгейі едәуір артты. Мысалы: жыл басында 14% бала ғана жоғары деңгейде меңгерсе, жыл соңында бұл көрсеткіш 61%-ға жетті. Төмен деңгейдегі балалар үлесі 26%-дан 11%-ға дейін азайды. Бұл – тілді меңгерудің табиғи, ойын түрінде жүргізілген әдістерінің нәтижесінде:

- Тілдік орта қалыптасты
- Қазақ тілінде сөйлеуге ынталандыратын күнделікті қарым-қатынас кеңістігі құрылды.
- Орыс тілді топтарда да қазақша сөйлеуге қызығушылық артты.
- Ата-аналар мен педагогтер арасындағы серіктестік нығайды
- Балалардың тілін дамыту мақсатында ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды.
- Қазақ тілін үйренуде отбасылық қолдау да маңызды рөл атқарды.
- Педагогтердің кәсіби шеберлігі артты
- Педагогтер жаңа әдістерді меңгеріп, тіл үйретудің тиімді жолдарын тәжірибе жүзінде қолдана білді.

Балалармен жұмыс істеуде жеке және жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдер енгізілді. Олар:

Ойын арқылы үйрету әдісі

Танымдық, тілдік, қимыл-қозғалыс ойындары арқылы бала тілдік мате-

риалды табиғи түрде қабылдайды. «Қане, қайтала», «Қай суретте?», «Кім жылдам?» сияқты ойындар баланың белсенді сөздік қорын арттырды.

Көркем әдебиет пен ертегіні пайдалану

Қазақ халық ертегілерін сахналау арқылы балалар тіл ғана емес, ұлттық дүниетанымды да меңгере бастады. Кейіпкерлермен диалог құру арқылы сөйлеу дағдысы дамыды.

Музыка мен ән арқылы үйрету

Қазақша әндер, тақпақтар, өлеңдер арқылы сөзді жаттап қана қоймай, мағынасын түсініп айтуға машықтанды. Әнмен айту — есте сақтауды жеңілдетті.

Драмаландыру және рөлдік ойындар

«Ертегі желісімен қойылымдар», «Кішкентай актерлер» секілді жұмыстар сөйлеу мәдениетін қалыптастырды. Баланың өзін еркін сезінуіне және ойды жеткізуге көмектесті.

Көрнекілік әдісі

Суреттер, бейнематериалдар, карточкалар арқылы сөздерді көріп, естіп, қайталап, қолданып үйренді. Визуалды және аудиалды есте сақтау дағдылары нығайды.

Мультфильм арқылы үйрету

Қазақ тіліндегі мультфильмдер арқылы балалар күнделікті тұрмыстық сөздерді оңай меңгерді. Тыңдау, түсіну қабілеті артты.

Күн тәртібіндегі тілдік сәттерді

пайдалану

Тіл үйрену тек ұйымдастырылған іс-әрекетінде емес, таңертең қарсы алу, ас ішу, ойын, серуен, қоштасу сәттерінде де жүзеге асты. Бұл – баланың тілдік дағдыны өмірмен байланыстыра үйренуіне жол ашты.

Челлендж, флешмоб, таңғы жаттығу форматы

Белсенді қимыл мен сөз қатар жүретін әрекеттер балалардың тілге деген қызығушылығын арттырды. «Таңғы челлендж» жобасы ерекше әсер берді.

Әсіресе, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда қазақ тілін меңгерудің айтарлықтай ілгерілеуі байқалды. Тілді ерте меңгертудің табиғи, ойын арқылы жүзеге асуы оң нәтиже берді.

«Тілге бойлау» жобасының басты мақсаты – тілді жаттап емес, түсініп, сезініп, қолдана отырып меңгерту. Бұл тәсіл арқылы бала:

- күнделікті өмірде тілдік дағдыны қалыптастырады;

- сөйлеу, тыңдау, түсіну қабілетін дамытады;
- қазақ тіліне деген қызығушылығы артады.

Жобада ата-ана мен педагог серіктестігіне ерекше мән берілді. Бірлескен жұмыстар арқылы қазақ тілінде сөйлеу ортасы қалыптасты.

«Тілге бойлау» – қазақ тілін мектепке дейінгі жастағы балаларға үйретудің жаңашыл әрі табиғи әдісі. Бұл жоба баланы тілді шынайы түсініп, сезініп меңгеруге баули отырып, мемлекеттік тілді еркін және сенімді қолдануға жетелейді.

Ата-ана, педагог, бала үштігі арасындағы тиімді серіктестік пен ынтымақтастық – осы жобаның басты жетістіктерінің бірі. Сондықтан «Тілге бойлау» жобасын Қазақстанның барлық балабақшаларында енгізу – мемлекеттік тілді меңгертудің ең озық әрі тиімді жолы болмақ.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАН ТІЛГЕ БОЙЛАУ: ТӘЖІРИБЕ МЕН НӘТИЖЕ

Малгаждарова Камшат Женисовна,

Астана қаласы әкімдігінің №56 «Береке» балабақшасының
меңгерушісі

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілге бойлау тәжірибелері мен нәтижелері туралы жазылған.

Түйін сөздер: тіл үйрету, әдіс тәсілдер, тірек сөздер, клише әдісі.

Өзге елде тіл үйрету әдіс тәсілін зерттегенде мынадай тәжірибеге жолықтық. Финляндия елінде үш тіл қолданыста екен. Олар фин тілі, швед тілі және ағылшын тілін қолданады екен. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ағылшын тілін үйреткенде алдымен күнделікті өмірде кездесетін тірек сөздерді үйретумен ғана шектеледі. Ал ол сөздердің жазылуы мен айтылуы туралы ережелерді мектепте жүргенде ғана үйретеді. Яғни мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тіл үйретудің мақсаты сөздік қорын байыту.

Күнделікті үрдістегі пайдаланатын тірек сөздер дегеніміз не? Балабақшада біз күнде таңғы жаттығу жасаймыз, жаттығу жасау кезінде аяқ, қол, бас, оңға, солға сөздерін күнде қайталаймыз. Күнде таңғы ас ішеміз, яғни нан, май, ботқа сөздері күнделікті қайталаынады. Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде қайшы, қағаз, желім сөздерін үйренсе, математика негіздерінде 1-ден 10-ға дейін санауды, кері қарай санауды үйренеді. Ал, қарындаш, қызыл, жасыл, орындық

алып кел, шеңбер жасаймыз сөздерімен күні бойы кездеседі. Үлгілік бағдарламаның негізгі міндетінің бірі сөздік минимум орындалады.

Басты мақсат қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Сонымен қатар қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында КЛИШЕ әдісі үлкен нәтиже береді. Клише дегеніміз не? Клише дегеніміз ол дайын сөйлемдер. Мысалы, ағылшын тілін үйреткенде «My name is Kamshat», «I'm from Astana» деген қысқа да нұсқа дайын сөйлемдерді үйретеді, сол сияқты қазақ тіліндегі клише-дайын сөйлемдерді үйрету арқылы тілге бойлауды іске асыруға болады. Ол:

- Сенің атың кім?
- Менің атым Камшат
- Сен қайда келдің?
- Мен балабақшаға келдім.

Деген клише сөйлемдер арқылы қазақ тілі кеңістігіне бойлауға болады.

- Менде НЕ бар?



1



3



4



- Менде үш картоп бар.

Яғни жеміс жидектердің қазақша атауларын және 1-10 дейінгі сандардың қазақша атауын жатқа білетін бала КЛИШЕ әдісі арқылы сөйлем құрастыруды үйренеді.

Қазақша ертегі тыңдағанда да өзіне таныс сөздерді естігенде бала қуана-

ды, түсіне бастағанын сезінгенде кеудесін мақтаныш сезім кернейді.

Педагогтың басты мақсаты баланың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру, бүгінгі күннің талаптарына сай өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: ДАМУ, СЕРПІН, НӘТИЖЕ

Напбаева Дана Алданазарқызы,

Астана қаласы әкімдігінің №74 «Дәурен» балабақшасының
меңгерушісі

Аңдатпа. Мақалада балалардың тіл үйренуге деген қабілетін ерте жастан қолдап, қазақ тілін қабылдауына мүмкіндік жасау, тәжірибесі мен нәтижесі туралы айтылған.

Түйін сөздер: іс-тәжірибе барысында, орта қалыптастыру, артикуляциялық жаттығулар, қысқа әңгіме, түрлі ойындар, мақал-мәтелдер.

2024–2025 оқу жылында Астана қаласының балабақшаларында жүзеге асырылып жатқан «Тілге бойлау» республикалық пилоттық жобасы — тілдік орта қалыптастыруда тың серпін берген бастама болды. Олай дейтінім - балалардың тіл үйренуге деген табиғи қабілетін ерте жастан қолдап, қазақ тілін эмоционалды-танымдық тұрғыдан қабылдауына мүмкіндік жасау мақсатында әдістермен сіздермен бөліскім келеді.

1. Іс-тәжірибе барысында, өзге тілді мектепалды тобындағы балаларға қазақ тілін меңгертудің тиімді жолдарын іздестіріп, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып оң нәтижелерге қол жеткіздік. Балаларға тілдік орта қалыптастыру бағытында педагогтар «Тілге бойлау» әдіснамасын күнделікті іс-әрекетке табиғи, жеңіл енгізе білді. Балалар шаттық шеңбері, серуен, ойын, шығармашылық сағаттарында қазақ тілінде еркін сөйлеуге дағдыланып келеді.

Жұмысымыздың негізгі бағыттары – қазақ төл дыбыстарын артикуляциялық жаттығулар жасау арқылы және

балаға байланыстырып сөйлеуді меңгерту және есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын дамыту мақсатында қарапайым сөздер мен тіркестерден бастап, біртіндеп күрделі сөйлемдерге көшу әдісін қолдандық. Бұл әдіс балалардың жас ерекшелігі мен тіл меңгерудегі дайындық деңгейіне сай келіп, тіл үйренуді жеңіл әрі қызықты етті. Эйдетика әдісін қарапайымнан күрделіге дейін кезең-кезеңімен қолдандық.

Алдымен суретте көрсетілген затты танып, сипаттап білгенін айтуға үйрету жұмысы, одан кейін бірнеше суреттерді қосып әңгімелеуге бағытталған жұмыс, мысалы, қысқа мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар, түрлі сөз тіркестері. («Кәусар бұлақ» хрестоматиясы). Әдістің соңғы сатысы- ертегі құбылыстарының бейнесін, табиғат құбылыстарының кейбір іс-әрекетінің, қысқа әңгіменің сюжетін айтып беруге бағытталған. Түс пен пішіннен бастап, зат пен сапаны қоса отырып, соңында қозғалыс пен іс-әрекетті бейнелейтін суреттерді қолданамыз. Балалар көрген суреттерді өзара бай-

ланыстырып әңгіме құрастырады. Балалар ұйымдастырылған іс-әрекетіне осы әдісті қолдану барысында асқан қызығушылықпен қатысып отырды.

2. Күнделікті күн тәртібінде серуен кезінде немесе ұйымдастырылған іс-әрекетінен тыс уақытында балалармен марбл тастарын қолдана отырып түрлі ойындар ойнатылады. Марбл тастары түрлі-түсті, қолға ұстағанда, бір-біріне ұрғанда дыбысталуы жағымды болып келеді және балалардың назарын аудартып, сөздерді, түс пен пішінді үйретуді қызықты етеді. Тастарды түстері, мөлшері, пішіні бойынша топтап, атау арқылы балалар жаңа сөздер мен тіркестерді меңгереді, тапсырмаларда марблдармен реттеу, сәйкестендіру арқылы есту мен көру қабілеттері үйлесіп, балалар алған сөздерді ұзағырақ есте сақтайды. Балалар қолдарына ұстап санай отырып санамақтарды жаттайды. Марбл тастарын «Бес тас», «Бестемше» ойнау барасында қолдану балаларға өте қызықты.

3. «Педагог–бала–ата-ана» үштігі – баланың жан-жақты дамуы мен тіл дағдыларын қалыптастыруда үш тараптың бірге атсалысуы. Осы үшеуінің үйлесімді әрекеті балалардың қазақ тілін еркін меңгеруіне, өзіне деген сенімділігінің артуына септігін тигізеді. Біздің ата-аналарымыз да балаларының қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығын көріп олар да қызыға бастады, және балаларын қолдау мақсатында үдерістің белсенді қатысушысына айналды. Олармен бірлесе түрлі этносағаттар, тілдік квесттер, шығармашылық кештер, интеллектуалдық ойындар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Жобаның табысты жүзеге асуына ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу үлкен рөл атқарды. Біз ата-аналарды оқу процесіне белсенді түрде тарту

арқылы тілдік ортаны балабақшада ғана емес, үй жағдайында да жалғастыруға мүмкіндік жасадық. Нақты жұмыс түрлері мыналар: «Балаңызбен қазақша сөйлесіңіз!» членджі – ата-аналарға күнделікті 2–3 қарапайым сөз немесе сөйлем үйретіп, оны баламен қайталауды ұсынып отырдық. Ата-аналармен кері байланыс – WhatsApp топтарында бейнежазбалар, суреттер бөлісу арқылы бала жетістігін бақылап отырдық. Ата-аналарға арналған семинарлар мен кеңестер – «Үйде қазақ тілін қалай қолдау керек?» тақырыбында әдістемелік көмек берілді.

Осы орайда біз ата-аналарға арналған, қазақ тілі педагогінің виртуалды көмекшісі ретінде Чат-бот қолданысқа енгізіп жатырмыз, бірақ әлі толықтырулар бар. Виртуалдық қазақ тілі мұғалімі (чат-бот) ата-аналарға 5–6 жастағы бала үшін күнделікті 2–3 сөздік жаттығуды ұсынады. Сөздерді қазақша аударып жауап береді, Қарапайым тілдік ойындар, мақал-мәтелдер енгізілген. Қазіргі кезеңде Telegram-да шектеулі топта тестілеп, кері байланыс жинап жатырмыз. Функциялары толық жетілдірілмеген, ата-аналардың ұсыныстары негізінде жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Ата-аналарымыз тарапынан қолдау зор болды. Олар жобаның мәнін түсініп, баласының тіл үйренуіне белсене атсалысты. Бұл үштік байланыс арқылы бала өзін еркін сезініп, екі ортада да тілдік қолдануға үйренді.

Қорыта келгенде, «Тілге бойлау» — тек тіл үйрету жобасы емес, бұл — болашақ азаматтың рухани-мәдени іргетасын қалыптастыру тетігі. Біз бұл жобаны жүйелі жалғастыруға, оның әдістемесін жетілдіруге және өз тәжірибемізді өзгелермен бөлісуге дайынбыз.



«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫ – ТІЛ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕСІ

Аханова Ляйля Жакановна

Астана қаласы әкімдігінің №87 «Қадыр» балабақшасының меңгерушісі

Аңдатпа. Мақалада «Тілге бойлау» - мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тілінде сөйлетуге бағытталған жаңашыл әдістеме екендігі, балаға тек тіл үйретумен шектелмей, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, Отан сүйгіштік пен мәдени танымды қалыптастыру бағытындағы жұмыстар туралы жазылған.

Түйін сөздер: қызығушылықты ерте жастан қалыптастыру, күн тәртібі, көрнекі құралдар, дидактикалық ойын, қимылды ойындар, салт-дәстүрлер, мәдениет.

Мемлекеттік тілді ерте жастан меңгерту – ел болашағының кепілі.

Осы бағытта Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бастамасымен қолға алынған республикалық «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда кеңінен қанат жайып, өзінің нәтижесін көрсетті.

Аталған жобаның Астана қаласы әкімдігінің №87 «Қадыр» балабақшасында жүзеге асырылуы – осы бастаманың нақты нәтижесі мен сәтті үлгісі.

«Тілге бойлау» жобасы – мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тілінде сөйлетуге бағытталған жаңашыл әдістеме.

Жобаның басты мақсаты – қазақ тілін тікелей тілдік ортада меңгертуді қамтамасыз ету, баланың бойына ана тіліне деген құрмет пен қызығушылықты ерте жастан қалыптастыру.

Тілдік орта қалыптастыру.

Жобаны сәтті іске асыру үшін балабақшада толыққанды қазақ тілді орта құрылды. Топ бөлмелері мен бала-

бақша ішіндегі ақпараттық кеңістік түгелдей қазақ тіліне бейімделді. Барлық көрнекі құралдар, тақырыптық бұрыштар, ережелер мен ойын элементтері – қазақ тілінде ұсынылып отыр.

Күн тәртібіндегі барлық негізгі сәттер: таңертеңгі қабылдау, жаттығулар, тамақтану, серуендеу, ойын – түгелдей қазақ тілінде жүргізіледі. Тәрбиешілер балалармен күнделікті әрекеттер барысында тек қазақ тілінде сөйлесіп, бала бойында тілге деген табиғи қызығушылық пен қажеттілік қалыптастырып отыр.

Танымдық және шығармашылық іс-шаралар

Жоба аясында тілдік қорды байыту мақсатында түрлі мәдени-танымдық шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай «Тілім – менің тірегім» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл кешке «Ромашка» мектепалды тобы белсене қатысып, ұлттық ойындар мен сахналық қойылымдар арқылы өз өнерлерін көрсетті. Ойындар қатарында «Бәйге», «Тақия тастамақ», «Шаңырақ»,

«Асық» сынды ұлттық қимылды ойындар кеңінен қолданылды.

Сонымен қатар, «Білім қоржыны» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетте ұлттық құндылықтарға негізделген «Қоржынды аш» дидактикалық ойыны ойнатылып, балалар «Ұлттық тағамдар», «Ою-өрнектер», «Сыңарын тап», «Ұлттық аспаптар» сияқты тапсырмаларды орындады.

2024 жылы қазан айында балабақшада «Тіл – мәңгілік ел тірегі» атты қалалық семинар-практикум өтті. Семинарда баланы күнделікті өмірде қазақ тілінде сөйлету жолдары мен ұлттық ойын арқылы тілге бойлату әдістемесі ортаға салынды.

2025 жылы қаңтар айында ата-аналармен бірге «Бес асық» ойынын ұйымдастырылды. Сонымен бірге «Асық ату» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді. «Тіл – ұлттың қазынасы» атты музыкалық іс-шарада балалардың тілдік дағдыларын дамытуда музыкалық көріністер арқылы шығармашылық әдістер қолданылды. Осы іс-шарада «Әжелер мектебі», «Отан – бөбегім» ансамблі және «Елорда халықтық хоры» тәрізді топтар белсене қатысып, балалармен бірге өнер көрсетті. Бұл – ұрпақтар сабақтастығын, тілді дәріптеудің халықтық үлгісін көрсетудің озық мысалы.

Балабақшада «Тілге бойлау» пилоттық жобасының іс-қимыл жоспарына сәйкес «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақырыбында қимылды ойындар сайысы өтті. Сайыстар арқылы балалардың отаншылдық сезімі мен адамгершілік қасиеттері тәрбиеленіп, топтық бірлік нығайтылды.

Сонымен қатар, «Ромашка» тобының балалары Қазақстан Республикасы

Президенттік орталықтың ұйымдастыруымен өткен «Музей и дети» атты мұражай сабағына қатысты. Балалар түрлі тарихи экспонаттармен танысты.

2025 жылғы 27 мамырда өткен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі пилоттық жобалар: теория, практика, нәтижелер» атты республикалық конференцияда орыс тобының тәрбиешісі Попова Анастасия Сергеевна және қазақ тілі педагогі Нуртаева Гүлнұр Абдурашитовна «Әжемнің сандығы» атты ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді. Ұйымдастырылған іс-әрекет мақсаты балаларға қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары туралы түсінік беру, ұлттық ойындарды насихаттау, салт-дәстүрлерге, мәдениетке деген сүйіспеншіліктерін ояту. Ұлттық ойындарды ойнату арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Ұлттық құндылығымызды дәріптей отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, көрме ұйымдастырылып, балалармен жасаған ұлттық бұйымдар, ұлттық ойындар көрсетілді.

Жалпы, №87 «Қадыр» балабақшасындағы іске асқан «Тілге бойлау» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардағы қазақ тілін оқытудың инновациялық үлгісі ретінде өз тиімділігін дәлелдеп отыр. Балалар қазақ тілінде еркін сөйлеуге ұмтылып, тілдік ортада өздерін сенімді сезіне бастады.

«Тілге бойлау» бағдарламасы тек тіл үйретумен шектелмей, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отансүйгіштік пен мәдени танымды қалыптастыру бағытында да зор маңызға ие. Алдағы уақытта осы жобаның тәжірибесі өзге де балабақшаларға кеңінен таралады деген сенім мол.



ТІЛГЕ БОЙЛАУ – ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ БАСТАУЫ

Бакитова Малика Бакитовна

Астана қаласы әкімдігі
№54 «Нұр-ай» балабақшасының
меңгерушісі

Аңдатпа. Мақалада балабақшадағы тіл дамыту жұмыстары туралы жазылған. Сонымен қатар тәжірибелік жұмыс бағыттары, тілге бойлаудың тиімді жолдары көрсетілген. Балаларға қазақ тілін үйретудегі ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлері ұсынылған.

Түйін сөздер: тілге бойлау, сөздік қор, ауыз әдебиеті, ертегілер, мақал-мәтелдер, дидактикалық ойындар.

Тіл – ұлттың жаны, рухани тірегі халықтың жаны, ұлттың айнасы.

Ал тілге баулу, ана тілін сүйеге тәрбиелеу – балабақша қабырғасынан басталуы тиіс маңызды міндеттердің бірі. Себебі мектепке дейінгі кезең – баланың тілдік қабілеті қарқынды дамитын, дүниетанымы қалыптасатын шешуші уақыт.

Тіл арқылы адам дүниені таниды, өз ойын жеткізеді, мәдениетті игереді. Бала дүниеге келген сәттен бастап, тілді есту, көру, сезіну арқылы қабылдай бастайды. Сондықтан мектепке дейінгі кезең – тіл дамытудың ең маңызды және жауапты уақыты.

Балабақша – баланың тұлға болып қалыптасуындағы алғашқы саты. Бұл кезеңде балалардың ой-өрісі, таным қабілеті, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Осы тұрғыдан келгенде, «Тілге бойлау» – тәрбие мен оқытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде ерекше маңызға ие.

Тілге бойлау – ана тіліне деген сүйіспеншілікті ояту

Балабақшадағы тіл дамыту жұмыстары балалардың сөздік қорын молайтып қана қоймай, олардың өз ойын жүйелі жеткізуіне, байланыстырып сөйлеуіне, әдеби тіл нормаларын меңгеруіне ықпал етеді. Ана тілі арқылы бала өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін бойына сіңіреді.

Тілге бойлау дегеніміз – баланы тек сөйлеуге үйрету емес, оны тілдің терең мағынасына үңілдіру, сөз қадірін түсінуге баулу. Бұл жұмыс күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетпен қатар, баланың бос уақытында, ойын сәтінде, күнделікті тұрмыстық қатынастарда да үздіксіз жалғасуы тиіс.

Тәжірибелік жұмыс бағыттары

1. Көркем әдебиет арқылы тілге бойлату:

Балаларға қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін – ертегілер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, санамақтар үйрету арқылы олардың тіл байлығын арттыруға болады. Сонымен қатар заманауи балалар әдебиеті де маңызды рөл атқарады.



2. Шығармашылық тапсырмалар:

Балаларға сурет бойынша әңгіме құрату, ертегіні жалғастыру, «Менің арманым», «Менің отбасым» секілді тақырыптарда әңгіме құрау – тілдік шығармашылығын дамытады.

3. Тілдік ойындар:

Мысалы:

- «Сиқырлы қалта» – түрлі заттарды сипаттау арқылы сөздік қорын арттыру.
- «Не өзгерді?» – байқағыштықты, зейінді дамытумен қатар, тілдік белсенділікті күшейтеді.
- «Сөз ойла, тез ойла!» – дыбыс пен сөзді байланыстыру арқылы жылдам ойлау дағдыларын дамытады.

4. Сахналау, драмалау:

Балалар ертегі кейіпкерлерін ойнау арқылы тілдік жағдаяттарды меңгереді, эмоциялық сөздерді дұрыс қолдануға дағдыланады.

5. Күнделікті тілдік орта:

Баланың сөйлеу тілін дамытуда ересектердің сөйлеу мәдениеті де маңызды. Тәрбиеші мен ата-ананың таза, анық, әдеби тілде сөйлеуі – балаға тікелей әсер етеді.

Ата-анамен бірлескен жұмыс

Балабақша мен ата-ананың тығыз байланысы – тіл дамытудың тиімді жолдарының бірі. Тілге бойлату тек балабақшада ғана емес, үйде де жалғасын табуы тиіс. Ол үшін ата-аналарға:

- Үйде балалармен ертегі оқу;
- Бірге өлең, тақпақ жаттау;

- Бірге суретке қарап әңгімелеу;
- Кітап оқу дәстүрін қалыптастыру ұсынылады.

Балабақшада тілге бойлаудың тиімді жолдары:

- **Ертегілер әлемі арқылы:** Балалар ертегілерді тыңдау, мазмұндау, рөлге ену арқылы тілдік қорын байытады.
- **Сұрақ-жауап әдісі:** Баланың ойлауын дамытып, өз ойын жеткізуге үйретеді.
- **Шығармашылық әңгімелеу:** Балалар сурет бойынша немесе өз қиялынан әңгіме құрау арқылы тілін дамытады.
- **Дидактикалық ойындар:** «Не өзгерді?», «Кім қалай дыбыстайды?», «Сиқырлы қапшық» сияқты ойындар арқылы сөздік қоры артады.

Қорытынды

Тіл – ұлттық болмыстың айнасы. Баланың бойында ана тіліне деген сүйіспеншілік пен құрметті ояту – тәрбиешінің, ата-ананың, барша қоғамның міндеті. Балабақшада тілге бойлату жұмыстары жүйелі, қызықты әрі баланың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылса, оның нәтижесі де мол болады. Ана тілі – әр баланың жүрегіне бала кезінен ұя салуы керек. Сол себепті тілге бойлау – балабақшадағы тәрбие мен оқытудың алтын арқауы. Баланы тілге баулу – оны мәдениетке, ұлттық құндылыққа тәрбиелеу. Тілмен бірге бала өз болмысын, өз ұлтын таниды. Сондықтан тілге бойлау – ұрпаққа жол ашу, келешекке үміт егу.



ТІЛГЕ БОЙЛАУ – ТІЛДІК ДАҒДЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Рахимова Умида Худайбергенқызы

Астана қаласы әкімдігінің №35 «Ертегі» балабақшасының
инновация әдіскері

Аңдатпа. Бұл мақалада №35 «Ертегі» балабақшасында 2024–2025 оқу жылынан бастап іске қосылған «Тілге бойлау» жобасының маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Мақалада тілдің ұлттық болмыс ретіндегі рөлі, балабақшада тілдік тәрбие берудің ерекшеліктері мен тиімді әдіс-тәсілдері қамтылады. Сонымен қатар, баланың сөздік қорын кеңейтуге бағытталған іс-әрекеттер мен ата-аналармен бірлескен жұмыстар ұсынылады.

Түйін сөздер: тілдік орта, тілге бойлау, балабақша, сөйлеу мәдениеті, қазақ тілі, коммуникативтік дағдылар, ата-ана қатысуы, тілдік тәрбие.

Ұлттың ұлт болуы – ең алдымен тілдің тұғырымен өлшенеді. Бұл туралы Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, ұлы ақын **Мағжан Жұмабаев:**

«Ұлттың тілі кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді», – деп тұжырымдаған еді.

Қазіргі қоғамда балалар тілі шұбарланып, шет тілдерінің басымдығы байқалған кезеңде, мемлекеттік тілді сақтау мен дамыту – әрбір білім беру мекемесінің, оның ішінде балабақшаның басты міндетіне айналуы тиіс. Себебі балабақша – тілдік дағдының алғашқы қалыптасу кезеңі.

1. «Тілге бойлау» жобасы – тәжірибелік қадам

2024–2025 оқу жылынан бастап №35 «Ертегі» балабақшасында «Тілге бойлау» жобасы іске қосылды. Бұл – мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдерінің балаларына тілдік орта қалыптастыруға бағытталған пилоттық жоба. Жоба барысында келесі бағыттар қамтылды:

- балалардың қазақ тілінде қарапай-

ым сөз тіркестері мен сөйлемдер құруын қалыптастыру;

- балабақшадағы өткізген әрбір сәттерінде, яғни режимдік сәттерде қазақ тіліндегі сөздерді пайдалану;
- қимыл-әрекетке негізделген ойындар арқылы сөздік қорды кеңейту;
- тақпақ, ән, көркем әдебиет арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту;
- тәрбиеші, бала және ата-ана арасындағы үштік байланыс орнату.

Жоба өз тиімділігін дәлелдеді: ата-аналардың оң пікірі, балалардың тілді меңгеру қарқыны, сабақтарға қызығушылығы бұл жұмыстың қажеттігін айқын көрсетті.

2. Тіл дамыту бағытындағы әдіс-тәсілдер

Баланың тілін дамытуға бағытталған әрекеттер жүйелі, мақсатты және қызықты болуы тиіс. Осы орайда балабақшада келесі іс-шаралар тұрақты түрде іске асырылды:

- **Коммуникативтік ойындар және челлендждер:** «Сөйлемді жалғастыр», «Қай сөз артық?», «Суретке қарап әңгімеле» сияқты ойындар мен «Тәуелсіздік тірегім!», атты челлендж тілдің икемділігін арттырады.
- **Қимылды-музыкалық жаттығулар:** сөз бен қимыл байланысы арқылы сөздерді есте сақтау оңайырақ болады.
- **Эстафеталық-спорттық ойындар:** топтық жұмыс пен белсенділікті қатар дамыта отырып, сөйлеу дағдысын жетілдіреді. «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» ұлттық қимылды ойындар сайысы, «Шынықсаң шымыр боласың» атты іс-шаралар.
- **Психологиялық тренингтер:** сенімділік, еркін сөйлеу, топ алдында өз ойын жеткізу машығын

дамытады.

- **Ата-анамен жұмыс:** тілдік дамыту бойынша үй тапсырмалары (видео түсіру, тақпақ, жаңылтпаш жаттау), бірлескен жобалар, «Мен қазақша сөйлеймін» қазақ тілі педагогі жүргізетін қосымша ақылы қызмет.

Тіл – ұлттың жаны. Балабақшадағы тілдік тәрбие – тек тіл үйрету ғана емес, ол – ұлтты сүюге, мәдениетті бағалауға, өз ойын еркін жеткізе білуге баулу. «Тілге бойлау» жобасы – осы бағыттағы алғашқы әрі сенімді қадам. Жоба нәтижесі – қазақ тілін сүйетін, тілді қолдануға ұмтылатын бүлдіршіндер мен оларға бағыт-бағдар беруге дайын ата-аналар мен тәрбиешілер.

Жоба аясында қалыптасқан оң тәжірибені болашақта кең ауқымда қолдану – тіл саясатының табысты болуына жол ашады.



БАЛАБАҚШАДА ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Косыбаева Толкын Дайырбековна,

Астана қаласы әкімдігінің №32 «Балдәурен»
балабақшасының қазақ тілі педагогі

Алимжанова Светлана Булатовна,

Астана қаласы әкімдігінің №32 «Балдәурен»
балабақшасының тәрбиешісі

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру саласында қазақ тілін меңгертудің маңызы туралы айтылған. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі балалардың тұлғалық, әлеуметтік және когнитивтік дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Қазақ тілін ерте жастан меңгеру – болашақта тілді еркін әрі сауатты қолдануға негіз болатындығы мақалада жазылған.

Түйін сөздер: ерте жастан меңгеру, сөздік қорлары, сөйлеу дағдылары, көрнекілік арқылы, сауатты қолдануға, қимылды ұлттық ойындар, тілдік орта.

Астана қаласы әкімдігінің №32 «Балдәурен» балабақшасында «Тілге бойлау» пилоттық жобасының қазақ тілін меңгертуде қолданылған тиімді әдіс-тәсілдері мен нәтижелері талданды. Балалардың тілдік дағдыларды және дыбыстық мәдениет, сөздік қорлары, байланыстырып сөйлеуі, тыңдап, түсіну дағдылары нақты мысалдармен көрсетілді. Сондай-ақ әдіс-тәсілдердің тиімділігі мен маңыздылығы бойынша нақты ұсыныстар айтылды. Балабақшада тілді тиімді үйренуге деген қызығушылығын оятып, тілдік орта тудыруға жағдай жасалынған.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында қазақ тілін меңгертудің маңызы артып отыр. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі балалардың тұлғалық, әлеуметтік және когнитивтік дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Осы

орайда, балабақшада тілді үйрету жұмыстары жүйелі әрі тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылып келеді. Балалар балабақшада алғашқы тілдік дағдыларды қалыптастырады. Бұл кезеңде: дыбыстық мәдениет, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу, тыңдап түсіну дағдылары дамиды. Қазақ тілін ерте жастан меңгеру – болашақта тілді еркін әрі сауатты қолдануға негіз болады.

«Тілге бойлау» пилоттық жобаның басты мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту, сөздік қорларын, сөйлеу дағдыларын табиғи жолмен дамыту арқылы тілдік орта қалыптастыру. Яғни, балалар тілді тек оқу барысында ғана емес, ойын арқылы, күнделікті қарым-қатынаста, ән айту, өлең оқу, көркем әдеби шығармалар тыңдау арқылы бойларына сіңіреді.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алды. Сондықтан біз қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінде тілді ойын арқылы меңгерту балалардың қызығушылығын оятып, оқу процесін жеңілдетіп келеміз.

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең тиімді әрі табиғи оқу құралы. Тілді ойын арқылы меңгерту балалардың қызығушылығын оятып, оқу процесін жеңілдетеді.

Мысалы: «Кім қалай дыбыстайды?» (Жануарлардың дауыстарын салу)

«Не артық?» (Суреттермен жұмыс), «Түстерді ата» ойыны, «Мобильді теледидар», «Піс, қазаным, піс» ойындары т.б.

Көрнекілік арқылы тіл үйрету – суреттер, бейнематериалдар, үлестірмелі материалдар арқылы сөздерді есте сақтауын қабілетін жетілдіреміз. Мысалы: сиқырлы қаламмен жаңа сөздерді үйрету, тақырыптық суреттермен жұмыс, мультфильмдер мен анимациялар арқылы тыңдау және түсіну.

Педагогтің өткізілетін тілдік жаттығулары балалардың логикалық ойлауын, сөйлеу дағдысын дамытады. Мысалы, сөйлем құрастыру, сұрақ-жауап жаттығулары, ұйқасын табу тапсырмалары.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру – ұлттық нақыштағы ойындар, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар арқылы балалардың тілге

деген сүйіспеншілігін арттырады. Мысалы: «Ою-өрнектермен танысамыз», «Оюды дұрыс тауып, түсін атау», «Көкпар», «Кілемшені өрнектейміз», «Бес тас», «Асық ату» қимылды ұлттық ойындарды ойнатамыз.

Балалардың тілін көркем әдебиет арқылы, ертегі тыңдатып, баяндап, мәнерлеп өлең оқытып, оны сахналап, кейіпкерлер рөлін ойнайды. Бұл олардың тілдік сөздік қорын байытып қана қоймай, логикалық ойлау, сахналық мәдениет, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

«Тілге бойлау» пилоттық жобасы балабақшада өзге ұлт балаларының сапасының артуында біршама мүмкіндіктер берді. Мысалы, тәрбиеленушілердің қазақ тіліне деген қызығушылықтары артты; сөздік қорлары байып, еркін сөйлеу қабілеттері қалыптасты; ойын арқылы тіл меңгеруге деген мотивациялары күшейді, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімдері оянды.

«Тілге бойлау» - баланы қазақ тілін жаттап үйренуге емес, оны түсініп, сезініп, өмірлік ортада қолдануға бағыттайтын бірегей жоба. Аталған бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдарда тілдік ортаны жандандыруға, балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік қабілеттерін үйлесімді дамытуға мүмкіндік берді. Жоба аясында ұйымдастырылған қалалық семинар-практикумдар, ұлттық ойындар сайыстары, таңғы челленджер мен шеберлік сағаттары педагогтардың кәсіби шыңдалуына және тәжірибе алмасуына зор ықпал етті.



ТАБИҒАТПЕН ҮНДЕСКЕН ОЙЫН КЕРУЕНІ

Батталова Ақмарал Женисовна,

Астана қаласы әкімдігінің №53 «Мерей» балабақшасының
қазақ тілі педагогі

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу олардың рухани, мәдени және адамгершілік дамуына ықпал туралы жазылған. Ұлттық тәрбие арқылы бала өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін біліп өсетіндігі, тәрбие мен оқыту үдерісінде қазақ халқының құндылықтарын жүйелі түрде енгізу – ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды қадам екендігі қарастырылған.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі кезең, тәрбие, ұлттық құндылықтар, мәдени –мұра, ойын технологиясы, мультимедия құралдары, отбасылық тәрбие, ынтымақтастық.

Мектепке дейінгі кезең – тұлға қалыптасуының алғашқы кезеңі. Сол себепті еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне, ұлтына деген сүйіспеншілігіне аса назар бөлуіміз қажет. Тәрбие- халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, сондықтан да балабақшаларда тәрбие үрдісін ұлттық мәдениет пен қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді. Қазіргі таңда балалардың дағдыларын жан-жақты қалыптастыруға тырыссақ та, адамгершілік, мәдени – мұра құндылықтар арқылы тәрбиелеуге де ерекше мән берген жөн.

Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған мәдени, рухани, тарихи мұрасы. Бұл құндылықтар мыналарды қамтиды.

Тіл – мемлекеттік тілде сөйлеу мәдениеті, ана тіліне деген құрмет; Дәстүр мен әдет-ғұрып – Наурыз мейрамы, бесікке салу, тұсаукесер, қонақжайлылық; Халық өнері – ән-күй, қолөнер, ою-өрнек, зергерлік өнер; Рухани-адамгершілік тәрбие – үлкенге құрмет, кішіге ізет, адалдық, мейірімділік, қай-

ырымдылық; Ұлттық ойындар – асық ату, көкпар, тоғызқұмалақ, ақсүйек. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы ұлттық құндылықтардың рухани-адамгершілік тәрбие беру. Балаға ата-анаға, үлкендерге құрмет көрсету дағдыларын үйрету; Туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Адалдық, әділдік, қамқорлық, мейірімділік секілді адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру, ұлттық мәдениетке баулу.

Ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, халық әндері арқылы тәрбиелеу; Қазақтың ұлттық киімдері, ою-өрнектері, музыкасы жайлы түсінік беру; Ұлттық қолөнермен таныстыру (киіз басу, ағаш ою, құрақ құрау).

Ұлттық ойындар мен спорт; Қимыл-қозғалысты дамытатын көкпар, аударыспақ, асық ату секілді ұлттық ойындарды ойнату; Ойлау қабілетін дамытатын тоғызқұмалақ үйрету. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекетіне қазақтың дәстүрлі ойындарын енгізу.

Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті. Балаларға қазақ тіліндегі жыр-өлеңдерді, жаңылтпаштар мен жұмбақтар-

ды жаттату; ертегілер мен аңыз-әңгімелерді баяндау арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру; қазақтың батырлар жырын, шешендік сөздерін таныстыру.

Отбасылық тәрбие мен ынтымақтастық. Ата-аналарға ұлттық тәрбие беру әдістерін үйрету; үйде ұлттық тағам дайындау, қолөнер бұйымдарын жасау секілді іс-шараларды ұйымдастыру; үлкендерді құрметтеу, дастархан әдебі, сәлемдесу мәдениеті жайлы түсінік беру-тәжірибелік жұмыс және әдіс-тәсілдер.

Ойын технологиясы. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету.

Жоба әдісі – ұлттық тақырыптарда шығармашылық жобалар жасау (ұлттық тағамдар, киімдер, әдет-ғұрыптар).

Интерактивті ұйымдастырылған іс-әрекеттер – мультимедия құралдарын пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды таныстыру: экскурсиялар – этноауылға, мұражайларға саяхат жасау; рөлдік ойындар – қазақ ертегілерін сахналау.

Мектепке дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу олардың рухани, мәдени және адамгершілік дамуына оң әсер етеді. Ұлттық тәрбие арқылы бала өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін біліп өседі. Сондықтан, тәрбие мен оқыту үдерісінде қазақ халқының құндылықтарын жүйелі түрде енгізу – ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды қадам.

Тілге бойлау жобасы керемет бастама болды, өйткені жылдар бойы тілге бетбұрмай немқұрайлы қарап, өз тілімізді шұбарлап жүргендердің сана сезіміне ойтүрткі болғаны аса маңызды болды. Ата-ананың өзінде бір жігер намыс пайда болды, еліміз Қазақстан, қазақ тілін үйренуім керек деген түсініктер терең ашыла түсті.

Бүгінгі заман талабына балалардың табиғатпен етене араласуы- олардың рухани дамуы мен танымын көкжиегінің кеңеюіне үлкен әсер етеді. Осы орайда ұйымдастырылып жүрген «Табиғатпен үндескен ойын керуені» ұйымдастырылған іс-әрекетімен байланыстыру – жас ұрпақты табиғатты сүйуге, аялай білуге оны қорғауға және ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуге игі бастама. Бала жүрегіне табиғатқа деген сүйіспеншілікті ұялататын, ұлттық болмысымызды дәріптейтін, тәрбиелік мәні терең бастама. Мұндай шаралар арқылы біз табиғатты сүйетін,оны аялай білетін саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Бұл іс-әрекет өту барысында балалар жайлауға барар жолда табиғаттың керемет көркемдігіне таңдана жүріп, заманауи қызықты тапсырмалар орындап ауызша сөйлеу тілін дамыта түсті, «Керуен» ойыны жердегі көлеңкелерден кетіп бара жатқан түйелер керуенін көріп таң қалды. Әр бала тапсырмалар орындап, өз түйелеріне жүк артып керуен болып жүрді.

Табиғатқа тамсанған балалардың алдынан робот шығып қарсы алып, «Әжемнің сандығы» ойынын ойнауға көмек сұрап, сандықтың ішіндегі қазақтың ою - өрнегін атап ауызша сөздік қорын байытты. Балалар тау, ағаш, суларды көріп білетін сөздерін атап алда, жолда ауылға жақындайды, алдарынан төрт - түлікті көріп, өзіне ұнаған жануарларды сипап жақсы көретін сөздерін айтып мәресәре болғанын көрсеңіз, танымдық қасиеттері дами түсті деген ой келді. Планшеттерден QR арқылы төрт түлік тапсырмасын орындап тақпақтар, мақал-мәтелдер және жұмбақтар шешті.

Балалық шақ табиғатпен үндестігі, балалар топпен ойнап өзара қарым-қатынасқа түсіп, достықпен татулықтың, әділдік пен жанашырлықтың не екенін табиғи жағдайда үйренеді.



Бұл керуен - жай ғана ойын емес. Бұл - даланың дүбірі мен баланың күлкісі үндескен, еркіндік пен тәрбие қатар өрілген шынайы өмір сабағы.

Балалар өз заманының технологияларынан сәл алыстап, жасыл желек

арасынада табиғатпен етене араласады. Аспан астындағы ойын алаңында олар асық ойнайды, арқан тартады, таяқ жүгіртеді, бір-біріне демеу болады. Мұның барлығы ұрпақ бойына ұлт рухын сіңіреді.

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В БЛОКАХ: УЧИМ С MINECRAFT

Ахметзакирова Лилия Назыровна,

воспитатель ясли-сада №83 «Жансая» акимата г. Астаны

Аннотация. В статье представлен опыт внедрения в дошкольной группе в рамках программы проекта «Тілге бойлау» «Казахский язык в блоках: учим с Minecraft». Игровая офлайн-модель Minecraft с ежедневными заданиями и участием родителей сделала изучение казахского языка увлекательным и эффективным. Проект способствовал расширению словарного запаса, развитию устной речи и росту интереса к государственному языку у детей.

Ключевые слова: казахский язык, игровое обучение, Minecraft, программа «Тілге бойлау», развитие речи.

Казахский язык — неотъемлемая часть нашей государственности, символ нации, наряду с флагом, гербом и гимном. Государственная программа по языковой политике подчёркивает его продвижение как языка межнационального общения, а значит, каждый ребёнок, независимо от родного языка, должен с уважением и интересом прикасаться к нему с раннего возраста. Задача педагога — сделать этот процесс максимально живым и естественным.



Мы знаем: дети учатся тогда, когда им интересно. Перед педагогами встаёт вопрос — как увлечь ребёнка и превратить изучение языка в естественный, радостный процесс? Ответ пришёл неожиданно — от самих детей. Наблюдая за их увлечениями, мы заметили, что Minecraft — это игра, в которую они играют дома, обсуждают между собой. И тогда мы решили: почему бы не говорить с детьми на их «игровом» языке, чтобы они заговорили на казахском?

Minecraft — это мир, где ребёнок чувствует себя строителем, исследователем, творцом. Мы создали адаптированную офлайн-модель Minecraft в пространстве группы, учитывая один из принципов современной педагогики «голос ребёнка».

Мы сохранили ключевые символы игры: блоки, алмазы, сундуки, кирку и персонажа Стива. Каждый день дети получали от него задание — найти три «алмаза», спрятанных в разных зонах группы, на прогулке или в детском саду. Алмазы прикреплялись к предметам, названия которых мы изучали на казахском языке. Найдя алмаз, ребёнок вместе с педагогом про-

говаривал слово, а по завершении поиска открывался «сундук знаний», откуда ребёнок извлекал блок с картинками и надписями этих слов. Так мы буквально «строили» язык по кирпичикам, объединяя игру, движение и эмоциональное вовлечение.



Игровой формат стал основой системной работы. Казахская речь сопровождала детей ежедневно — на утренних кругах, прогулках и в режимных моментах, постепенно становясь частью их повседневного общения. Дети использовали слова и выражения, такие как ұйықтау (сон), ас ішу (обед), серуен (прогулка), в реальных ситуациях. Закрепление лексики происходило в подвижных играх, квестах и мини-играх.



Творческая составляющая включа-

ла разучивание песен, стихов, постановки казахских сказок («Ер Төстік», «Алдар көсе»), выступления на утренниках, конкурсы на знание слов, пословиц и поговорок. Публичные мероприятия — городские семинары, республиканская конференция — стали для детей и педагогов важным достижением и источником гордости.

Отдельное место заняли родители. Они активно откликнулись на инициативу, поддерживали детей дома, участвовали в мероприятиях. Для них мы делали еженедельные рассылки с лексикой недели, оформляли уголок со «словами дня», проводили мастер-классы. Родители стали организаторами праздника Наурыз, где показали свои традиции и языка. Таким образом, мы не просто информировали их, а вовлекли в процесс.

За учебный год мы отметили:

- вовлечение всех детей, **ВКЛЮЧАЯ САМЫХ ТИХИХ**;
- словарный запас превысил программу;
- появилась элементарная устная речь;
- возросла активность и участие родителей;
- мониторинг «Тілге бойлау» показал положительную динамику;
- проект получил признание на городском и республиканском уровнях.

Этот опыт показал: язык живёт там, где живёт интерес ребёнка. Войдя в его игровой мир, мы нашли путь в его сердце и речь. Родители стали не просто помощниками, а союзниками, своим примером показывая, что учиться можно в любом возрасте.



Мы верим, что сила образования — в партнёрстве педагога, ребёнка и семьи. Когда эти три силы объединяются, результат неизбежен. Наш опыт — доказательство того, что смелые, творческие решения работают.



ҚАЗАҚТЫҢ BRENDІ: ДОМБЫРА, БҮРКІТ, БАУЫРСАҚ, ҚҰРТ, АСЫҚ

Даниишева Бахит Айтканкызы,

Астана қаласы әкімдігінің №60 «Арай» балабақшасының
тәрбиешісі

Васева Гузаль Фаизхановна,

Астана қаласы әкімдігінің №60 «Арай» балабақшасының
музыка жетекшісі

Темирбекова Тұрсынай Жумабаевна,

Астана қаласы әкімдігінің №60 «Арай» балабақшасының
қазақ тілі педагогі

Аңдатпа. Мақалада баланың жан-жақты дамуы үшін ерте жастан бастап тілдік дағдыларын қалыптастыру, бұлдіршіндердің тіл байлығын арттырып, ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятатын тың бастамалар туралы жазылған.

Түйін сөздер: рухани байлығы, әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ойындар, драмалық көріністер, құндылықтарымызды қорғау, ұлтының ерекшелі.

Қазақстан Республикасы – көпұлтты мемлекет. Онда жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Дегенмен, еліміздің басты тілі, яғни мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейліктің негізі.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, ата-бабамыздан қалған аманат. Ол – ұлттың тарихы мен мәдениетінің айнасы. Тіл арқылы біз бабаларымыздың өмірі, дүниетанымы, салт-дәстүрі туралы мәлімет аламыз.

Қазіргі таңда баланың жан-жақты дамуы үшін ерте жастан бастап тілдік дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Осы мақсатта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Тілге бойлау» жобасы – бұлдіршіндердің тіл бай-

лығын арттырып, ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятатын тың бастамалардың бірі болып табылады.

«Тілге бойлау» жобасының негізгі мақсаты – балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл жоба арқылы бала тілінің дамуы күнделікті өмірмен тығыз байланыста қарастырылады. Әр түрлі тақырыптағы әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ойындар мен драмалық көріністер арқылы балалар өз ойын еркін жеткізуді үйренеді. Бұл ертегі тілдің қадір-қасиетін, оның ұлттың негізгі байлығы әрі рухани қазынасы екенін тереңінен ұғындырады. Ертегі желісі арқылы оқырман ана тілінің маңызын, оны құрметтеп, қастерлеу қажеттігін

түсінеді. Ертегі жас оқырманға тілге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді оятуға бағытталған.



Қазақтың ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүріне деген құрметі, ұлттық брендтер мен ұлттық мұраға деген көзқарастар өте жақсы көрсетілген. Әсіресе әрбір кейіпкердің өз айтары, олардың қазақ халқының символдары ретінде сөйлеуі өте әсерлі. Бұл мәтін ұлттық құндылықтарды насихаттау, жастарға тәлім беру үшін тамаша құрал. Бренд болу мәселесін көтеріп, әрбір кейіпкердің өз «BRENDI» дәлелдеу үшін жұмсалатын сөздер мен әрекеттер өте қызықты.



Бұл көрініс арқылы қазақ халқының мәдени мұрасына деген қызығушылықты арттыруға, жастарға ұлттық байлығымызды көрсетуге жақсы мүмкіндік туып отыр. Әсіресе, домбыра мен асық сияқты дәстүрлі элементтерді осылай таныстыру арқылы көрермендерге ұлттық рухты сезіндіруге болады.



«Тілге бойлау» жобасы аясында балабақшада өткізілген өзге ұлт өкілдерінің сахналық көрінісі өте мәнді болды. Осы жоба арқылы балаларды тілге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға, өзге ұлт өкілдерінің ұлттық құндылықтарын да көрсетуге болады.

Балабақшадағы балаларға қазақ тілін үйрету және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Өзге ұлт өкілдерінің қазақ мәдениетін, тілін және салт-дәстүрін ұғындыру арқылы балаларды көптілділікке, мәдениетаралық диалогқа үйрету. Балалар бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіре білуге үйрету. Құндылықтарымызды қорғап, сақтай білуге тәрбиелеу. Өзге ұлт өкілдері сахнада ұлттық киімде қазақ тілінде сөйлеп, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін таныстырады. Әр кейіпкер өз ұлтының ерекшелігін сақтай отырып, қазақ тілін үйренудің қаншалықты қызықты әрі маңызды екенін көрсетеді.



Сахналық қойылымның маңызы:

- Балаларды қазақ тіліне үйрету және оларды өзге ұлт өкілдерімен

мәдениетаралық байланыс орнатуға ынталандыру.

- Өзге ұлт өкілдері өз тәжірибелерін балаларға көрсете отырып, қазақ тілін үйренудің маңыздылығын жеткізеді.
- Бұл көрініс балаларға қазақ халқының қонақжайлығын, достықты, көптілділікті және әртүрлі мәдениеттердің бірлігін білдіру үшін қолайлы.

Бұл көрініс «Тілге бойлау» жобасының мақсатына сәйкес көрсетіледі. Өзге ұлт өкілдерінің қатысуы арқылы балабақшадағы балаларды қазақ тілін үйренуге қызықтырып, бірлесіп жұмыс істей отырып, достық пен мәдениет аралық түсіністікті нығайтады.

БАЛАБАҚШАДА ТІРЕК СЫЗБА АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

Валеева Роза Жолбосыновна,
Астана қаласы әкімдігінің №39 «Меруерт»
балабақшасының қазақ тілі педагогі

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуға тиімді әдістердің бірі Тірек сызбалар қолдану туралы баяндалған. Бұл әдіс балалардың есте сақтау қабілетін арттырып, сөйлеуге деген қызығушылығын оятады. Сонымен бірге балабақшада жүйелі түрде тірек сызбаларды пайдалану арқылы балалардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға болатындығы жазылған.

Түйін сөздер: сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдылары, фонематикалық есту, тірек сызбалар, сюжеттік сызбалар, диалогтік сызбалар, дидактикалық ойын.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін меңгерту ұйымдастырылған іс-әрекетінде тілдік материалды есте сақтау, есту мақсатында суретті, символды, мнемотехника мен тірек-сызбаларды қолдану тиімді. Ойын-тапсырмалар мен жаттығулардың тілді дамытумен қатар барлық сезім мүшелерінің жұмысын, танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен бірге байланыстыра сөйлеу дағдылары шартты белгілер, сызбалар арқылы дамиды.

Балабақшада тіл дамыту жұмысының міндеттері:

- Балалардың сөздік қорын байыту.
- Грамматикалық құрылымды дұрыс меңгеруіне ықпал ету.
- Байланыстырын сөйлеу дағдыларын жетілдіру.
- Фонематикалық есту мен дыбыстарды дұрыс айту қабілетін дамыту.

Тірек сызбалар дегеніміз не?

Тірек сызбалар – бұл ақпаратты визу-

ализациялау үшін қолданылатын графикалық құралдар. Олар балаларға жаңа ұғымдарды және сөздерді есте сақтауға көмектеседі, сөйлемдерді және ойды логикалық құрылымда жинақтауға мүмкіндік береді.

Тірек сызбаның мәні мен маңызы:

1. Тірек сызбалар – көрнекілік арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттырады.
2. Ойлау қабілетін, логикалық байланыстарды күшейтуге көмектеседі.
3. Баланың белсенділігін арттырады.
4. Тіл дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетін қызықты әрі тиімді етеді.
5. Тірек сызбалар балалардың тіл үйрену дағдыларын жетілдіріп, сөздік қорын кеңейтеді.

Тірек сызбаны қолдану әдістері

1. Заттық сызбалар – белгілі бір заттар мен олардың қасиеттерін сипаттауға көмектеседі.



2. Сюжеттік сызбалар – оқиғаларды ретімен айтып беруге машықтандырады.
3. Сөздік-логикалық сызбалар – сөйлем құрау, мәтін мазмұнын жүйелеуге көмектеседі.
4. Диалогтік сызбалар – балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуға бағытталған.

Балабақшадағы күнделікті жұмыста тірек сызбаларды қолдану

Сөздік қорды дамытуға арналған жаттығулар

1. Белгілі бір тақырып бойынша (жануар, көлік түрлері, жыл мезгілдері) тірек сызбалармен таныстыру.
2. Сызба арқылы сипаттау ойындары.

Сөйлем құрастыруға арналған ойындар

1. «Не қайда?» (суретке қарап сөйлем құрау).
2. «Әңгіме құрастыр» (тірек сызба арқылы әңгіме құрастыру).

Логопедиялық жаттығулар

1. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған тірек сызбалар.
2. Сөз тіркестерін дұрыс айтуға бағытталған жаттығулар.

Дидактикалық ойын «Өзім туралы»

Шарты: Балалар сызба бойынша өздері туралы қысқаша мәлімет береді.

Балалар берілген суреттерді рет-ретімен орналастырады, айтады.

Логопедиялық жаттығулар

1. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған тірек сызбалар.
2. 2) Сөз тіркестерін дұрыс айтуға бағытталған жаттығулар.

Дидактикалық ойын «Өзім туралы»

Шарты: Балалар сызба бойынша өздері туралы қысқаша мәлімет береді.

Балалар берілген суреттерді рет-ретімен орналастырады, айтады.





Дидактикалық ойын «Сиқырлы гүл»

Дидактикалық ойын «Киіз үйді құрастыр»



Тақпақтарды жаттау

Балабақаша үйіміз
Сені жақсы көреміз
Үлкен болып өскенде
Еске алып жүреміз.

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ,
Алақанды ашамыз,
Бесті беске қосамыз.

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап

Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ,
Ойыншықтар тыңдайды
Әмір беріп бұйырсақ.

Тірек сызбаларды қолдану – мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуға тиімді әдістердің бірі. Бұл әдіс балалардың есте сақтау қабілетін арттырып, сөйлеуге деген қы-

зығушылығын оятады. Балабақшада жүйелі түрде тірек сызбаларды пайдалану арқылы балалардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға болады.

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПОДХОДЫ МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПОГРУЖЕНИЯ В ЯЗЫК ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Курмангалиева Ляззат Сураганкызы,

руководитель методического центра Управления образования Акмолинской области

Таласпаева Гульнара Маликовна,

заместитель руководителя методического центра Управления образования Акмолинской области

Аннотация. В статье представлена одна из форм обучения - языковое погружение, при которой изучаемый язык используется как основной или дополнительный язык общения в образовательной среде. В контексте дошкольного образования погружение предполагает создание условий, в которых казахский язык становится естественным средством общения, восприятия информации и взаимодействия с окружающим миром.

Ключевые слова: раннее языковое обучение, патриотизм, толерантность, культурная осведомленность, ситуативный подход, визуализация, мультимодальность.

Формирование уважительного и осознанного отношения к государственному языку должно начинаться с раннего возраста. В связи с этим важную роль играет организация обучения казахскому языку в дошкольных организациях образования.

Поэтому система казахстанского дошкольного образования всё активнее включает элементы раннего языкового обучения, учитывая высокую чувствительность детей дошкольного возраста к восприятию и усвоению новой информации, особенно языковой.

На этапе дошкольного обучения у детей формируются базовые языковые и коммуникативные навыки. Это наиболее благоприятный период для из-

учения второго языка, так как у детей высокая восприимчивость к новым звукам и структурам, они легко усваивают языковой материал при правильной организации среды. Введение казахского языка в дошкольные программы способствует не только языковому развитию, но и воспитанию патриотизма, толерантности и культурной осведомленности.

Эффективное методическое обеспечение языкового погружения в этом возрасте требует особого подхода, ориентированного на возрастные особенности, эмоциональную сферу, игровую мотивацию и естественность восприятия языка. Языковое погружение — это форма обучения, при которой изучаемый язык используется как основной или дополнительный



язык общения в образовательной среде. В контексте дошкольного образования погружение предполагает создание условий, в которых казахский язык становится естественным средством общения, восприятия информации и взаимодействия с окружающим миром.

Дети дошкольного возраста обладают рядом уникальных особенностей, определяющих методику работы с ними:

- высокая подражательность и имитационная способность;
- развитие мышления в конкретно-образной форме;
- преобладание игровой деятельности;
- восприимчивость;
- потребность в движении и активности.

1. Игровая форма обучения

Игра — ведущая деятельность дошкольника, поэтому основой методики погружения становится игровая среда. Ролевые игры, дидактические задания, интерактивные спектакли и театрализация позволяют детям незаметно включаться в языковое общение.

Примеры:

Использование кукол и персонажей, говорящих на казахском языке; Тематические игры (магазин, зоопарк, больница), в которых дети взаимодействуют на казахском языке.

2. Ситуативное обучение

Ситуативный подход предполагает освоение языка в рамках реальных или близких к реальности коммуникативных ситуаций. Это позволяет детям видеть практическое применение языка.

Пример: во время завтрака воспитатель на казахском языке предлагает детям выбрать блюдо, попутно озвучивая названия продуктов.

3. Визуализация и мультимодальность

Яркие наглядные материалы, жесты, мимика, картинки, видео и песни делают обучение более понятным и эмоционально насыщенным. Это способствует запоминанию и осмыслению лексики и фраз.

4. Интеграция языка в повседневную деятельность

Чем больше язык присутствует в повседневной жизни ребенка, тем быстрее он становится естественным. Важно включать язык не только в занятия, но и в режимные моменты (приветствие, уборка, прогулка, прощание и т.д.).

5. Песня и ритм как инструменты запоминания

Музыкально-ритмическая активность способствует запоминанию новых слов и выражений. Детские песни, считалки и ритмические упражнения стимулируют речевую активность и делают процесс обучения веселым и эмоционально окрашенным.

6. Создание языковой среды

Полноценное погружение невозможно без насыщенной языковой среды: оформление пространства (плакаты, карточки), присутствие носителя языка или билингвального педагога, постоянное сопровождение деятельности речью на казахском языке.

Педагог в системе языкового погружения становится не только источником знаний, но и активным участником игры, партнёром по коммуникации и эмоциональной поддержкой. Важно, чтобы он владел казахским языком на достаточном уровне и мог свободно использовать его в различных ситуа-

циях.

Он создает условия для естественного освоения языка, поощряет любую попытку ребенка говорить, никогда не критикует ошибки, а мягко корректирует их в игровой форме.

Для успешного усвоения казахского языка важно привлекать родителей:

- предоставлять аудио и видеоматериалы для домашнего просмотра;
- предлагать простые фразы для использования дома;
- информировать о целях и методах

обучения.

Изучение казахского языка в дошкольных организациях образования — важнейший этап в формировании языковой личности ребенка, его гражданской идентичности и культурной включенности. При использовании современных методических подходов, опирающихся на игровые, ситуативные и эмоционально окрашенные формы, дети легко и с интересом осваивают государственный язык, что служит основой для дальнейшего успешного образования и социализации.



СЕРПІЛІС АЛАҢЫ: «ӘДІСТЕМЕЛІК АС ҮЙ: ЕҢ ҮЗДІК РЕЦЕПТЕР» КОУЧИНГІ

Шаймерденова Айсулу Еркеновна,

Ақмола облысы әдістемелік орталығының бөлім басшысының м.а.

Бекбосарова Айнагуль Хамитовна,

Көкшетау қаласы, «Арман» бөбекжайының әдіскері

Аңдатпа. Мақалада педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыруға, әдістемелік ізденістерін қолдауға арналған тиімді алаң туралы жазылған. Сонымен қатар педагогтердің әдістемелік қызметін жетілдіру, кәсіби құзыреттілігін дамыту, сонымен қатар педагогтер арасындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу ортасын құру бойынша әдістер ұсынылған.

Түйін сөздер: коучинг, креативтілік, рефлексия, цифрлық ресурстар, зат есім, сын есім,

Заманауи білім беру жүйесінде педагогтің кәсіби дамуы, тәжірибе алмасуы мен әдістемелік қолдауы маңызды басымдықтардың біріне айналды. Осы орайда ұйымдастырылған «Әдістемелік ас үй: ең үздік рецепттер» атты коучинг – педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыруға, әдістемелік ізденістерін қолдауға арналған тиімді алаң болды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тәрбиешілердің әдістемелік қызметін жетілдіру, кәсіби құзыреттілігін дамыту, сонымен қатар педагогтер арасындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу ортасын құру.

Коучинг мазмұны өз атауына сай креативті форматта ұйымдастырылып, әр бөлім кәсіби және әдістемелік метафоралар арқылы ұсынылды. Мұндай тәсіл қатысушылардың қызығушылығын арттырып, белсенділікке жетеледі.

1. «Ой қозғау сорпасы»

Бұл бөлімде қатысушылар келесі бағыттағы өз ойларымен бөлісті:

- Өзгеріс өзіңнен басталады;
- Кәсіби даму дегеніміз не?
- Сәтті коучинг үшін не маңызды?
- Тәрбиелі ұрпақ қандай болу керек?

Миға шабуыл арқылы педагогтердің ішкі мотивациясын оятып, кәсіби ұстанымдарына көз жүгіртуге себеп болды. Әр қатысушы өз тәжірибесіне баға беріп, болашақта нені жетілдіру қажеттігін саралады.

2. «Қызығушылықты оятатын тұздықтар»

Музыка әуенімен бірге педагогтер ұлттық аспаптар – домбыра, қобыз, сыбызғы, жетіген, асатаяқ арқылы бес топқа бөлінді. Бұл тәсіл – сергіту мен командалық жұмысқа бейімдеудің



ерекше әдісі болды.

3. Топтық жұмыс: «Әжемнің шайы» әдісі

Топтарға алдын ала дайындалған тапсырмалар таратылып, олар өзара пікір алмасу арқылы постер қорғады. Әр топтың «хатшысы» идеяларды жазып, «спикер» ұсынылған ойды ортаға салды. Топтық жұмыс педагогтердің тәжірибе алмасуына, тың идеяларды ортаға салуына жағдай жасады.

4. «Талқылау салаты»

Бұл бөлімде қатысушылар келесі тақырыптар бойынша жұмыс жасады:

- Сабақтастық
- Мониторинг
- Консультативтік пункт
- «Біртұтас тәрбие»
- Тілге бойлау

Дайындау рецепті:

- креативтілік
- сараланған тапсырма
- бала қызығушылығына бағыт

Ынтымақтастық – дәміне қарай

Цифрлық ресурстар – қажетті мөлшерде

Дайындау тәсілі:

Барлық компоненттерді заманауи әдіс-тәсілдермен үйлестіріп, оқу үдерісін қызықты әрі мазмұнды контентпен байытып, балалардың белсенділігін арттырып дайындау ұсынылды. Әңгімелесу мен тыңдау арқылы топтың ішкі әлеуетін ашу, ұсыныстармен толықтыру – бұл кезеңнің басты мақсаты болды.

5. Қорытынды: «Синквейн» әдісімен рефлексия

Коучинг соңында қатысушылар «Синквейн» әдісі арқылы алған әсерлерін қорытындылады. Бұл әдіс – қысқа әрі нақты ой айтуға, негізгі мағынаны жинақтап беруге арналған тиімді тәсіл. Ол балалардың да шығармашылық қабілетін дамытуда қолданылады.

Синквейн құрылымы:

1 зат есім (тақырып)

2 сын есім

3 етістік

4 сөзден тұратын сөйлем

Тақырыпқа синоним

Бүгінгі коучинг – шығармашылыққа толы, кәсіби қолдауға бағытталған мазмұнды іс-шара болды. Қатысушылар өзара ой бөлісіп, тәжірибе алмасып, бір-біріне қолдау көрсетті. Бұл – болашақтағы әдістемелік жұмыстарға серпін беретін маңызды алаң.

Балабақша – баланың тұлғалық дамуының алғашқы баспалдағы. Ал оның болашағы – біздің кәсіби жауапкершілігіміз бен шеберлігімізге байланысты. Әр бала – ерекше, әрқайсысы – дарынды. Сол дарынды ашуға көмектесу, бағыт беру, қолдау көрсету – біздің қасиетті ұстаздық міндетіміз.

Ұсынылған әдіс - тәсілдер сіздердің болашақ тәжірибеңізде өз нәтижесін береді деп сенеміз.

Ұранымыз – кәсіби шеберлік, шығармашылық серпін, сапалы тәрбие! Мақсатымыз – саналы ұрпақ тәрбиелеу!



«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Тохтархан Айнур,

Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, «Арайлым» бөбекжайының
меңгерушісі

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттік тілді меңгерту бағытындағы Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Арайлым» бөбекжайы «Тілге бойлау» пилоттық жоба кезеңіндегі жұмыс тәжірибесі туралы жазылған.

Түйін сөздер: тілдік белсенділігін арттыру, режимдік сәттер, ертегі тыңдау, ойын, ән айту, көрнекілік әдістер, сторителлинг технологиясы, лэпбук ойындары.

«Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл», – деп Қадыр Мырза Әли атамыз айтқандай, тіл – ұлттың жаны, рухани тірегі. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы – білім беру жүйесінің ең маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңде балалардың: сөздік қоры сөйлеу дағдылары, қиялы мен шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Сондықтан қазақ тілін ерте жастан меңгерту – ұлт болашағы үшін аса маңызды қадам.

Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы «Арайлым» бөбекжайында «Тілге бойлау» пилоттық жобасы қыркүйек айынан бастап жоба жоспарына сәйкес мемлекеттік тілді меңгерту бағытындағы жұмыстар жүргізілді. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және жобаны іске асыру мақсатында бөбекжайымызда алғашқы қадамдардың бірі ретінде ата-аналармен «Қазақшаңыз қалай?» және «Қазақша сөйлеуді бастаймыз» атты ойын-тренингтер өткізіліп жоба туралы түсіндіру жұмыстары басталды. Балалардың тілдік белсенділігін

арттыру мақсатында режимдік сәттерде қазақша ертегі тыңдау, ойын, ән айту, көрнекілік әдістерін кеңінен қолдана бастадық.

Жобаға қатысатын топтар ішінде тілдік орта құру мақсатында интерактивті сөйлейтін кітаптар мен аудио ертегілер, мобилді кітапхана, Сөйлейтін қабырғалар жасадық. Сонымен қатар режимдік сәттерде мультимедиялық жаттығулар мен әндерді балармен жұмыста күнделікті қолдандық. Жұмыс барысында аудио кітаптар балалардың тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттырды. Кітапты күнделікті ойын үтінде немесе сюжеттік ролдік ойындар арқылы қолдану арқылы қазақ тіліндегі сөздерді есте сақтауға, осы әдістерді күнделікті қолдану арқылы балалар белсенді түрде ойын үтінде қазақ тіліндегі қарапайым сөздерді қолдана бастады.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда қазақ тілін үйрету үшін ең алдымен назарға алғанымыз жұмыста тың жаңашыл әдіс-тәсіл қолдану. Келесі бір тиімді қолданған әдістеріміздің бірі – Сторителлинг технологиясы. Бұл- әңгіме айту технологиясы. Әңгіме

айту технологиясын қолдануда арнай жасалған суратті текшелерді қолдандық. Бұл дидактикалық материалды тәрбиешілеріміз өз қолдарымен жасады. Суретті текшелерді қолдану арқылы балалар алымен текшедегі суреттерді атайды. Кейіннен: Бұл қандай зат? Қандай іс-әрекетпен байланысты? Қандай қасиетке ие? - деген сұрақтарға жауап бере отырып, бала заттың атын, қимылын және сапасын білдіретін сөздерді меңгереді. Соңында, осы текшелердегі суреттер негізінде мағыналы сөйлем құрастырады. Осылайша сөз, сөйлем, әңгіме құрастыруға болады. Бұл әдісті қолдануда тілді үйретуде жеке сөздерді айтқызу-дан бастап кейін сөйлем құрастыруға көштік. Бұл текшелерді балармен топтасып меңгерген сөздердің көмегімен әңгіме құрастыруды басында тәрбиеші көмегімен жасадық кейін балалар өздері ойын үстінде қолдана бастады.

Қазіргі таңда лэпбук ойындары – балаларға тіл үйретудің тиімді және қызықты әдістерінің бірі. Бөбекжай тәжірибесінде мен белгілі бір тақырыпқа арналған лэпбук құрастырып, оның балалардың қазақ тілін меңгеруіне оң әсерін байқадым. Біздің педагогтар лэпбуктың түрлерін киіз үй, үй пішіні, жиналмалы кітапша ретінде жасап, оларды «Жануарлар», «Отбасы», «Жыл мезгілдері», «Нан қайдан шығады?», «Ертегілер еліне саяхат» секілді тақырыптарда қолданды.

Фребель сыйын қазақ тілінде қолдану арқылы балалардың тілдік және логикалық қабілеттерін дамыту

Қолданылған әдіс:

Фребель әдістемесі – балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және ұсақ қол моторикасын дамытуға бағытталған инновациялық әдіс. Бұл әдісте арнайы ойын құралдары – Фребель сыйы қолданылады.

Қалай қолдандық:

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балаларға «Жыл басына таласқан хайуандар» ертегісі таныстырылды. Ертегі желісімен жұмыс жасай отырып, балалар басты кейіпкерлерді геометриялық пішіндерден құрастыру арқылы бейнеледі. Мысалы, тышқан – шеңбер мен үшбұрыш арқылы, қоян – тікбұрыш пен сопақша арқылы жасалды.

Ойын барысында балалар әр пішінді қазақ тілінде атап, кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттап айтуға тырысты. Сондай-ақ бос уақытта балалар әртүрлі заттарды (үй, ағаш, гүл, т.б.) жасап, оларды қазақша атады.

Нәтижесі:

- Балалар мемлекеттік тілді қолдану дағдыларын дамытты.
- Логикалық ойлау мен математикалық қабілеттері жетілді.
- Ұсақ моторикасы нығайды.
- Шығармашылық қабілеттері артты.
- Балалар өз ойларын қазақ тілінде еркін жеткізуге талпынды.

Фребель сыйын ертегімен байланыстыра отырып, қазақ тілінде қолдану – балалардың танымдық, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді жолы болды. Инновациялық әдіс ретінде бұл тәсіл балаларды қызықтырып, оқуға деген ынтасын арттырды.

Келесі кезекте, қазақ халқының ұлттық қолөнері – жүннен бұйым жасауға тоқталғым келеді. Жүнді шығармашылық жұмыста қолдану – балалардың танымдық қабілеттерін дамытумен қатар, ұлттық құндылықтармен таныстырудың тиімді жолы. Осы бағытта біздің балабақшада қазақтың дәстүрлі жүн өңдеу технологиясын негізге ала отырып, балалардың шығармашылық, тілдік



және ұсақ моторика дағдыларын дамыту мақсатында әртүрлі үйірме жұмыстарын жүргіздік. Жүннен бұйым жасауға ата-аналарымызды да тарттық.

Жүнді шығармашылық жұмыста қолдану әдістерін бөбекжай педагогтарының жасаған жұмыстарына қарап 4 негізгі түрге бөлдік.

1. Дымқыл әдісімен бейнелеу (фелтинг). Жүнді түрлі түстерге бөліп, балалармен бірге гүлдер, жануарлар және табиғат элементтерін жасаймыз. Бұл әдісте жүн сабын су арқылы жұмсартылып, белгілі бір пішінге келтіріледі. Жасаған бұйымдарын балалар қазақ тілінде атап, сипаттайды. Бұл әрекет олардың:қазақша сөздік қорын кеңейтуге, көріп қабылдау қабілетін арттыруға, ұсақ моторикасын дамытуға мүмкіндік береді

2. Ою-өрнек жасау. Жүннің түрлі түстері мен пішіндерін пайдалана отырып, балалар қазақтың дәстүрлі ою-өрнек түрлерімен танысады және де оюлардан көрпеше жасауда, ұлттық киімді безендіруде пайдаланады.

3. Қолөнер бұйымдарын жасау. Балалар өз қолымен жүннен бұйымдар жасап шығарады (мысалы: әшекей, шағын ойыншықтар). Жасаған бұйымдарын қазақ тілінде сипаттай оты-

рып, тілдік дағдыларын жетілдіреді.

4. Жүнді қиып пайдалану арқылы бейнелеу. Бұл әдісті шартты түрде «жүннен жасалған сурет» деп атауға болады. Балалар жүнді қиып, дайын сурет бетіне орналастырады немесе дымқыл әдіспен жапсырады. Нәтижесінде: көркем шығармашылық жұмыс пайда болады. Жүнмен жұмыс істеу – тек қолөнер ғана емес, ол балаларға тілді, дәстүрді және шығармашылықты қатар үйрететін кешенді әдіс. Балабақшада жүргізілген бұл үйірмелер арқылы балалар: қазақтың ұлттық құндылықтарымен танысты, табиғи материалмен жұмыс істеуге үйренді, өз қиялын, тіл байлығын, ұсақ моторикасын, шығармашылық қабілетін дамытты. Жүн технологиясын қолдану – бүгінгі күннің заманауи талаптарына сай, ұлттық болмысты сақтап қалу мен оны бала бойына сіңірудің тиімді жолы деп санаймын.

«Тілге бойлау» жобасы – мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып, оны меңгеруге бағытталған заманауи, кешенді және нәтижелі әдістемелік бастама ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Қорыта келе, бұл жоба – баланың бойына тілмен бірге ұлттық рухты сіңіретін, бүгінгі білім беру үдерісіне лайықты, болашағы зор тәжірибе екенін көрсетті.

БАЛА ҮНІ – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕКЕНІ

Даримова Фарида Амангельдіқызы,

Ақмола облысы, Қосшы қаласының «Алтын дән»
балабақшасы меңгерушісі

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттік тілді меңгерту бағытындағы Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласының «Алтын дән» балабақшасы «Тілге бойлау» пилоттық жоба кезеңіндегі жұмыс тәжірибесі туралы жазылған.

Түйін сөздер: біртұтас тәрбие, STEM зертханасы, лингафон орталығы, құм терапия бөлмесі, шахмат үйірмесі, квест ойыны, бейнежазба,

2025 жылдың 27 мамыр айында «Алтын дән» балабақшасында ерекше маңызы бар республикалық деңгейдегі іс-шара – «Бала үні – бақытты балалық шақ мекені» атты Республикалық конференция өтті. Бұл жиын – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған мазмұнды әрі нәтижелі диалог алаңы болды. Конференцияға Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ мамандары, мектепке дейінгі білім беру саласының алдыңғы қатарлы ғалымдары, облыстық және қалалық білім басқармаларының МДББ бойынша жауапты мамандары, әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлері, сондай-ақ жеке меншік және мемлекеттік балабақшалардың меңгерушілері, әдіскерлері, педагогтері мен тәрбиешілері қатысты. «Алтын дән» балабақшасында 2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды, мазмұнды жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмыстардың барлығы баланың үніне құлақ түретін, оның жеке дамуына мүмкіндік беретін, ата-ана мен педагогтың тығыз әріптестік байланысына негізделген жаңа форматтағы жұмыс

үлгілерін қалыптастыруға бағытталды. «Тілге бойлау» жобасы аясында балалардың жан-жақты дамуына бағытталған құзыреттілік орталықтары жұмыс жүргізуде. Бұл орталықтар тәрбие мен оқытуды ұштастырып, баланың тілдік қорын кеңейтуге, шығармашылық қабілетін дамытуға, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

Балабақшада балалардың жан-жақты дамуына бағытталған түрлі үйірмелер мен орталықтар жұмыс жасайды. Мәселен, жас жеткіншектердің шығармашылық ойлау қабілеті мен ғылыми дүниетанымын кеңейтетін – STEM зертханасы, тілдік қорын байытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын – лингафон орталығы, эмоционалдық тепе-теңдігін сақтап, ішкі жан дүниесін тыныштандыруға ықпал ететін – құм терапия бөлмесі бар. Сонымен қатар, баланың логикалық ойлауын дамытып, шыдамдылық пен табандылыққа баулитын – шахмат үйірмесі, ал денсаулығын шыңдап, ерік-жігерін арттыратын – каратэ секциясы жұмыс істейді. 1. «Әжелер, аналар мен әкелер мектебі» жобасы. Бала тәрбиесі тек балабақшада емес, ең алдымен – отбасында басталады. Осы мақсатта «Алтын дән» балабақшасында «Әжелер мектебі», «Аналар



мектебі» және «Әкелер мектебі» жобалары құрылып, жүйелі жұмыс істей бастады. Бұл мектептердің негізгі мақсаты – отбасылық құндылықтарды жаңғырту, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және ұлттық тәрбиені балабақша өмірімен ұштастыру болды.

– Әжелер өз тәжірибелерімен бөлісіп, ұлттық салт-дәстүрлер, ертегілер, қолөнер бойынша шеберлік сағаттарын өткізді.

– Аналар мен әкелер тәрбиелеу процесіне белсене араласып, бірлескен ойын, әңгіме, серуен, түрлі тәрбиелік іс-шараларға атсалысты. 2. Авторлық ойындар мен инновациялық әдістер. Баланың қызығушылығы мен танымдық қабілетін дамытуда ойын – басты құрал. Осы бағытта «Алтын дән» балабақшасының педагогтері бірнеше авторлық ойын түрлерін жасап, жарыққа шығарды. «Арқан тартыс» ойыны, авторы: Оспанова Камчат Кенесовна, Ахметжанова Индира Нурбековна, Баксимова Ляззат Кенесовна. «Кемпірқосақ» ойыны, авторы: Ешмуханова Ақмарал Аманжоловна, Ниязова Айман Бақытжановна, Ахметжанова Индира Нурбековна. «Астау думан» ойыны, авторы: Шаханова Карлығаш Адильхановна. «Сиқырлы сандық» ойыны, авторы: Исакова Аягоз Маратовна, Мадыбекова Балжан Каменовна, Жангабулова Айаулым Жакслыковна. «Сиқырлы робот» Карабекова Калипа Менлибековна, Оспанова Найла Бердибековна. Бұл ойындар баланың жас ерекшелігіне, қызығушылығына және дамуына сай әзірленіп, тәжірибеге сәтті енгізілді. Педагог-әдіскерлер мен тәрбиешілердің еңбегі арқылы жасалған бұл ойындар тек біздің балабақшада ғана емес, басқа ұйымдарға да үлгі ретінде ұсынылды.

3. Квест-ойын: Баланың әлемін тану жолы Ойын форматының бірі ретінде «Квест-ойын» жобасы іске қосылды. Жетекші мамандары Ксанинова Гульфия Геннадиевна, Карабекова Калипа

Менлибековна. Квест ойыны бұл – баланың өз бетінше ойлауын, шешім қабылдауын, жол табуын, сондай-ақ топпен жұмыс істеу дағдыларын дамытатын тиімді құрал. Квесттер ата-аналармен бірге ұйымдастырылып, ортақ қуанышқа, шығармашылық ортаға айналды. 4. Ата-анамен байланыстың жаңа форматы. Жыл ішінде ата-аналармен жұмыстың жаңа форматтары енгізілді:

- Ашық есік күндері,
- Бейнежазба арқылы кері байланыс,
- Онлайн-сауалнамалар,
- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында сенім көпірін орнататын жеке кездесулер ұйымдастырылды.
- Ата-аналар тек бақылаушы ғана емес, тәрбие мен оқыту процесінің белсенді қатысушысы ретінде тартылды.

Әдіскерлер мен тәрбиешілер – табыстың тірегі Балабақша табысының артында – ізденгіш, жаңашыл, шығармашыл әдіскерлер мен тәрбиешілердің тынымсыз еңбегі жатыр. Биылғы оқу жылында өз кәсібилігімен ерекшеленген бірқатар педагогтар республикалық және облыстық деңгейдегі байқауларда жеңімпаз атанды, тәжірибелерімен бөлісті, семинар, коучингтер өткізді.

- Әдіскер – Ешмуханова Ақмарал Аманжоловна және инновация әдіскері – Оспанова Камчат Кенесовна жаңа бағдарламаларды енгізуде жетекші болды.
- Тәрбиешілер Оспанова Камчат Кенесовна, Ахметжанова Индира Нурбековна, Баксимова Ляззат Кенесовна, Ешмуханова Ақмарал Аманжоловна, Ниязова Айман Бақытжановна, Шаханова Карлығаш Адильхановна, Исакова



ва Аягоз Маратовна, Мадыбекова Балжан Каменовна, Жангабулова Айаулым Жакслыковна, Карабекова Калипа Менлибековна – авторлық әдістемесін жасап, оны тәжірибеде дәлелдеді.

Тағы басқа көптеген педагогтар үздік тәжірибелерімен танылды. Жиынның нәтижесі мен маңызы «Бала үні – бақытты балалық шақ мекені» конференциясы:

- жаңашыл тәжірибе алмасуға;
- республикалық деңгейде мәселелерді талқылауға;

- мектепке дейінгі білімнің жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Жыл бойғы жұмыстар – балаға бағытталған тәрбиенің нақты моделін қалыптастырды. Ең бастысы – баланың үніне құлақ түрілді, оның мүддесі мен қажеттілігі назарда болды. Ал бұл – кез келген білім беру ұйымының басты ұстанымы болуы тиіс. «Алтын дән» балабақшасы – жай ғана мекеме емес, бұл – бақытты балалық шақтың шынайы мекені. Мұнда баланың күлкісі – шабыт, ата-ананың сенімі – қуат, педагогтің шеберлігі – нәтиже береді.



БАЛАБАҚШАДА «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ: ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ ТІЛДІК ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Ешмуханова Акмарал Аманжоловна,

Ақмола облысы, Қосшы қаласының «Алтын дән»
балабақшасы әдіскері

Аңдатпа. Бұл мақалада «Тілге бойлау» пилоттық жоба кезеңіндегі мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы «Алтын дән» балабақшасының жұмыс тәжірибесі қарастырылған.

Түйін сөздер: физикалық қасиеттері, іс-әрекеттер, қарым-қатынас, ойын, еңбек, көркем әдебиет, сауалнама, көптілді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қазақ тілін ерте жастан меңгертуге ерекше назар аударылып келеді. Сол себепті балабақшада «Тілге бойлау» пилоттық жобасы іске асырылып отыр. «Тілге бойлау» пилоттық жобасы – мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік құзыреттілігін дамытудың жаңа тиімді тетігі болып отыр. Бұл жоба мемлекеттік тілді меңгеруді басты орынға қоя отырып, өзге тілдерді де баланың жас ерекшеліктеріне сай ойын арқылы үйретуді көздейді.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың физикалық қасиеттерін дамытуда коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы, танымдық және зияткерлік дағдыларды, шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамытумен қатар әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыруда қазақ тілін оқыту үшін жағдайлар жасау.

Балаларға қазақ тілін үйрету күн сайын күн тәртібіне сәйкес түрлі іс-әрекеттер арқылы ұйымдастырылады: қарым-қатынас, ойын, еңбек, көркем әдебиет (педагогтың көркем әдеби-

етті балаларға оқып беруі, кітаптарды, иллюстрацияларды көруі), театрландырылған және дербес.

Жоба аясында балабақшамыздағы екі орыс тобы қатысты.

«Балдәурен» мектепалды тобы тәрбиешілері: Шаханова Карлыгаш Адилхановна, Ксаинова Гульфия Геннадиевна (24 бала)

«Айгөлек» ересек тобы тәрбиешілері: Баймуратова Гаухар Алтынбековна, Ахмедова Гульчехра Махамматовна (25 бала).

Оның ішінде қазақ ұлтының балалары - 41, өзге ұлттар – 8 бала.

Күн сайын балалармен қарым-қатынаста үлгілік бағдарламаның негізінде сөздік минимумды күнделікті іс-әрекетте қолдану арқылы өткізілді. Балалардың қазақ тілді үйренуге деген қызығушылығын оятып, күні бойы барлық режимдік сәттерде және ұйымдасырылған іс-әрекетте қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастырып, баламен жеке дара түрлі жұмыстар

жүргізілді. Сондай-ақ, балалардың қазақ тілін меңгеруі мен қолдануының маңыздылығы туралы ата-аналармен де көптеген жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта ата-аналар жиналыстары, дөңгелек үстел өткізіліп, бағдарламамен таныстырып, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қазақ тілін үйрету уақыт талабы екені түсіндірілді.

Сонымен қатар балаларды қазақ тіліне оқытуға неғұрлым ертерек көңіл бөлсе, қолайлы тілдік орта қалыптастырса, мемлекеттік тілді оқыту бойынша жұмысты жүйелі түрде ұйымдастырса, нәтижелер соғұрлым табысты әрі тиімді болады. 2024-2025 оқу жылына арналған балалармен және ата-аналармен жұмыс жоспары жасалды. Күн сайын екі тілде сәлемдесу, қоштасу және алғыс айтуды үйренді. Ата-аналар мен балалардың арасында «Алтын күз» тақырыптық көрмесі ұйымдастырылды, сондай-ақ «күз» тақырыбы бойынша қазақ тілі педагогтері мен тәрбиешілері қарқынды жұмыс жүргізілді.

Сондай-ақ топта дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша көптеген жұмыстар жасалды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде «Ұлттық құндылықтар» бұрышы баланың жас ерекшелігіне сай материалдармен және ойындармен толықтырылды. Балалармен «Ұлттық ойындар жәрмеңкесі» өткізілді. Балаларды түрлі ұлттық ойындармен таныстырып, сондай-ақ көшпенділердің дүниежүзілік ойындары туралы түсінік берілді. Сонымен қатар балабақшамызда «Бес асық» ұлттық ойынының турнирі өтті. Балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылықтары өте жоғары, танып білуге құштарлықтары жоғары.

«Аналар», «Әжелер», «Әкелер» мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес қараша айында ата-ананы баланы дамыту үдерісіне тартуды күшейту және балалардың отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату мақсатында

балабақшада «Отбасы тәрбиесінің алтын қазықтары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Қазан айында «Аналар» мектебінің жоспары негізінде «Мен анамның көмекшісімін» атты чөлентж өтті. Желтоқсан айында «Әкелер» мектебінің жоспары бойынша «Бала тәрбиесіндегі менің рөлім» сауалнама жүргізілді.

Балабақшамызда балалардың дүниетанымын кеңейту, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жүйелі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Өнеріміз саған, Қазақстан» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа ересек және мектепалды топтар қатысты. Тәрбиеленушілер қазақ халқының ұлы ақындарының өлеңдерін мәнерлеп машығына келтіріп оқып, белсене ат салысты.

Жоба жүзеге асырылған кезден бастап көптеген жақсы нәтижелер байқалды:

- балалар жаңа сөздерді тез меңгеріп, күнделікті қарым-қатынаста жиі қолдана бастады;
- өзге ұлт ата-аналар тарапынан қолдау күшейіп, қазақ тілінде сөйлеп, үй жағдайында да тіл үйренуге жағдай жасала бастады;
- қазақ тілінің қолдану аясы балабақша ішінде едәуір кеңейді.

«Тілге бойлау» жобасы – мектепке дейінгі білім беру жүйесінде көптілді білім берудің тиімді үлгісі. Бұл жобаның арқасында балалар тек тіл үйреніп қана қоймай, өз ойын еркін жеткізуді, тыңдауды, түсінуді, мәдениетаралық қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Егер еліміздің барлық өңіріндегі балабақшаларда бұл жобаны кезең-кезеңмен енгізу жүзеге асатын болса, көптілді, білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында нақты әрі нәтижелі қадамдар жасалатынына сенімдімін.



ЧЕРЕЗ ИГРУ К ЯЗЫКУ: ПРАКТИЧЕСКИЙ ОПЫТ В РАМКАХ ПРОЕКТА «ТІЛГЕ БОЙЛАУ»

Ксаинова Гульфия Геннадиевна

воспитатель детского сада «Алтын дән» г.Косшы,
Акмолинской области

Аннотация. В статье представлен опыт работы детского сада «Алтын дән» г.Косшы, Акмолинской области как сделать изучение казахского языка интересным, доступным и эффективным для детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: квест, ролевая игра, викторины, музыкальные задания, доброжелательная атмосфера.

Проект «Тілге бойлау» появился как ответ на важную задачу – как сделать изучение казахского языка интересным, доступным и эффективным уже на этапе дошкольного образования. В современном обществе, где дети растут в многоязычной среде, очень важно, чтобы с раннего возраста у них формировалось положительное отношение к государственному языку. Именно поэтому основной акцент в проекте делается не только на знания, но и на формирование интереса, мотивации и практических навыков общения на казахском языке.

Квест-игра, проведённая в детском саду, стала одним из ярких примеров того, как можно превратить организованную деятельность в увлекательное и полезное приключение. Задания были организованы в виде игровых островов, каждый из которых включал задания с использованием словарного минимума по казахскому языку. Это простой, но важный набор слов и выражений, с которого начинается любое изучение языка. Дети выполняли задания, искали подсказки, взаимодействовали друг с другом и с педагогами

Почему именно квест? Потому что игра — это естественная форма обучения для ребёнка. Когда дети играют, они не боятся ошибаться, они легко запоминают новые слова, они свободно повторяют фразы. В квесте они были не просто участниками, а героями маленького путешествия, в котором знание казахского языка помогало двигаться вперёд. Такая подача материала делает обучение не принуждённым, а весёлым и запоминающимся.

И если создать доброжелательную атмосферу, наполненную играми, музыкой, движением и общением — язык начинает восприниматься как часть повседневной жизни, а не как сложный предмет обучения.

Делясь опытом, я бы порекомендовала коллегам опираться на словарный минимум. Не перегружайте детей сложными словами. Начинайте с простого и понятного: цвета, формы, действия, предметы из повседневной жизни. Повторение и постепенное расширение словаря даст стабильный результат. Проводите обучение в игровой форме.



Квесты, ролевые игры, викторины, музыкальные задания — всё это помогает детям запоминать информацию через эмоции и опыт. Пилотный проект «Тілге бойлау» уже показывает положительные результаты, и в будущем может стать основой для по-

строения новой, более эффективной системы обучения казахскому языку в дошкольных учреждениях. Важно, чтобы педагоги продолжали делиться своим опытом, развивать методики и поддерживать интерес детей к изучению казахского языка.



БАЛАБАҚШАДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Карабекова Калипа Менлибековна,
Ақмола облысы, Қосшы қаласының «Алтын дән»
балабақшасының тәрбиешісі

Аңдатпа. Мақалада мультимедиа құралдарын балабақшада қолдану әдістері туралы айтылған. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиа құралдарын тиімді пайдаланудың маңызы қарастырылған

Түйін сөздер: ақпараттық технологиялар, мультимедиа құралдары, бейнеформат.

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар тек жоғары оқу орындарында ғана емес, мектепке дейінгі ұйымдарда да кеңінен қолданыла бастады. Соның ішінде:

Мультимедиа дегеніміз не? Мультимедиа – бұл мәтін, сурет, дыбыс, бейне және анимацияны біріктіре отырып, балаларға ақпаратты қызықты әрі түсінікті түрде жеткізу әдісі.

Балабақшада қолдану артықшылықтары

1. «Көрнекілік» – суреттер мен бейнелер арқылы бала жаңа ұғымдарды оңай меңгереді.

2. «Есте сақтау қабілетін дамыту» – дыбыс пен бейнені қоса пайдалану ақпаратты берік сақтауға көмектеседі.

3. «Қызығушылықты арттыру» – мультимедиялық ойындар мен бейнероликтер баланың тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

4. «Тіл дамыту» – ертегілерді бейне мен дыбыспен беру балалардың сөздік қорын молайтады.

5. «Шығармашылық қабілет» – мультимедиялық бағдарламалар арқылы сурет салып, ән тыңдап немесе бейнеклип жасап, баланың қиялы дами-ды.

Қолдану мысалдары:

- * ертегілерді бейнеформатта көрсету;
- * дыбыстарды дыбыстауда, сандарды үйретуде анимациялық роликтер пайдалану;
- * музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде мультимедиялық әуендерді қолдану;
- * танымдық мультимедиялық ойындар ұйымдастыру.

Мультимедиа технологиялары балабақшадағы тәрбиелеу-білім беру процесін жандандырады, балалардың ойлау қабілетін, қиялын және есте сақтауын дамытады. Ең бастысы – баланың тәрбиелеу-білім беру процесіне қызығушылығын арттырады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиа құралдарын тиімді пайдалану – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған үлкен қадам.



РЕЖИМДІК СӘТТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ТИІМДІ ОҚЫТУ

Оксана Андреевна Чулкова

Ақмола облысы, Родина ауылы «Солнышко»
бөбекжайының тәрбиешісі

Қазақстанның көптілді қоғамы жағдайында өскелең ұрпақ арасында мемлекеттік тілді дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Осы бағыттағы өзекті және тиімді тәсілдердің бірі – «Тілге бойлау» жобасы.

Бұл жоба балабақшаларда жүзеге асырылуда және мектеп жасына дейінгі балалардың тұрақты тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Балабақшадағы жоба әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады:

- тілдік минуттар – жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қайталауға және бекітуге бағытталған, күнделікті шағын іс-әрекеттер;
- сюжеттік-рөлдік ойындар – ойын барысында қазақша сөйлеуді қолдану.
- ертегілерді театрландыру – қазақ халқының ертегілерін балалар жаттап алып, сахналайды.
- музыкалық шаралар – қазақ тілінде ән айту, күй мен халық әуендерін тыңдау,
- ата-аналармен бірлескен іс-шаралар – тілді нығайтуға бағытталған мерекелер, байқаулар, шеберлік сабақтар.

«Тілге бойлау» жобасы балалардың тілдік тұлғасын қалыптастырудағы маңызды қадам болып табылады. Ойын, шығармашылық және күнделікті қарым-қатынас арқылы ана тіліне ену тәрбиелеу-білім беру процесін нәтижелі ғана емес, сонымен

қатар қызықты етеді. Мектепке дейінгі білім берудегі мұндай көзқарас мемлекеттік тіл мен мәдениетті білетін, сүйетін, құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Республикалық конференция аясында «Әжеге бару» тақырыбында балалардың сөйлеу тілін дамыту, қазақ тілін оқытудағы кешенді тәсілдің тиімділігін көрсететін ұйымдастырылған іс-шаралар өткізілді.

Балалар белсенділік, қызығушылық танытты, диалогқа ықыласпен кірісті, сұрақтар қойып, өз бетінше сөйлемдер құрастырды. Жаңа сөздерді қолдана отыра, ауызша сөйлемдер құрастырып айтып берді. Семинарға қатысушылар ұйымдастырылған іс-шараларды өте жоғары бағалады.

Мемлекеттік тілді оқытуға бағытталған ұйымдастырылған іс-шаралар балалардың сөйлеу тілін дамытудың практикалық құралы ретіндегі семинар аясында өз тиімділігін көрсетті.

Балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына бағытталған әдістемелік мазмұны тілді меңгеруде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар педагогтардың кәсіби өсуіне және мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі озық тәжірибенің таралуына ықпал етеді.

«Тілге бойлау» жай ғана тәлім-тәрбиелік эксперимент емес, қазақ тілін өміршең, күнделікті және өскелең ұрпақтың құрметіне айналдыру жолындағы маңызды қадам. Тілге бойлау – қазақ халқының мәдениеті мен тарихына терең бойлаудың жолы.

ТІЛГЕ БОЙЛАУ – БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫНА ҚАДАМ

Мукашова Яна Олеговна

Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр
ауылы, «Балауса» балабақшасының тәрбиешісі

2024-2025 оқу жылындағы біздің бөбекжайымызда өткен «Тілге бойлау» жобасы біз үшін үлкен олжа болды. Оның негізгі мақсаты – балаларды туған тілдің байлығына ойын, шығармашылық және тірі қарым-қатынас арқылы бойлату болды. Соның арқасында балалар тек сөздерді жаттап қана қоймай, тілді сезінуге, оның сұлулығы мен қуатын түсінуге үйренді.

Жобаның балаларға пайдасы

Сөйлеу және сөздік қорды дамыту. Балалар ойларын байланыстырып айтуға, өз ойын қалыптастыруға және айналасындағылармен бөлісуге үйренді.

Туған тілге қызығушылықты ояту. Өлең, ән және ойын тапсырмалары арқылы балалар тілге ғашық болып, оны жақын әрі түсінікті сезінді.

Ойлау мен есте сақтауды жетілдіру. Ұйқас, ырғақ және бейнелермен жұмыс жасау балалардың назарын, қиялын және ассоциациялық ойлауын дамытты.

Әлеуметтік дағдылар. Бірлескен тапсырмалар барысында балалар бірін-бірі тыңдап, эмоцияларын білдіруге және бастамашыл болуға дағдыланды.

Нәтижелері:

Мен өз тәрбиеленушілерімнен жобаның әсерін анық көрдім: тіпті ең ұяң балалардың өзі әңгімеге белсене қатысып, өз ойын батыл жеткізе бастады. Олар ауызекі қарым-қатынастан қуаныш тауып, өз күшіне сенімді бола бастады. Ағымдағы жылы мамыр айында Республикалық семинарға қатысып өз тәжірибеммен бөлісіп мектепалды даярлық топтарына ұйымдастырылған іс-әрекет көрсеттім.

Тәрбиеші ретінде мен күн сайын балалардың кішкентай жаңалықтар ашып жатқанын көремін: ойларын жеткізуді үйренді, сұрақтар қояды, жаңа сөздер мен мағыналарды ашады. Дәл осы жаста табысты білім алудың және тұлғаның үйлесімді дамуының іргетасы қаланады.

Қорытынды

«Тілге бойлау» жобасы – жай ғана әдістеме емес. Бұл – балаларды ізденімпаз, сенімді және ашық болуға жетелейтін үдеріс. Ал біз, тәрбиешілер үшін, ол балаларға ең маңыздыны – тілге деген сүйіспеншілікті және өз-өзіне сенімділікті беретін тамаша құрал.



ӘН МЕН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНЕЙІК

Рамазанова Динара Бахытовна

Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылы, «Балауса» бөбекжайының музыка жетекшісі

Аңдатпа. Мақалада «Тілге бойлау» бағдарламасын музыкамен, логоритмикамен және арт-терапиямен ұштастыру — баланың қазақ тіліне сүйіспеншілігін оятудың, шығармашылық қабілетін дамытудың және мектепке үйлесімді дайындаудың тиімді жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: музыкалық-эстетикалық тәрбие, саусақ гимнастика, логоритмика, күй, арт-блок, импровизация.

Менің педагогикалық тәжірибемде басты ізденісім — баланы мемлекеттік тілге табиғи әрі нәзік жолмен жақындату. «Балауса» балабақшасында музыкалық жетекші болып қызмет етіп келе жатқаным отыз жыл болды, осы уақыт ішінде орыс тілінде оқытылатын топтарда қазақ тілін музыка, қимыл және көркем сөз арқылы меңгерудің ең тиімді жол екенін дәлелдедім. «Тілге бойлау» бағдарламасын музыкалық-эстетикалық тәрбиеге енгізген кезде балалардың тілді қабылдауы мүлде өзгерді: олар тілді ойын мен эмоция арқылы жеңіл әрі қуана қабылдайды. Ұйымдастырылған іс-әрекет әрқашан қазақша амандасудан басталады. Балалар тұрақты тіркестер мен өлең жолдарын шаттана қайталайды:

«Сәлем, сәлем, балақай,
Кел, ойнайық, жырлайық!
Қазақ тілін үйренеміз,
Бәріміз де қуанамыз!»

Одан кейін міндетті түрде саусақ гимнастикасы өткіземін. Оның мәтіндері мен қимылдарын өзім құрастырамын. Мысалы:

«Бір, екі, үш, төрт, бес саусақ —

Саусақтарым билеп кет!

Алты, жеті, сегіз, тоғыз, он —

Алақанды соғайық!»

Сөзді қимылмен бірге айту — баланың ұсақ моторикасын дамытады, сөйлеуді бекітеді.

Келесі кезең — логоритмика. Мұнда сөз, музыка және қимыл бірігеді. Балалар сөйлеу мен қимыл үйлесімін меңгереді, ырғақты сезінеді. Қарапайым жаттығулар біртіндеп үлкен ойындық композицияларға ұласады.

Менің жұмысымдағы ең үлкен мақтанышым — балалар оркестрі. Барлық оркестрлік қойылымдарды өзім дайындаймын: қазақ композиторларының дәстүрлі күйлерінен бастап қазіргі шығармаларына дейін таңдап, аспаптық партияларды бөліп, қимылдармен байланыстырамын.

Мысалы, Құрманғазының «Са-ры-Арқа» күйіне балалар соқпалы аспаптарда ойнап, басқа топ лентамен, домбыра макеттерімен қозғалады. Осылайша дыбыс, сөз, қимыл мен образ тұтас бір өнерге айналады. Бұл балалардың тек аспапта ойнауын ғана емес, ырғақты, зейінді және бір-бірін тыңдау дағдысын қалыптастырады.

Тоқсан сайын біз арт-блок өткіземіз. Балалар ұлттық музыка әуенімен сурет салып, эмоцияларын түстер мен сызық арқылы білдіреді. Мысалы: Құрманғазы «Сары-Арқа», Тәттімбет «Сарыжайлау», Н. Тілендиев «Аққу». Музыка мен сурет, сөз бен қиял бірігіп, тілдік материалды тереңірек меңгеруге ықпал етеді.

Жыл бойы жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде балалар жеке сөздерден сенімді сөйлемдерге, қарапайым қимылдардан толық ән мен би импровизациясына дейін дамиды. Дайындық тобының соңында олар қазақ тілінде ән айтады, саусақ гимнастикасын сенімді орындайды, әуенге қимылмен жауап береді, аспап атауларын қазақ тілінде біледі. Ең бастысы — мемлекеттік тілде сөйлесуге

оң көзқарас қалыптасады. Мектепке барған кезде олар «бос» кетпейді, өзімен бірге тілдік қазына мен рухани тәжірибені алып шығады.

Осы тәжірибемді мамыр айында «Солнышко» балабақшасында өткен республикалық семинарда көрсеттім. Әріптестер әдістемемді жаңашыл әрі нәтижелі деп бағалады. Бұл — еңбегімнің ел көлемінде де бағаланғанының дәлелі.

Менің ойымша, «Тілге бойлау» бағдарламасын музыкамен, логоритмикамен және арт-терапиямен ұштастыру — баланың қазақ тіліне сүйіспеншілігін оятудың, шығармашылық қабілетін дамытудың және мектепке үйлесімді дайындаудың тиімді жолы.



ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА МУЗЫКАЛЫҚ САЯХАТ

Каргина Вероника Николаевна

Ақмола облысы, Ақкөл қаласы «Арайлым» бөбекжайының музыка жетекшісі

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін музыка және ойын түрлері арқылы үйретудің инновациялық әдістерін қолдану түрлері қарастырылған. Сонымен бірге әндермен, өлеңдермен танысу мүмкіндіктері туралы жазылған.

Түйін сөздер: ұлттық аспаптары, ұлттық дәстүр, мәдениет, ән, өлеңдер.

«Тілге бойлау» жоба орыс тілінде оқытатын топтарда қазақ тілін жеңіл, қызықты және тиімді түрде үйретуге арналған инновациялық тәсілдер жинағы болып табылады.

Біздің негізгі мақсатымыз: балалардың қазақ тілін табиғи түрде меңгеруі үшін музыканы пайдалана отырып, қызықты, интерактивті және көрнекі әдістерді қолдану.

Қазақ тілін музыка және ойын түрлері арқылы үйретудің инновациялық әдістерін қолдандық, тек қана музыкалық дағдыларды дамытпай, сонымен қатар қазақ тіліндегі терминдермен, әндермен, өлеңдермен танысуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістердің бірі – интерактивті қарапайым әндер арқылы оқыту. Балалар қозғалыс, ырғақ және дыбыстардың көмегімен сөздерді табиғи түрде игеріп, қолданады.

Біздің тәжірибеде мына әндер тиімді болды:

«Асық әні», «Оңға-солға», «Ерте тұру», «Биле-биле шаңырақ» т.б. Балалар билеу барысында ән мәтінін қайталап, қарапайым сөздер мен сөйлемдерді оңай меңгереді.

Қазақтың ұлттық аспаптарымен дом-

быра, қобыз, сазсырнай танысу

Қазақкүйлерінен оркестр жасау. Балалармен (маракас, қасықтар, үшбұрыш, сазсырнай, дауылпаз) сияқты түрлі аспаптарды қолдана отырып белгілі «Бипыл» қазақ халық әніне сонымен қатар («Аке толғауы», «Келіншек», «Тепеңкөк» т.б) күйлеріне оркестр құрып, ритм сезімін дамыттық.

Қарапайым аспаптарды (дабыл, маракас, үшбұрыш) қолданып, балалар Айтыс челленджіне қатысып, жақсы нәтиже көрсетті. Мәтіндерді балалар ата-аналарымен үйде жаттады, ал мелодиясын біз бірлесіп үйрендік. Мен музыка жетекшісі ретінде домбырамен сүйемелдеген кезде, балалар таңқалып, қуанышпен қарап, шабыт алды. Балалар, ата-аналар және ұжым мүшелерінің қатысуымен «Қазақшаңыз қалай?» атты акция өткізіліп, қазақ тілін дамытуға бағытталған шаралар жүргізілді.

Сонымен қатар, қазақ тілі маманының қатысуымен «Дос іздеген бота» қазақ халық ертегісі қойылды. Балалар кейіпкерлердің репликаларын үйреніп, шулы аспаптарды пайдалана отырып, сүйемелдеу жасады.

Дене тілі мен сөздік қордың үйлесуі:

- «Қара жорға», «Қамажай» сияқты

т.б билерді меңгеру барысында;

- негізгі қимылдарға байланысты сөздер («қол», «аяқ», «биле»);
- жылдамдық пен бағытты білдіретін сөздер («жүгір», «тоқта»);
- кеңістіктегі қимылдар («айнал») сияқты сөздер арқылы сөздік қоры кеңейді.

Оған қоса дене тілі мен сөйлеу тілін үйлестіре білуге, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Музыка – тіл үйретудің эмоционалды, қызықты және сапалы әдісі. Ол тек қана сөздерді емес, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті және ұлттық рухты да ұғынуға көмектеседі.

Ұлттық аспаптар, әндер, ойындар және әңгімелер арқылы балалар тілді

табиғи ортада, қуанышпен меңгереді. Бұл әдістер:

- тілді игеруді жеңілдетеді (ырғақ, қозғалыс, көрнекілік арқылы).
- мәдениет пен дәстүрді сақтауға үлес қосады (халық әндері, айтыс, ертегілер).

Отбасымен бірлескен жұмысты нығайтады (QR-код арқылы үй тапсырмалары).

Балалар қазақ тілін механикалық жаттамай, ойын-ән арқылы меңгерді. Тілдік дағдылар есту, айту, қозғалыс арқылы дамыды. Ата-аналардың қатысуы арқылы отбасында тілдік орта қалыптасты.

Балаларға тілді қызықтырып үйрету — олардың болашағына салынған алтын көпір.



ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Сейтқожаева Құралай Екпішқызы,

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласының
«Әдістемелік орталық» КММ әдіскері

Аңдатпа. Мақалада тілдік орта құру – балабақшада қазақ тілінде сөйлеу кеңістігін жасау, тәрбиешілер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты қазақ тілінде жүргізу қарастырылған. Ойын арқылы оқыту – қызықты ойындар, шығармашылық тапсырмалар, ертегілер мен қойылымдар арқылы балалардың тілді меңгеруіне жағдай жасау туралы жазылған.

Түйін сөздер: инновациялық тәжірибе, тілдік орта, қарым-қатынас, ұлттық ойындар, тапқырлық, икемділік, батылдылық.

Тіл – халықтың рухани байлығы, мәдени мұрасы, ұлттық бірегейлігінің негізі. Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мәртебесін көтеру және оны кеңінен қолдану мақсатында түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – «Тілге бойлау» республикалық пилоттық жобасы. Бұл жоба мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйретудің тиімді әдістерін қолдану арқылы балалардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бүгінгі күні бұл пилоттық жоба еліміздің 135 мектепке дейінгі ұйымында жүзеге асырылуда. Соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысының 30 балабақшасы жобамен қамтылған.

2024 жылғы шілде айында өңіріміздің жобаға қатысушы 300-ден астам педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті, оларға тұрақты түрде әдістемелік қолдау көрсетілуде. Балалардың бағдарлама мазмұнын меңгеруінің тиімділігін бақылау мақсатында ай сайынғы мониторинг жүргізіледі.

«Халықаралық инновациялық тәжірибеге негізделген бұл тәсіл баланың шығармашылық дамуын ынталанды-

рып, оның оқуына қолдау көрсетеді. Мұндай тәсілдің ерекшеліктерінің бірі – балалардың шығармашылығын шектемей, керісінше дамытуға бағытталған. Ол балалардың сөздік логикасын, сөйлеу дағдысын дамытады.

Бүгінгі таңда «Тілге бойлау» жобасы аясында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тілдік ортаны қалыптастыру және дамыту жұмысы тиімді жүзеге асырылуда.

«Тілге бойлау» жобасының негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, балаларға тілді меңгертуге қолайлы тілдік орта қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылған:

- қазақ тілін күнделікті қарым-қатынас тіліне айналдыру;
- балалардың сөздік қорын байыту және сөйлеу мәдениетін дамыту;
- тәрбиешілер мен ата-аналардың қазақ тілін меңгерту үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Жобаның сәтті жүзеге асырылуы үшін келесі қағидаттар негізге алынады:

«Тілге бойлау» жобасы балаларды мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыратын жайлы тілдік орта қалыптастыруға бағытталған. Оқу жыл сайын әртүрлі бағытта ұйымдастырылады: коммуникативті, ойын түрінде, еңбек арқылы, көркем, театрландырылған және өз бетінше.

Тілдік орта құру – балабақшада қазақ тілінде сөйлеу кеңістігін жасау, тәрбиешілер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты қазақ тілінде жүргізу. Ойын арқылы оқыту – қызықты ойындар, шығармашылық тапсырмалар, ертегілер мен қойылымдар арқылы балалардың тілді меңгеруіне жағдай жасау. Қатысымдық әдісті қолдану – балалардың белсенді сөздік қорын қалыптастыру мақсатында қарым-қатынасқа негізделген тапсырмалар мен жаттығулар жүргізу.

Солтүстік Қазақстан өңірінің «Ақбота», «Алпамыс», «Айгөлек», «Мирас» балабақшалары бұл жобаға белсене қатысып, мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда инновациялық әдістерді енгізуде. Соның ішінде — «Ұлттық құндылықтар» атты қалалық тәжірибелік семинарлар ұйымдастырылып өтті. Бұл семинарға қаладағы мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, тәрбиешілер, қазақ тілі педагогтері, ата-аналар, сондай-ақ басқа да сала мамандары қатысты. Бұл ойындар балалардың қазақша сөздік қорын байытуға, еркін сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекеттік тілді құрметтеуге алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала

денсаулығының мықты болуы, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл орайда біз ұлттық ойындарға үлкен көңіл бөліп отырмыз.

Қазақтың ұлттық ойындары – бабаларымыздан қалған асыл қазына. Балабақшада қазақтың ұлттық ойындарын бүлдіршіндерге ойнату мен үйретудің негізгі мақсаты балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюға, спорттық шеберліктері мен мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Сондықтан халықтық мұраны үйренудің әрі күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде орасан пайдасы тимек.

Ойын әр баланың алдынан өмірдің жарқын сәттерін ашып, жеке қасиеттерімен біте қайнасып, әрі қарай дамуымен ұштасады. Оның ішінде «Бестемше», «Ханталапай», «Мерген», «Ақсерек – Көксерек», «Асық» сияқты ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйретеміз. Яғни таңертеңгі қабылдау кезінен бастап кешке баланың үйіне қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас ұйымдастырылған іс-әрекеттерімен жүргізіледі. Сондықтан бағдарлама бойынша арнайы өтетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу көзделген.

Ең бастысы, ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын бала санасына құйып, көз алдында көрсете отырып сіңіру оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, бауырмалдыққа, қамқорлыққа баулиды.



КӨПТІЛДІ ОРТА ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ: «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Тайгушкарова Роза Жагудаевна

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы «Айгөлек»
бөбекжайының қазақ тілі педагогі

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін балаларға қолжетімді әрі қызықты ету, олардың болашақта әлеуметтенуіне және дағдыларды меңгеруіне қолайлы жағдай жасау туралы баяндалады.

Түйін сөздер: қалыптастыру, дамыту, этномәдени кеңістік, ойын әдісі, күнделікті іс-әрекеттер, қолжетімді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі – көптілді орта жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. Бұл міндет біздің елімізде ерекше өзекті болып отыр, себебі көпұлтты қоғамымызда мемлекеттік тілді білу тек қажеттілік қана емес, сонымен қатар азаматтық бірегейліктің маңызды белгісі болып саналады. Осы мәселені шешудің тиімді жолдарының бірі – орыс тілінде оқытылатын топтарда жүзеге асырылып жатқан «Тілге бойлау» жобасы. Бұл жоба Солтүстік Қазақстан облысында сәтті іске асырылып, 30 балабақша мен 300-ден астам педагог осы жоба аясында тілдік ортаны қалыптастыру мен дамыту бағытында жаңа әдістерді меңгерді.

Бүгін мен сіздермен осы жоба бойынша біздің балабақшада жасаған тәжірибемізбен бөлісуді ұсынамын.

Тәжірибемізді бастау: өзімізден бастадық. Бұл жоба біз үшін үлкен жауап-

кершілікті талап етті, өйткені тілдік ортаға ену тәсілі мен оқыту әдістемесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, біз өзімізден бастадық. Пилоттық топтағы тәрбиешілердің мемлекеттік тілді жеткілікті деңгейде меңгермеуі бізге қиындықтар туғызды. Осы мәселені шешу үшін біз «Тілашар» үйірмесін ұйымдастырып, тәрбиешілерге тұрақты түрде қазақ тілін үйретуді бастады.

Тілдік орта мен этномәдени кеңістік құру. Келесі қадам — балалардың тілдік ортаға табиғи түрде енуін қамтамасыз ететін арнайы заттық-дамытушы орта мен этномәдени кеңістік құру болды. Осылайша, ұлттық мәдениет орталықтары, қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетіне арналған көрме-музейлер, альбомдар, иллюстрациялар жасақталды. Мысалы, «Ұлттық баспана – киіз үй», «Ұлттық аспаптар», «Киім», «Қазақ халқының тұрмыстық заттары» сынды тақырыптар балалардың қызығушылығын оятып, қазақ тілін үйренуге ықпал етті.

Біздің басты ұстанымымыз – баланы сөйлеуге мәжбүрлеу емес, керісінше тілді табиғи түрде меңгеруге мүмкіндік беру болды. Мектепке дейінгі жастағы балалар жаңа ақпаратты тез қабылдайды, әсіресе ойын арқылы және эмоциялық түрде ұсынылған кезде.

Осылайша, біз оқытудың негізі ретінде ойын әдісін қолдандық. Күнделікті өмірде балаларға қазақша қимылды ойындар, әндер мен өлеңдер ұсындық. Мысалы, «Ақ серек, көк серек», «Сақина тастамақ», «Бестемше», «Соқыр теке» сияқты қимылды ұлттық ойындарын пайдалану арқылы біз балаларға тілді қызықты және эмоционалды жақын ете алдық.

Тілдік материалдарды меңгеруге көмектесетін жарқын иллюстрациялар, карточкалар, мультфильмдер пайдаланылды. Бұл балаларға жаңа сөздер мен тіркестерді жеңіл меңгеруге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, нақты өмірлік жағдайларда тіл үйретуді мақсат етіп, тамақтану, жуыну, серуендеу сияқты күнделікті іс-әрекеттерді қазақ тілінде сүйемелдедік, балалар өз іс-әрекеттерін қазақ тілінде сипаттауды үйренді.

Тіл үйрену процесінде балалар өздерін жайлы сезіну үшін жағымды атмосфера құрылды. Қателіктерді жұмсақ түзетіп, балалардың өзін-өзі сенімді сезінуіне жағдай жасалды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын түрінде өтті, балалардың қызығушылығы ескерілді. Бұл олардың шаршауын болдырмай, тапсырмаларды ертегі кейіпкерлері, сиқырлы жіп, қимылды үзілістер мен саусақ жатығулары арқылы қызығушылықпен орындауына ықпал етті.

Балалармен бірге ойнай отырып, олардың табиғи қабілеттері мен коммуникативтік дағдылары ашылды. Күн сайын режимдік сәттерде және

ұйымдастырылған іс-әрекетте ойын жағдайлары жасалды. Әр бала өз деңгейінде қатысып, біреулері тыңдап түсінді, басқалары қысқа сөйлемдермен жауап берді, үшіншілері толық сөйледі. Педагогтер күні бойы балаларды қазақ тілінде сөйлесуге ынталандырды, сөйтіп, олар бір-бірімен жас ерекшеліктеріне сай мазмұнмен қазақша сөйлесе бастады.

Қазақ тілін үйренуде отбасының рөлі ерекше. Баланың тілге деген қызығушылығы мен мотивациясы көбінесе ата-ананың қазақ тіліне деген құрметіне және оның қолданылуына байланысты.

Қазақша сөйлемейтін отбасыларда да тілдік орта жасауға болады: бірге қазақша ән тыңдап, балаларға кітаптар оқып беру, мультфильмдер көріп, оларды бірге талқыласа, тәрбиелеу-білім беру процесі қызықты әрі тиімді өтеді.

Біз, педагогтер, негізін қаласақ, отбасында білімді бекіту өте маңызды. Ата-аналар балаларына жаңа сөздерді қайталауға көмектесіп, балабақшада не үйренгенін сұрап, жетістігіне қуанады. Отбасы мен балабақша арасындағы тәрбиелік әдістердің үйлесімділігін сақтау және ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» белсенді жұмыс істейді. Ата-аналарға қазақ тілінде балалармен қалай жұмыс істеуге болатыны туралы нақты ұсыныстар мен әдістер берді. Осылайша, қазақ тілін үйрену – ортақ іс. Балабақша мен отбасының тығыз ынтымақтастығында ғана біз екі тілді, мәдениеті бай, өзіне сенімді және көптілді қоғамда өмір сүруге дайын ұрпақты тәрбиелей аламыз.

Оқу жылының соңында біз жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Балалар қарапайым сөйлеу тілін түсініп, негізгі сөздер мен тіркестерді қолдана алатын деңгейге жетті. Ата-аналар тәрби-



елеу-білім беру процесінде белсендірек қатысып, балабақшаның қазақ тілін үйренуге бағытталған бастамаларын үй жағдайында қолданды.

Біз мұның бәрін балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығы мен мотивациясының қалыптасуының нәтижесі ретінде бағаладық.

Сонымен қатар, біздің тәрбиешілеріміз Балаларды ерте дамыту институты ұйымдастырған «Шынықсаң, шымыр боласың», «Ұлттық ойын – ұлттық қазына», «Менің елім – бақытты балалық шағым» сияқты байқауларға қатысты.

Бұл нәтижелер бізге қазақ тілінің мектепке дейінгі жастағы балалар үшін

табиғи және қолжетімді болатынын дәлелдеді.

«Тілге бойлау» бағдарламасы – жас ұрпақтың қазақ тілі мен мәдениетіне деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл жоба әрбір балаға, ана тіліне қарамастан, қазақ тілін меңгеруге үлкен ықпал етеді.

Біздің ортақ мақсатымыз — қазақ тілін балалар үшін тірі, қолжетімді әрі қызықты ету, олардың болашақта әлеуметтенуіне және тілді меңгеруіне қолайлы жағдай жасау. Біз көптілді қоғамда қазақ тілі мәртебесін сақтап, оны қолдану арқылы елдің мәдениетіне, тарихына және болашағына өз үлесімізді қосамыз.

ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ: АКТУАЛЬНЫЕ ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»

Кубеева Карлыгаш Сапабековна

старший методист КГУ «Методический центр»

Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация. В статье излагаются этапы реализации проекта, способствующие созданию позитивной языковой среды в дошкольной организации и повышению уровня знания казахского языка как педагогами, так и детьми.

Ключевые слова: языковые компетентности, словарный минимум, обогащение словарного запаса.

Главная идея пилота «Тілге бойлау» проста и понятна каждому: не просто учить казахский язык, а жить в нём - играть, общаться и делать всё это легко и естественно. Пилот был внедрен в 30 дошкольных организациях, в котором приняли участие 2011 воспитанников, 116 воспитателей, 30 заведующих, 30 методистов и 32 преподавателя казахского

Подготовка к проекту началась с обучения наших педагогов: они прошли специальные курсы и участвовали в семинарах, где изучили эффективные методы работы с детьми и родителями. Творческими группами педагогов были разработаны методические рекомендации по эффективному погружению детей в языковую среду: «Развитие языковых компетентностей дошкольников на государственном языке с использованием речевых технологий», «Қазақ тілін үйренейік - Изучаем казахский язык» (словарь в помощь педагогам), рекомендации по взаимодействию с родителями.

С целью эффективного погружения детей в языковую среду педагогами старших и предшкольных групп в течение дня, во всех режимных моментах использовался словарный минимум на казахском языке, способствующий обогащению словарного запаса, развитию речи на государственном языке. Включение словарного минимума в воспитательно-образовательный процесс в течение дня отражался в циклограммах воспитательно-образовательной работы педагогов дошкольной организации. Особое внимание мы уделили родителям, ведь успех детей невозможен без участия семьи. Мы организовали собрания, подготовили наглядные стенды и материалы для домашнего использования. В результате родители стали нашими главными помощниками и единомышленниками. Например, родители записывали видео, как дети поют казахские песни и рассказывают стихи, а затем делились ими в социальных сетях, что мотивировало других роди-



телей присоединяться к проекту.


Одним из обязательных условий реализации пилотного проекта является отслеживание результатов реализации программы. Ежемесячно проводился мониторинг освоения программы «Тілге бойлау» в старших и дошкольных группах, на основании мониторинга организовывалась работа в группах по последователь-

ному усвоению норм разговорной речи на государственном языке.

Полученные данные регулярно анализировались, на основании чего корректировался образовательный процесс.

Ежемесячные результаты мониторинга показали стабильный рост уровня овладения детьми казахским языком.

Таблица по итогам ежемесячного мониторинга в рамках пилота «Тілге бойлау» в детских садах Костанайской области:



Из анализа результатов мониторинга следует, что на начало учебного года высоким уровнем языковых навыков обладали 44% воспитанников. К концу учебного года этот показатель увеличился до 60%. Также увеличилась доля воспитанников со средним уровнем владения языком, что свидетельствует о равномерном улучшении знаний и навыков у большинства детей и результативности образовательной деятельности в ходе реализации пилотного проекта.

Таким образом, пилотный проект «Тілге бойлау» показал свою эффективность в формировании у дошкольников и родителей интереса к изучению казахского языка, развитию базовых коммуникативных навыков. Реализация проекта способствует созданию позитивной языковой среды в дошкольной организации и повышению уровня знания казахского языка педагогами детского сада. Достигнутые результаты свидетельствуют об эффективности выбранных подходов и методов работы.

ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ РЕАЛИЗАЦИИ ПИЛОТНОГО ПРОЕКТА «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: АКТУАЛЬНЫЕ ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Унгарова Асия Канаткалиевна

методист ясли – сада №10 г.Рудный, Костанайской области

Аннотация. В статье изложены достижения ДО в период реализации проекта «Тілге бойлау», способствовавшие сплочению команды воспитателей и сделавшее детский сад пространством открытого общения и культурного обмена, представлены пути популяризации казахского языка.

Ключевые слова: единомышленники, интеграция, дидактические игры, интерактивные материалы, мультимедийные ресурсы, традиции, культурные ценности.

«Можно ли изучать язык, не заучивая его?» Наш опыт показывает, что да! Именно об этом наш пилотный проект «Тілге бойлау», в котором мы приняли участие. Подготовка к проекту началась с обучения наших педагогов: они прошли специальные курсы и участвовали в семинарах, где изучили эффективные методы работы с детьми и родителями. Творческими группами педагогов были созданы практические материалы, такие как: «Ойнаймыз және қазақша сөйлейміз», «Қазақ тілі оңай және қызықты», которые делают изучение языка увлекательным для детей.

Особое внимание мы уделили родителям, ведь успех детей невозможен без участия семьи. Мы организовали собрания, подготовили наглядные стенды и материалы для домашнего использования. В результате родители стали нашими главными помощниками и единомышленниками. Например, родители записывали видео, как дети поют казахские песни и рас-

сказывают стихи, а затем делились ими в социальных сетях, что мотивировало других родителей присоединиться к проекту.

Как же мы создавали языковую среду?

Педагоги интегрировали казахский язык буквально в каждый момент дня – от приветствия утром до прощания вечером. В детских садах появились яркие дидактические игры, интерактивные материалы и мультимедийные ресурсы. Дети с огромным интересом участвовали в игровых квестах, соревнованиях и творческих занятиях, которые полностью проходили на казахском языке.

Результаты нашего участия в проекте вдохновляют:

- Дети начали с удовольствием использовать казахский язык в играх и бытовых ситуациях.
- Дети, которые ранее не говорили на казахском, теперь уверенно по-



нимают и выполняют инструкции.

- Появилось позитивное отношение к языку, дети начали петь песни на казахском, вызывая искренний интерес у всей семьи.

Наши педагоги также почувствовали значительные перемены:

- Они стали увереннее благодаря доступным и простым методическим материалам.
- Начали активно использовать казахский язык даже в публичных выступлениях и семинарах.
- С гордостью представляли свои успехи на республиканском семинаре и активно делились опытом в социальных сетях, публикуя видеоролики с детьми и родителями.
- Благодаря проекту педагоги почувствовали себя частью единой команды, у них появилось ощущение поддержки и единства целей.

Отдельно хочется отметить изменение отношения родителей:

- Появилась поддержка, доверие и искренний интерес к языку.
- Родители сами активно включились в процесс: участвуют в играх, драматизациях, квестах, записывают видео и делятся ими.
- Мы наблюдаем, как семья начинает активно вовлекаться в культурные

мероприятия, организованные детским садом, что способствует укреплению семейных традиций и развитию уважения к культурным ценностям.

Проект «Тілге бойлау» сделал казахский язык частью нашей повседневной жизни. Он помог сплотить команду воспитателей и сделал наш детский сад пространством открытого общения и культурного обмена.

Что мы планируем дальше?

- Расширить проект на новые группы.
- Продолжить обучение педагогов.
- Усилить обмен опытом с другими детскими садами.
- Создать цифровую библиотеку методических и игровых материалов для поддержки педагогов и родителей.
- И главное – сохранить атмосферу радости, интереса и открытости к языку.

«Тілге бойлау» - это не только про язык. Это про уважение, про развитие, про наше общее будущее. Ведь когда ребёнок играет, он учится незаметно, естественно.

«Бала ойнағанда, ол байқамай үйренеді – бұл мектепке дейінгі тәрбиенің күші».

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Жумабаева Жайнагуль Болатовна

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы әдіскері, қазақ тілі мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада балаларға мемлекеттік тілді меңгертудің маңыздылығы туралы жазылған. Сонымен бірге «Тілге бойлау» жобасы балаларды мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыратын жайлы тілдік орта қалыптастыруға бағытталғандығы туралы айтылған. Жоба қорытындысы бойынша оң нәтижелер баяндалған.

Түйін сөздер: ертегі, бесік жыры, пилоттық жоба, диалог, мектепке дейінгі ұйым.

Бауыржан Момышұлы атамыз: «Мен үш нәрседен қорқамын: бірінші – өзінің сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, екінші – өзінің немересіне ертегі айтып бере алмаған ата мен әжеден, үшінші – екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанынан» деген екен. Тәрбиенің тал бесіктен басталатынын байырғы заманнан білетін қазақ халқы бесік жырының, ертегінің, тілдің ұлт үшін маңызын ұмытып бара жатқандай. Бұл үшеуі - бала тәрбиесінің бастауы, қайнар көзі. Әрбір мөлдір бұлақ негізін бастаудан алады. Біздің мөлдір бұлағымыз – келешек ұрпақ, балаларымыз емес пе?

Қазіргі таңда өзекті болған мәселелердің бірі – тіл мәселесі. Тәуелсіздік алғаннан бері 30 жылдан астам уақыт өтсе де тіліміз әлі ақсап тұр. Бұған не себеп? Меніңше, мұның көптеген себептерінің бірі – ол ата-аналардың отбасында балаларға дұрыс көңіл бөлмей, олардың көріп жатқан бағдарламаларына қадағалау жасап, шектеу қоймайтындықтары. Таңнан кешке дейін бала «телефонның» тәрбиесінде. Үйде ата-анасымен сөйлеспеген баланың сөздік қоры екі ауыз сөздің басын дұрыс құрауға да жетпейді. Теледидар мен ұялы телефон-

да қаралымдары белең алып бара жатқан Тик-Ток, Youtube сияқты көптеген бағдарламалар мен арналар жас ұрпақтың санасын улауда. Осының салдарынан балалар ойларын жеткізуде «и, или, это, потом» сияқты «паразит» сөздерді көптеп қолданады. Көзге көрінбейтін кемшіліктің ар жағында бүтіндей бір ұлттың – қазақ ұлтының тағдыры тұрғанын көбіміз түсіне бермейтініміз өкінішті...

«Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» дегендей, әркім өз білім деңгейін тілін қаншалықты сыйлап, құрметтейтіндігін ана тілінде сөйлеу арқылы көрсетеді. Күнделікті өмірде ата-аналардың балаларымен басқа тілде сөйлесіп жүргенін жиі көреміз. Бұл жағдай құлаққа жағымсыз естіліп, көзге ерсі көрінеді. Өзге тілде сөйлеу «сән емес» екенін қоғамның санасына сіңіруіміз керек! Отбасының тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Ұлттық арналардан қызықты, қазақи, салт-дәстүрді дәріптейтін бағдарламалар көрсету жағы ұйымдастырылса – бұл нұр үстіне нұр болар еді, әрине.

2024 жылы «Тілге бойлау» республикалық пилоттық жобасы іске қосылды. «Тілге бойлау» жобасы балаларды



мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыратын жайлы тілдік орта қалыптастыруға бағытталған. Оқу жыл сайын әртүрлі бағытта ұйымдастырылады: коммуникативті, ойын түрінде, еңбек арқылы, көркем, театрландырылған және өз бетінше. Жобаға Қарағанды облысынан 25 мектепке дейінгі ұйым енген болатын. Жоба қорытындысы бойынша өзге ұлт өкілдері тәрбиеле-

нушілері қазақ тілінде айтылған сөздерді түсініп, жауап қайтарып, кейбірі диалогқа түсе алатын деңгейге жетті.

Қазақ тілі мәртебесінің жоғарылауы не төмендеуі – тек бізге ғана байланысты. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, тіліміздің мәртебесін ел болып, бірге көтерейік!

«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУ-ЗАМАНАУИ БРЕНДТІҢ БЕЛГІСІ

Килибаева Нурлы Жукалтаевна,

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласының «Алпамыс»
бөбекжайының директоры

Аңдатпа. Мақалада «Алпамыс» бөбекжайының даму тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары қарастырылған. Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу дағдыларын игеру, балаларды қазақ тілін оқыту арқылы қазақ халық мәдениетінің бастауларына баулу туралы жазылған.

Түйін сөздер: тұжырымдама, бағдарлама, инновациялық әдістер, технологиялар, коммуникативтік дағдылар.

Бүгінгі таңдағы ғаламдану дәуірінде әлемдік тілдердің үстемдігі арта түсуде. Бұл жағдайда ана тілімізді сақтап, дамыту және оны қоғам өміріндегі нақты қатынас құралына айналдыру – біздің бірінші міндетіміз. Осы мәселені шешудің тиімді тетігі – жан-жақты ойластырылған және жүйелі іске асырылатын «Тілге бойлау» бағдарламасы болып табылады.

Бұл бағдарлама тек қана тіл үйретумен шектелмейді. Ол – тұтас бір идеология, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге, тілге деген сүйіспеншілікті қалыптастыратын, ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын ірі әлеуметтік-мәдени жоба. Бұл бағдарлама «Алпамыс» бөбекжайының даму тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарын айқындайды. Қызметтің түпкі мақсаты-үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Бағдарламаның маңызды сипаттамасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқтудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асырудың психоло-

гиялық-педагогикалық жағдайларын қамтамасыз ету саласында педагогтердің біліктілігін арттыруға және педагогтер мен тәрбиеленушілерді тілдік ортаға бойлауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Тәрбиеленуші, педагог және ата-ананың өзара байланысы негізінде баланың дамуы жүзеге асады. Бұл тәсіл балалардың даму көрсеткіштерінің біріне бұрамалануды болдырмайды, бұл баланың біртұтас тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді.

«Алпамыс» бөбекжайы мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым, жобалық қуаты 230 орын. «Алпамыс» бөбекжайында 12 топ бар, оның ішінде мемлекеттік тілде оқытатын топтар-4, орыс тілінде оқытатын топтар саны-8.

Бағдарламаның мақсаты мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде инновациялық әдістемелер мен технологияларды қолдану арқылы балалардың мемлекеттік тілді меңгеру бойынша коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.



Бағдарламаның міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін қолайлы қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, оның мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтар негізінде әрбір баланың әлеуетін тұтас ашу, балаларға қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарды, патриотизм сезімін, Отанға деген сүйіспеншілікті ояту.

- мемлекеттік тілді меңгеру үшін дамытушы заттық- кеңістіктік орта құру;
- тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды отбасының, қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік-мәдени нормаларына, дәстүрлеріне тарту.

Бағдарламаның өзектілігі мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін арттыру. Мектепке дейінгі жаста бала жеке тұлға ретінде қалыптаса бастайды, сондықтан осы кезеңде барлық негізгі білім мен дағдыларды қалыптастыру қажет.

Бағдарламаның миссиясы:

Қазақстанның болашағы бүгінгі ұрпаққа байланысты. Сондықтан бүгінде кішкентай азаматтарда патриотизм

мен азаматтық сезімін тәрбиелеу қажет. Бұл сезімдерді тәрбиелеудегі маңызды фактор-тілді, өз халқының салт-дәстүрлерін терең құрметтеу

Бағдарламаның стратегиялық блогы:

Мектепке дейінгі ұйымда қазақ тілін енгізу жобасына педагогтарды, балаларды және олардың ата-аналарын тарту.

Ұлттық құндылықтар арқылы инновациялық технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілін үйрету.

Бағдарламаны іске асыру барысында күтілетін нәтижелердің сипаттамасы:

Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу дағдыларын игеру, балаларды қазақ тілін оқыту арқылы қазақ халық мәдениетінің бастауларына баулу.

Тілге бойлау – бұл бір күнде шешілетін мәселе емес. Бұл – жүйелі, ұзақ мерзімді және біздің әрқайсымыздың жеке жауапкершілігімізді қалайтын үдеріс. Мектепте, отбасында, жұмыс орнында және күнделікті өміріміздің әр сәтінде тілімізге қамқорлық жасау – біздің парызымыз. Тіл – біздің рухани геніміз, тарихи жадымыз. Оны сақтап, байытып, болашақ ұрпаққа аманат етіп жеткізу керекпіз. Ұлт рухани жаңғыруының бастауы – тілден басталады!



КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ: ОТ ИГР ДО ОБЩЕНИЯ

**Лопунова Елена Юрьевна,
Такенова Зарина Сериковна ,**

воспитатели старшей группы
ясли-сад «Ақбота», село Доскей, Бухар-Жырауского
района, Карагандинской области

Аннотация. В статье излагается системный, комплексный подход в реализации проекта «Тілге бойлау», включающий работу с семьями и педагогами, что способствовало успешному погружению в языковую среду и формированию у детей любви к родному языку и культуре.

Ключевые слова: многонациональный, государственный язык, национальная идентичность, когнитивные функции, коммуникативные навыки, словарные нормы.

Казахстан – многонациональная страна с богатой культурой и историей. В этом многообразии казахский язык занимает особое место, являясь государственным языком и неотъемлемой частью национальной идентичности. Именно поэтому раннее изучение казахского языка детьми дошкольного возраста имеет исключительное значение, формируя основу для успешной социализации и гармоничного развития подрастающего поколения.

Изучение языка в раннем возрасте стимулирует развитие когнитивных функций, таких как память, внимание, логическое мышление и способность к решению проблем. Дети легче усваивают язык в дошкольном возрасте, так как их мозг обладает большей пластичностью и способностью к обучению.

Республиканский пилотный проект «Тілге бойлау» был инициирован с целью активизации и углубления изучения казахского языка в дошкольных

организациях, а также погружения детей, родителей и педагогов в казахскую языковую среду. Этот проект стал важным этапом в реализации национальной политики по сохранению и развитию казахского языка, а также способствовал формированию у дошкольников и их семей позитивного отношения к родному языку и культуре.

Изучение казахского языка способствует знакомству с богатейшей казахской литературой, музыкой, фольклором, что расширяет кругозор и повышает культурный уровень детей. В настоящее время государство уделяет огромное внимание именно раннему изучению государственного языка детьми.

И наш КГКП «Ясли-сад «Ақбота» стал участником пилотного проекта Министерства образования по погружению детей в языковую среду «Тілге бойлау».

Основной целью пилотного проек-



та «Тілге бойлау» являлось создание условий для полноценного языкового погружения, развитие коммуникативных навыков детей и взрослых на казахском языке, а также интеграция казахского языка во все сферы деятельности дошкольной организации. В рамках реализации проекта особое внимание уделялось работе с родителями, педагогами и воспитанниками, чтобы обеспечить системный подход к языковому воспитанию.

В ходе реализации цели и задач проекта изучение казахского языка было интегрировано во все сферы деятельности дошкольных организаций:

- организованная деятельность: внедрение казахского языка в игровые, познавательные и творческие занятия; использование национальных песен, стихов, сказок и игр;
- работа с родителями: организация мероприятий в рамках «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі», где родители получали методическую поддержку и вместе с детьми осваивали казахский язык;
- развлечения и праздники: утренники, развлечения, соревнования, квесты, выставки, тематические недели, посвященные казахской культуре и языку, что способствовало формированию позитивного отношения к родному языку у всей семьи.

Обучение детей государственному языку организуется ежедневно в соответствии с режимом дня через различные виды детской деятельности: общение, предметная, игровая, трудовая, художественная (чтение педагогом художественной литературы, просмотр книг, иллюстраций), театрализованная и самостоятельная.

С целью овладения государственным

языком, рекомендуется ежедневно обучать детей словарному минимуму, определенному Типовой учебной программой, развивать разговорную связную речь воспитанников, а также знакомить с культурой, традициями и обычаями казахского народа, обогащать активный словарь, осваивать словарные нормы, культуру общения. Педагоги используют в работе «говорящие стены» для лучшего запоминания, проговаривают меню на двух языках, организывают утренний прием «Сәлемдесу», а также проводят утреннюю зарядку с атрибутами (асық, национальный орнамент, флажки, камшы и т.д.).

Важную роль играет создание языковой среды, погружение в языковую атмосферу с помощью казахской музыки, игр и общения. Поэтому ежедневно при выполнении утренней зарядки, при подготовке к прогулке, при подготовке ко сну дети прослушивают мелодии казахского народа, күйи, играем в казахские национальные игры «Тақия тастамақ», «Тенге алу», «Күш сынасу», «Қамшы алу», «Асық ату», «Бәйге», «Қыз қуу», «Айгөлек».

В ходе работы над проектом мы искали все новые и новые пособия, игры, методы и приемы для более легко и увлекательного изучения казахского языка с детьми, а также для крепкого заерепления и отличного понимания изученного материала. Он стал толчком к поиску оригинальных подходов к вопросу погружения в языковую среду не только детей, но и их родителей. И с уверенностью можно сказать что все участники проекта с интересом воспринимали наши идеи, задания, принимали активное участие во всех мероприятиях, организованных в рамках реализации проекта. Мы с гордостью можем сказать что наши дети и родители стали лучше понимать казахский язык, у них появился интерес, и дае азарт

в изучении языка, а вместе с этим и уважение к государственному языку, культуре и традициям казахского народа.

Мы, воспитатели, сами получили возможность изучать казахский язык вместе с детьми и родителями более углубленно на протяжении всего учебного года. И мы отметили что наш уровень овладения государственным языком значительно улучшился, мы можем понять большую часть информации на казахском языке, ответить на вопросы о себе, здоровье и семье, и даже поддержать диалог.

Республиканский пилотный про-

ект «Тілге бойлау» стал эффективной платформой для внедрения казахского языка в повседневную жизнь дошкольных организаций. Он показал, что системный, комплексный подход, включающий работу с семьями и педагогами, способствует успешному погружению в языковую среду и формированию у детей любви к родному языку и культуре. Надеемся, что полученные результаты послужат основой для дальнейших масштабных мероприятий по развитию казахского языка в системе дошкольного образования и станут важным вкладом в сохранение национальной идентичности.



ТІЛМЕН ТЫНЫСТАҒАН ТАҒЫЛЫМ

Асқарбаева Саягуль Рахымберлыевна,

«Ақбота» бөбекжайының тәрбиешісі, педагог-модератор
Доскей ауылы, Бұқар жырау ауданы, Қарағанды облысы

Аңдатпа. Мақалада «Тілге бойлау» пилоттық жобасы мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы маңызы туралы жазылған. Сонымен бірге «Тілге бойлау» жобасының баланың ойлау қабілетін, тыңдап түсіну және еркін сөйлеу дағдыларын дамытудағы рөлі қарастырылған.

Түйін сөздер: қазақ тілі, тіл мәртебесі, мультфильм, қазақ ертегілері, ұлттық құндылықтар.

Тіл, тіл мәдениеті, оны игеру әр балада әртүрлі жеке ерекшелікке сай біртіндеп дами бастайды. Баланың тілі денсаулығында ақауы болмаса бір жасында да, төрт жасында да шығуы мүмкін. «Бала тілі бал» деп, айтқан дана халқымыз, баланың дұрыс сөйлеуін қадағалап отырған. Тіл – ұлттың тірегі, адамның жан дүниесін көрсететін айна десе артық емес. Тіл – дүниені танудың кілті. Демек, әр халықтың өз мәдениеті бар десек, сол мәдениеттің ажырамас бөлігі осы тіл болып саналады. Сондықтан ел мәдениетінің жоғары болуы тілдің ұшқырлығында. Бүгінде қазақ тілінің коммуникациялық әлеуетін күшейтуге байланысты өнімді жобалар жүзеге асып келеді. Осы орайда тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілін ғылым мен білім тіліне айналдыру, цифрлы кеңістіктегі рөлін арттыру сияқты маңызды мәселелерге назар аударатынымыз анық.

Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қазақ тілінің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беретінін мәлімдейді. «Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл

үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық, экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор, бұл мемлекеттік тілдің болашағы үшін де өте маңызды екенін айта келе, «Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс», - деп санайды мемлекет басшысы [1].

Сондықтан өзгеріске толы заман талабы педагогтер қауымына өзгермелі заманауи мәселелерге сай баланың алған білімі мен игерген дағдыларын болашағында қолдана алатындай әр салада қызмет жасай алатын әмбебап бола алуында. Ал баланың сан қырлы болып өсуі отбасынан басталса, балабақшамен, мектеппен ұштала түседі.

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» десек, баланың ана тілінің базалық құндылығын меңгеруі қазір мәселе ретінде қарастырылып, мемлекеттік деңгейде қолға алынып жатыр. Биылғы жылғы өткізілген іс-шараларға қарап отырып, жобаның пилоттық бола тұра, жүйелілігі, әдістемелік біртұтастығы және ғылыми негізделуі, жобаның артықшылығы мен басымдығын анықтап берді. Тілді игеруге арналған орта қа-

лыптастыру педагогтерге қиындық туғызбады. Өйткені жобаның жүзеге асыру керек нақты мақсаты мен міндеттері күнделікті тәрбиешілердің ұйымдастыратын іс-әрекеттерінен алшақ болған жоқ. Балалардың, әсіресе қалалық аймақтардағы бала тілі ана тілінен алшақ болып, шүлдірлеп, орыс тіліне бейім шығатынын ескерсек, «Тілге бойлау» жобасы таптырмайтын әдістемелік көмек болды десек, артық емес.

Тілді игеру арқылы бала жан-жағымен танысады, қарым-қатынасқа түседі. Бала тілінің шұрайлы, көркем болуы ортасына, тәрбиеленіп отырған отбасына байланысты. Тіл тек сөйлеу құралы болып қана қоймай, баланың бар мүмкіндігін, баланың бар қабілетін ашатындай етіп дамыту керек, сөйлеп үйрету керек.

Бүгінгі білім беру аймағы үлкен үдерісті басынан кешуде. Ғаламтор жайлаған әлеуметтік-экономикалық сұраныс білім саласын жай қалдырған жоқ. Жаппай желілік білім беру, жасанды интеллект, цифрлық сауаттылық кеңінен орын алуда. Дәстүрлі білім беру жүйесі білім берудің жаңа технологияларымен алмасып толассыз өзгерістерге, кедергілерге кездесуде. Осы өзгерістер педагог қауымының білім деңгейін көтеруге итермелеуде.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдан Момынова: «Тілдік қолданысты кеңейту бала танымын қазақша қалыптастыруға көңілді көбірек бөлуден басталады. Ол үшін балалар қызығатын телебағдарламалардан бөлек, түрлі қызғылықты ойын бағдарламаларын ұсыну керек. Балаларға арналған мультфильмдерді тек қазақ ертегілеріне ғана негіздегеннен гөрі, адамгершілік құндылықтарды түсіндіретін аса сауатты аударма мультфильмдермен толықтыру қажеттігі тұр» дейді.

Бұл, аталған пікір отандық балаларға

арналған бағдарламалардың ұлттық құндылықтан саяз, тілдік көркемдікті сақтамайтын, ұлтымыздың сөз әлеміндегі мазмұнды тіркестерді пайдалануда әлсіз екендігін көрсетеді. Бұл әрине мәселе, өйткені технология дамыған заманда әр үйдің кішкентай бүлдіршіндері уақытын телефонмен, ғаламтормен өткізгенді қалайды. Біз енді бұл әлемдік науқанға қарсы келе алмаймыз, нарық, экономика, ғылым прогрессі қаласақ та қаламасақ та өзгеріс енгізіп жатыр. Ал, педагогтердің міндеті осы өзгерісте адами құндылықтар, ұлттық құндылықтар өшпестей тәжірибе жасауы, болашақ ұрпақты қазақы таныммен нәрлендіру.

Сондықтан, «Тілге бойлау» пиллоттық жобасының атқаратын қызметтері жоғары деңгейде болуы шарт.

Сонымен қатар, бала тілінің орыс тілді болуымен қатар, өздігінен кеш шығуы, ата-аналарда логопед мамандарға сұраныстың көбеюі де тілдің құзыретін тежеп отырғаны рас. Ал, бұл өз кезегінде қазақ тілін үйретудің, ана тілін бала бойына меңгертудің әдістемелік әдіс-тәсілдерінің аздығынан, білім беру мекемелеріндегі материалдық-әдістемелік жабдықтардың жеткіліксіздігінен, педагогтердің кәсіби даярлықтарының төмендігінен десе артық емес. Өйткені бала тәрбиесіне өз ісінің майталман мамы, елін, тілін, ділін сүйетін патриоты, «бала жанын» түсіне алатын ізгілік педагогикасының өкілі қажет.

«Тілге бойлау» пиллоттық жобасының қажеттілігі де, маңызы да жоғары. Өйткені, жоба аясында күтілетін нәтижелер тізбегі жазылған, ал бұл педагогке жыл басында өз қызметінде оқу жылына арнап балалармен жұмыс жасауға қойылатын нақты мақсатын айқындап береді. Педагог тек бала тілін дамытуға, қазақ тілін мәжбүрлесіз үйренуге, құрбыластырмен еркін қарым қатынасқа түсуге, өз ойын әдемі жеткізе алатындай орта қалып-



тастыруы ғана қалады. Баланың даму аймағын көпжақты қарастыру, дамытушы ортаның мазмұнды, әдемі, баланың жас ерекшелігіне сай безендірілуі педагогтың кәсіби шеберлігін шыңдайды, идея генераторы болуға итермелейді, шығармашылық көзқарасын арттырады. Қазіргі баланың, жалпы баланың ең ұтымды дамыту құралы – ойын десек, баланың ойын тілін ана тілінде дамыту да тиімді әдіс.

«Тілге бойлау» жобасының тағы бір ұнаған тұсы - «интонация», яғни сөз мәнерін игерту, бұл әрине баланың тұлғалық дамуына ерекше леп береді. Баланың сөйлеу мәдениетінде әлеуметтік-эмоционалды қабылдауына, коммуникативті қатынасты дұрыс орнатуына көмек береді. Бала шығарманы тыңдау арқылы, көру арқылы да ой түйеді, тек жеткізу процессі түрлі дең-

гейде жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан тілдің дұрыс шығуы, сөздік қорының біртіндеп молайуы, сөз тіркестерін дұрыс қолдануы, сөйлеу мәдениеті, жасына сай көркем әдебиетпен нәрленуі әрине, педагогке қойылатын талап. Дегенмен, отбасының да баланың әлеуметтенуіне берері зор екендігін ұмытпаған жөн.

Сонымен, «Тілге бойлау» пилоттық жобасы мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қорын байытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ойын, шығармашылық және заманауи әдістерді ұштастыра отырып, бұл жоба баланың ойлау қабілетін, тыңдап түсіну және еркін сөйлеу дағдыларын дамытады. Ерте жастан тілге жүйелі түрде көңіл бөлу – болашақта сауатты, тіл байлығы мол тұлғаны тәрбиелеудің берік негізі.

«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» – БАЛАНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ТІЛ АРҚЫЛЫ ЖОЛ САЛУ: «БАЛАҚАЙ» БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Мухаметжанова Загира Калкамановна

Балқаш қаласы, Қарағанды облысы

«Балақай» бөбекжайының директоры

Аңдатпа. Мақалада «Балақай» бөбекжайының «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша жұмыс тәжірибесі жазылған. «Тілге бойлау» жобасының оң нәтижелері мен маңызы туралы баяндалған.

Түйін сөздер: эмоциялық интеллект, қазақ тілі, қазақ музыкасы, фольклор, ертегі, ойын, пилоттық жоба.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру өз басымдықтарын қайта қарастыру кезеңін бастан кешіруде: назарымыз білімді формалды түрде меңгеруден тұлғаны тәрбиелеуге, сезіне алатын, түсінетін, өз ойын білдіретін әрі халқының мәдениетіне құрметпен қарайтын жеке тұлғаны қалыптастыруға ауысуда. Осы тұрғыда баланың тілдік, мәдени және рухани болмысын ерте жастан қалыптастыруды мақсат еткен республикалық пилоттық жоба – «Тілге бойлау» ерекше маңызға ие. «Балақай» балабақшасы осы жобаның белсенді қатысушысы болып, қысқа мерзім ішінде тілдік дамуға саналы түрде қараудың айтарлықтай нәтижелер беретінін дәлелдеді.

Жобаның мақсаты – баланы тек қазақ тіліне үйрету емес, оны тілдік ортаға енгізу, сөзге, ұлттық мәдениетке және бейнелі ойлауға қызығушылығын ояту. «Тілге бойлау» – бұл сөз жаттатын бағдарлама емес, бұл – ертегі, ойын, музыка мен тірі қарым-қатынас арқылы тіл әлеміне апаратын жол.

«Балақай» балабақшасында жобаны жүзеге асыру тәрбиешілердің жоба

тұжырымдамасын терең меңгеруден басталды. Семинарлар мен әдістемелік кездесулерде тәрбиешілер М. Мағауин, А. Тайманов және бағдарлама негізіне алынған өзге де авторлардың еңбектеріне сүйенетін тәсілдерді игерді.

Балалардың эмоциялық интеллектін дамытуға, сөздің ырғағын, мағынасын, интонациясын сезіну қабілетіне ерекше көңіл бөлінді.

Жүзеге асырудың жарқын элементтерінің бірі – балалар тілмен ойын арқылы әрекеттесе алатын тақырыптық бұрыштар – «Сөздер әлемі», «Ертегілер елі», «Асыл мұра» атты тілдік аймақтардың құрылуы болды.

Қазақ халық ертегісі – тілге терең бойлатудың маңызды құралы ретінде ерекше орын алады. Мысалы, ертегіні оқығаннан кейін балалар кейіпкерлерді бейнелеп, олардың іс-әрекеттерін талқылап, көріністерді қайталап ойнайды, ұйқас сөздер ойлап табады. Мұның бәрі – тілді еркін меңгерудің табиғи процесі, мәжбүрлі оқыту емес.

Жоба басталғаннан бірнеше ай өткен



соң тәрбиешілер мен ата-аналар балалардың мінез-құлқындағы келесі өзгерістерді байқады:

- балалар қазақ тілін тек ұйымдастырылған іс-әрекетте ғана емес, күнделікті өмірде де белсенді қолдана бастады;
- халықтық дәстүрлерге, қазақ музыкасы мен фольклорына қызығушылық артты;
- коммуникативтік дағдылар жақсарды: балалар ойын еркін жеткізіп, тыңдай біледі, диалог жүргізе алады.

Сондай-ақ, ата-аналардың белсенділігі артқаны байқалды: бірге оқу, ән

айту, ойын ойнау сияқты ортақ шаралар отбасы байланысын нығайтып, ана тіліне оң көзқарас қалыптастыруға ықпал етуде.

«Балақай» балабақшасының тәжірибесі көрсеткендей, «Тілге бойлау» – бұл жай ғана білім беру жобасы емес, бұл – өз тамырына құрметпен қарайтын, ана тілінің қуатын сезіне алатын тұлғаны қалыптастырудың негізі. Баланың ішкі әлемі дәл мектепке дейінгі жаста қалыптасады, ал бұл процесте тіл шешуші рөл атқарады.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Тілі жоғалған жұрт – өзі жоғалған жұрт». «Тілге бойлау» жобасының арқасында біз тілді тек сақтап қалмаймыз, оны келер ұрпақтың жүрегінде тірілтеміз.

ТІЛГЕ БОЙЛАУ-ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Оразгалиева Маржангуль Муслихановна,

Қарағанды облысы Теміртау қаласы

«Қуаныш» бөбекжайының қазақ тілі педагогі

Аңдатпа. Мақалада «Тілге бойлау» пилоттық жобасы тіл үйретудің жаңа, заманауи және шығармашылық әдістерін ұсынатын бірегей бастама екендігі туралы жазылған. Сонымен қатар мақалада «Тілге бойлау» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша пайдаланылған инновациялық әдістер қарастырылған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер баланың жас ерекшеліктері мен психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып құрылғандығы, ал педагогтар мен тәрбиешілер жобаның әдістемесін толық меңгергендігі туралы баяндалған.

Түйін сөздер: тіл дамыту, ұйымдастырылған іс-әрекет, зерттеу, мақал-мәтелдер, ертегі, ойын түрлері, әдістер мен тәсілдер.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданылу аясын кеңейту-маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта қолға алынған «Тілге бойлау» республикалық пилоттық жобасы-тіл үйретудің жаңа, заманауи және шығармашылық әдістерін ұсынатын бірегей бастама.

Жобаның басты мақсаты- қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыру, баланың табиғи тілдік қабілетін ашу және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру. Жоба аясында түрлі ойындар, театрландырылған көріністер, зерттеу элементтерімен байытылған тапсырмалар арқылы балалар тілге терең бойлайды, сөз мағынасын түсінеді, өз ойын еркін жеткізуге машықтанады.

Бала болашақ айнасы. Оның алғашқы қалыптасу кезеңіндегі тілдік орта-тұлғалық дамудың іргетасы. «Тілге бойлау» жобасы мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеуіне, ұлттық рухты сезінуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуына бағытталған тәрби-

елік әрі танымдық бағдарлама.

Тәжірибемде байқағаным-баланың тілі ойын арқылы тез дамиды. Сондықтан жобада тіл дамыту тапсырмаларын ұлттық мазмұнмен және зерттеу элементтерімен ұштастырдым. Мысалы: «Сиқырлы сөздер» балалар жұмбақ шешу арқылы жаңа сөздерді меңгереді, ал «Халық ауыз әдебиетімен танысу» сәтінде ертегілердің мазмұнын өздері сахналап, рөлге еніп, сөйлеу дағдыларын дамытады. «Тілге бойлау» жобасы дәстүрлі ұйымдастырылған іс-әрекеттен өзгеше. Әрбір тапсырма зерттеуге, салыстыруға, пікір айтуға бағытталған.

Мысалы: «Сөздер сөйлейді» атты бөлімде балалар мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінің мәнін ашуға тырысады, оларды жағдаяттарда қолдануды үйренеді. «Мен зертеушімін» атты күнде өткізілетін танымдық сағатта балалар жаңа тақырыпты өз бетінше ашуға тырысады.

Мысалы: «Киіз үй-біздің байлығымыз» тақырыбында балалар киіз үйдің бөліктерін атаумен қатар, олар-



дың мәнін түсініп, өз пікірлерін еркін жеткізеді. Бұл балалардың тек тілдік емес, логикалық ойлау қабілетін де арттырады.

Бұл жоба аясында ұйымдастырылған іс-әрекет кезеңі ойын түрінде ұйымдастырылады, тәрбиеленушілер ертегі кейіпкерлерімен сөйлесіп, қазақы ортада тілдік әрекеттерге белсенді араласады. Ән-күй, қимыл-іс әрекет, көркем әдебиет элементтері арқылы тілге терең бойлау жүзеге асырылады. Мұндай тәсілдер балалардың танымдық қабілетін арттырып қана қоймай, тілге деген сүйіспеншілікті де қалыптастырады.

Жобаның тағы бір ерекшелігі-интерактивті әдістерді қолдану. Балалар тек тыңдаушы ғана емес, өз ойын еркін жеткізуші, белсенді қатысушы болады. Тәрбиелеу-білім беру процесінде тілдік жағдаяттар, диалогтік сөйлеу, сахналық қойылымдар кеңінен пайдаланылады. Бұл олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға жол ашады.

Пилоттық жоба алғаш рет енгізілгеннен бастап ата-аналар мен педагогтер тарапынан оң бағасын алып келеді. Ата-анамен бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігі, үйде жалғасын табатын тапсырмалар баланың тілді отбасы ішінде де пайдалануына себеп болады. Сон-

дай-ақ ата-аналармен бірлескен «Отбасылық сөз қоры» жобасында әр отбасы аптасына бір жаңа мақал-мәтел үйреніп, оны қолдану мысалын балабақшада таныстырады. Бұл тәжірибе -отбасы мен балабақша арасындағы байланыс пен баланың тілдік ортасын күшейтудің нәтижелі жолы болды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер баланың жас ерекшеліктері мен психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып құрылған, ал педагогтар мен тәрбиешілер арнайы оқудан өтіп, жобаның әдістемесін толық меңгеруде.

«Тілге бойлау» - бұл жай ғана тіл үйрету емес, бұл - ұлттық құндылықтарды бойға сіңіру, мәдениетпен сусындау, баланың тұлғалық дамуына жағдай жасау. Сондықтан да бұл жоба-тек мектепке дейінгі ұйымдары үшін ғана емес, тұтас ұлт үшін маңызды бастама.

Жобаның алдағы уақытта еліміздің барлық аймақтарында сәтті жүзеге асуына тілектеспіз. Мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатар осындай жобалар көп болғай. «Тілге бойлау» тек тіл үйрету құралы емес, бұл - ұлттық болмыстын бойға сіңіретін, баланың жан дүниесін байытатын, ойын, тілін, мінезін қалыптастыратын ауқымды жобалардың бірі. Осындай жобалар арқылы біз ұрпағымыздың елжанды, тілжанды, рухани бай азамат етіп тәрбиелей аламыз.



Сурет 1. Танымдық ойындар, шығармашылық тапсырмалар ата-анлармен, педагогтармен өткізілген тренингтер



ТІЛ-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

**Жұмабек Жәнәт,
Қыдырбай Жанар Мұхитқызы,**
тәрбиешілер

Сулейменова Калымкас Канатовна,
қазақ тілі педагогі «Айгөлек» бөбекжайы, Осакаров
ауданы, Қарағанды облысы

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуде жағдай жасау, тілдік орта құру, тілді үйренуге деген қызығушылықтарын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, педагогтерге жұмыс тәжірибесінде қажетті материалдармен көмек көрсету, тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі ұйымдастыру туралы жазылған.

Түйін сөздер: коммуникативтік, танымдық, зияткерлік қабілеттер, интерактивті әдістер мен тәсілдер, мультимедиялық технологиялар.

Ұлттың ұлт ретінде, халық болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратын ол-тіл. Тіл халықтың ең маңызды қазыналарының бірі.

Қазақ тілі — еліміздің мемлекеттік тілі ретінде ұлтымыздың мәдениеті мен тарихының айнасы ғана емес, сонымен қатар қоғамның дамуына әсер ететін негізгі құрал. Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрену уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік қабілеттерін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықты, сондай-ақ Отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда, оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуде жағдай жасау, тілдік орта құру, тілді үйренуге деген қызығушылықтарын ояту, қазақ тілінде

ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру, педагогтерге жұмыс тәжірибесінде қажетті материалдармен көмек көрсету, тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі ұйымдастыру болып табылады. Осы орайда балабақшадағы тіл үйрету ісі ерекше маңызды болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты, «Тілге бойлау» жобасы әзірленді, ол 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап біздің бөбекжай базасында іске асырылуда.

Заманауи әдіс-тәсілдер балабақшада мемлекеттік тілді тиімді түрде үйретудің негізі болып табылады. Бала тіл арқылы өз ойын толық жеткізе алады, эмоциясын білдіреді, әрі қоғамда тиімді қарым-қатынас жасай алады.

Балабақшада мемлекеттік тілді үйретудің заманауи тәсілдері

Интерактивті әдістерді қолдану. Интерактивті әдістер қазіргі білім беру саласында кеңінен қолданылады. Балаларды диалогқа тарту, тілдік ойындар, рөлдік ойындар арқылы олардың тілдік дағдыларын дамыту өте маңызды. Мысалы, «Кім не істейді?» деген ойында балалар әртүрлі жануарлар мен олардың әрекеттерін сипаттайды, ал «Менің күндерім» ойыны арқылы олар күнделікті өмірде қолданылатын сөздер мен тіркестерді үйренеді. Осылайша, бала өз ойын еркін жеткізе алатын деңгейге жетеді.



Көрнекілік әдісі. Балалардың қабылдау қабілеті жоғары болғандықтан, көрнекі құралдарды қолдану өте тиімді. Мемлекеттік тілді үйретуде түрлі суреттер, слайдтар, карточкалар, мультимедиялық материалдар пайдаланудың әсері зор. Мысалы, күнделікті тұрмыста қолданылатын заттардың суреттері мен олардың атауларын көрсетіп, балаларды тілмен таныстыруды бастауға болады. Бұл әдіс балалардың сөздік қорын кеңейтуде ерекше рөл атқарады.



Қарым-қатынастық әдіс. Қарым-қатынас – тілді үйретудің негізгі құралы. Балабақшада балаларға нақты өмірдегі жағдайларда тіл қолдануды үйрету маңызды. Мысалы, күнделікті өмірде балабақша қызметкерлері мен балалар арасындағы сөйлесулер, қонақтарды қарсы алу, тапсырмалар беру арқылы бала мемлекеттік тілде сөйлесуді үйренеді. Қарым-қатынас арқылы бала неғұрлым көп сөз қолданса, соғұрлым оның тілді меңгеруі жеңілдейді.



Ән мен өлең арқылы үйрету. Балабақшада ән айту мен өлеңдер айту — баланың тілін дамытудың тамаша тәсілі.

Бұл әдіс арқылы балалар жаңа сөздер үйреніп, дұрыс сөйлеу үлгісін алады. Әндер мен өлеңдер баланың есте сақтау қабілетін арттырып, тілдік қорын байытады. Мысалы, қазақ тіліндегі қарапайым әндер мен балаларға арналған өлеңдер балалардың дыбысты дұрыс айтуын және олардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Мультимедиялық технологияларды пайдалану. Заманауи ақпараттық технологиялар тіл үйрену процесін тиімді етеді. Балабақшада түрлі мультимедиялық құралдар (электрондық кітаптар, ойындар, мультфильмдер) арқылы мемлекеттік тілде контент ұсыну өте пайдалы. Мысалы, балаларға арналған қазақ тіліндегі мультфильмдер мен видео сабақтар олардың тыңдалым дағдыларын дамытып, сөздік қорын толықтыруға көмектеседі.



Тілдік ортаны қалыптастыру. Балабақшада тіл үйрету процесінде маңызды факторлардың бірі – балалардың тілді үйренуге арналған ортада болуы. Балаларға тек ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде ғана емес, күнделікті өмірде де қазақ тілін қолдануға мүмкіндік беру керек.

Ойын элементтерін пайдалану.

Ойын — баланың дамуының басты құралдарының бірі. Тіл үйретуде ойын әдісі ерекше орын алады. Мысалы, «Тапқырлық» ойынында балаларға сұрақтар қойып, дұрыс жауап беруді үйретуге болады. Сонымен қатар, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ойынын өткізу арқылы балалар қазақ фольклорымен танысып, тілдің ерекшеліктерін сезінеді.

Балабақшада мемлекеттік тілді үйретудің заманауи тәсілдері баланың тілді терең түсініп, қолдануына мүмкіндік береді. Заманауи әдістер мен құралдар балалардың сөздік қорын байытып, олардың тілге деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан, балабақша тәрбиешілері мемлекеттік тілді үйретудің әртүрлі әдістерін

тиімді қолдана отырып, болашақ ұрпақтың өз тілін құрметтейтін, оны меңгерген тұлға болып қалыптасуына ықпал етуі керек. Тіл үйретудің заманауи тәсілдері оқыту сапасын арттырып, балаларды жан-жақты дамытып, олардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырады.

Тәрбиеші ретінде біз баланың тілін ерте жастан дамытуға ерекше мән беріп, олардың қазақ тілінде еркін сөйлеуін, мәдениетін, дәстүрлерін түсінуін және оларды құрметтеуін мақсат етіп отырмыз. Әр баланың тілді меңгеру процесі әртүрлі болғанымен, олардың барлығы да өз ортасында сенімді және белсенді болуды үйренеді.

Мысалы, ұйымдастырылған іс-әрекетінде біз балалармен «Төрт-түлік» тақырыбын талқыладық. Бұл тақырыпта балалар қазақ тілінде жануарлардың атауын, оларға сипаттама беруді, сондай-ақ әртүрлі жануарлардың тіршілігі мен дағдыларын талқылауды үйренді. ҰІӘ балалар түрлі суреттермен жұмыс істеді, олардың әрқайсысына жануардың қазақ тіліндегі атауын айтқыздық. Бала өзіне жаңа сөздер үйреніп, оларды қолдана отырып, тілді еркін меңгеріп келе жатқанына қуанды. Сонымен қатар, балалар өз ойларын ашық әрідұрыс жеткізе алатын болды.

Тағы бір мысал, біз балабақшада «Табиғаттағы өзгерістер» атты тақырып бойынша ойындар ұйымдастырдық. Балаларға жылдың төрт мезгілі туралы әңгімелеп, әр мезгілдің ерекшеліктерін талқыладық. Бұл ұйымдастырылған іс-әрекетінде біз балалардың сөздік қорын байыту үшін көрнекі құралдарды пайдаланып, интерактивті әдістерді қолдандық. Мұнда балалар түрлі сезімдерін, көңіл-күйлерін және көргенін қазақ тілінде айтуға тырысты. Мысалы, «Қыс келді» дегенде, балалар қардың түсі мен қалай жауатынын қазақ тілінде сипаттауға тырысты.

Қорыта келгенде, мұндай әдістер балалардың тілге деген қызығушылығын арттырып, тілді үйрену процесін жеңілдетеді деп ойлаймыз. Өз тарапымыздан біз әр баланың дамуына көңіл бөліп, әрқайсысының мемлекеттік тілді үйренудегі жетістіктерін мақтап, оларға сенімділік пен қолдау көрсетуді жалғастырамыз. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуге неғұрлым ерте мән беріп, қазақ тілін үйрету үшін қолайлы тілдік орта құруға, мемлекеттік тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, нәтижелер соғұрлым табысты әрі тиімді болады.





ТІЛГЕ БОЙЛАУ: ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Конхашова Гульнар Мырзакановна,
қазақ тілі педагогі

Карымсакова Аяғоз Байгазыевна,
әдіскер «Арман» бөбекжайы, Қарағанды қаласы,
Қарағанды облысы

Аңдатпа. Мақалада балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру туралы жазылған. Сонымен бірге «Тілге бойлау» пилоттық жобасы бойынша Іс-қимыл жоспарына сәйкес балабақшадағы жыл бойы атқарылған көптеген іс-шаралар баяндалған.

Түйін сөздер: тіл мәртебесі, дәстүрден тыс оқыту түрлері, ойын түрлері, режимдік сәттер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер мен санамақтар.

Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оны дамыту әрқашан маңызды мәселелердің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл мәселеге үнемі назар аударып, өзінің халыққа арнаған жолдауларында білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі – мемлекеттік тілді үйрету екенін баса айтқан.

Мектеп жасына дейінгі өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйрету тек қарым-қатынас құралы ғана емес, олардың Отанымыз туралы дүниетанымдарын кеңейтіп, рухани әлеуетін арттырады, халқымыздың салт-дәстүріне деген қызығушылықтарын оятады. Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім берудің басты мақсаты – баланың толыққанды тұлғалық және танымдық дамуы, тілдерді меңгеруі. Осы орайда ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөнінде 2024-2025 оқу жылында «Тілге бойлау» пилоттық жобасы іске асы-

рылды. Жобаның мақсаты: балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Аталған жобамен біздің балабақша іс-қимыл жоспарына сәйкес жыл бойы жұмыс жасап, көптеген ісшараларды жүзеге асырды.

Мұндай ауқымды жобаны іске асыруда үштік одақ болып жұмыс жасаған өте тиімді тәсіл. Балаға отбасында және мектепке дейінгі ұйымда бірлесе отырып тіл үйрету – баланың тілге деген қызығушылығын, этномәдениетке деген құрметін, образдық ойлауын, елестету қабілетін, фонематикалық естуін дамыту арқылы тілді меңгеруде жеке қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда ата-аналармен сауалнама, әңгіме, кеңес беру, ата-аналар жиналысы өткізілді, «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыс жасады. Осы жұмыстардың нәтижесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың мемлекеттік тілді меңгеруі жеңілдеп, тілдік құзы-

реттіліктері артты.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілі «Тіл», «Отан», «Отбасы», «Денсаулық», «Табиғат» бағыттары бойынша үйретілді. Яғни ұйымдастырылған іс-әрекетте де, режимдік сәттерде де күнделікті жүзеге асырылды. «Тілге бойлау» жобасы негізінде «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұсынған «Кәусар бұлақ» хрестоматиясында, «Бал бала» жинағында осы бағыттар бойынша жинақталған материалдарды өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде қолданылу өз нәтижесін берді.

Балаларға қазақ тілін үйретудің негізгі формасы – ойын. Ойын балаларға тілді нақты жағдайларда түсінуге, меңгеруге және қолдануға көмектеседі. Ойын барысында балалар сөздерді тез жаттап алады, қызығушылық танытады және оларды күнделікті өмірде де қолданады. (Мысалы: «Керісінше айт», «Сурет бойынша айтып бер», «Жаңғырық», «Сөз ойла, тез ойла» және т.б.)

Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде әртүрлі ойын жаттығулары мен тәсілдері («Қарым-қатынас минуты», «Қайырлы таң, балақай!», тіл ұстарту жаттығулар мен сөздік ойындар («Ия-жоқ», «Кімге не қажет?»), қазақ тіліндегі музыкалық сергіту сәттері, интерактивті-дамытушы ойындар қолданылды.


Дәстүрден тыс оқыту формалар да жүргізілді: экскурсиялар («Гүлдер елі», «Кітаптар әлемі», «Біз театрға барамыз», т.б.), саяхат-сабақтар («Біз – Қазақстан балалары»), интеграцияланған және панорамалық іс-әре-

кеттер («Туған елім», «Думан сағаты»). Сюжеттік-рөлдік ойындардың да тіл үйренуде маңыздылығы зор («Шашта-раз», «Дәрігер», «Аспазшы», «Супер-маркетте» және т.б.).

Сондай-ақ балалар жазушыларының шығармаларынан үзінділерді тыңдап, жұмбақтар, мақал-мәтелдер мен санамақтар арқылы сөздік қорлары артып, тілге деген тұрақты қызығушылығы мен құрметі, сол тілде сөйлеуге деген ынтасы қалыптасты. Бұл тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар дамытушы және тәрбиелік әсер береді.

Режимдік сәттерде де сөздік минимумдар үйретіліп, балалардың ауызекі байланыстырып сөйлеуі дамытылды. Серуен кезінде көптеген ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары қазақ тілінде өткізілді («Арқан тартыс», «Айналмалы доп», «Айгөлек», «Тақия тастамақ», «Соқыр теке», «Ақсерек-Көксерек») және бұйрықтарды, нұсқауларды қазақ тілінде түсіну дағдысын қалыптастырылды. Ұйқыға жатқызар алдында қазақ тілінде «Бесік жыры» тыңдату арқылы баланың әуен мен қайталанатын құрылымдар тілге деген қызығушылықты арттырып, ұлттық мәдениетпен таныстырады, баланың эмоционалдық дамуына да оң әсер етеді. Сонымен қатар қазақ тілінде сүйікті ертегілер бойынша сахналық қойылымдар, мюзклдар, ертеңгіліктер, байқаулар, спорттық жарыстар өткізілді.

Ай сайын «Тілге бойлау» бағдарламасын меңгеру бойынша бақылау парақтары толтырылып, балалардың қорытынды мониторинг нәтижелері шығарылды.



Жыл соңында балалар оқу жылында жақсы нәтижелер көрсетті. Олар таңертеңгі жаттығу кезінде, серуенде педагогтің қазақ тілінде берген нұсқауларын қайталайды, саналы түрде орындайды; негізгі қауіпсіздік ережелерін, қазақ тілінде қозғалыс және ұлттық ойындардың ережелерін, іс-қимылды білдіретін сөздерді (жүр, отыр, тұр, бар, секір, жүгір, қуып жет, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, сапқа тұру) түсініп, орындайды; қазақ тілінде қозғалыс ойындары мен ұлттық ойындардың атауларын біледі, ойнайды. Сонымен қатар қазақ тілінде күнделікті қолданылатын сөздерді ауызекі тілде қолданылуы мен тыңдау дағдысы жақсарды, тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айту, санамақ жаттау, квест-ойындар арқылы

балалардың сөздік қоры кеңейді. Жобалық іс-шаралар барысында балалар тек тіл емес, ұлттық мәдениет пен отбасылық құндылықтарды да меңгерді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйрету ерте жаста басталса, ең тиімдісі сол деп есептеледі. Себебі бұл кезеңде балалар жаңашылдыққа құрмар болады. Оларда әлі түрлі кедергілер мен таптаурындар жоқ. Дәл осы мектепке дейінгі жаста балалар жаңа білімді қабылдауға аса бейім келеді. Егер біз олар үшін қолайлы жағдай жасап, ата-аналар мен балаларда оң мотивация қалыптастыра алсақ — онда «Тілге бойлау» жобасы жоғары деңгейде өз жемісін береді деп нық сеніммен айтуға болады.



МАЗМҰНЫ

1	Адамова М. Е.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың жалпы ұлттық басымдықтары	3
2	Ерманова М.Н.	«Тілге бойлау» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету	7
3	Жиенбаева С.Н. Исаева Ж.К. Атызова А.Ж.	Мектеп жасына дейінгі балаларда тілдің кеш шығу диагностикасы, себептері және сөйлеуді қолдау әдістері	21
4	Боранбаева М.С.	Тілге бойлау: мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қазақ тілін меңгертудің тиімді жолы	27
5	Малгаждарова К. Ж.	Мектепке дейінгі жастан тілге бойлау: тәжірибе мен нәтиже	30
6	Напбаева Д.А.	Мектепке дейінгі ұйымдарда «тілге бойлау» жобасын іске асыру тәжірибесі: даму, серпін, нәтиже	32
7	Аханова Л.Ж.	«Тілге бойлау» жобасы – тіл үйретудің тиімді тәжірибесі	34
8	Бакитова М. Б.	Тілге бойлау – тұлға қалыптасуының бастауы	36
9	Рахимова У. Х.	Тілге бойлау – тілдік дағдының темірқазығы	38
10	Косыбаева Т. Д. Алимжанова С. Б.	Балабақшада қазақ тілін меңгертуде тиімді әдістерді қолдану	40
11	Батталова А.Ж.	Табиғатпен үндескен ойын керуені	42
12	Ахметзакирова Л. Н.	Казахский язык в блоках: учим с minecraft	45
13	Даниишева Б.А., Васева Г.Ф., Темирбекова Т. Ж.	Қазақтың brendi: домбыра, бүркіт, бауырсақ, құрт, асық	48
14	Валеева Р. Ж.	Балабақшада тірек сызба арқылы балалардың тілін дамыту	51
15	Курмангалиева Л. С., Таласпаева Г. М.	Эффективные подходы методического обеспечения погружения в язык детей дошкольного возраста	55
16	Курмангалиева Л. С., Таласпаева Г. М.	Эффективные подходы методического обеспечения погружения в язык детей дошкольного возраста	58
17	Тохтархан А.	«Тілге бойлау» жобасын іске асыру арқылы қазақ тілін үйренудің жаңа тәсілдері	60
18	Даримова Ф.А.	Бала үні – бақытты балалық шақ мекені	63
19	Ешмуханова А.А.	Балабақшада «Тілге бойлау» пилоттық жобасы: ерте жастағы тілдік дамудың жаңа бағыты	66
20	Ксаинова Г. Г.	Через игру к языку: практический опыт в рамках проекта «Тілге бойлау»	69
21	Карабекова К. М.	Балабақшадағы мультимедиа технологияларының рөлі	71
22	Оксана А. Ч.	Режимдік сәттерде қазақ тілін тиімді оқыту	72
23	Мукашова Я. О.	Тілге бойлау – балалардың үйлесімді дамуына қадам	73
24	Рамазанова Д. Б.	Ән мен ойын арқылы қазақ тілін үйренейік	74



25	Каргина В.Н.	Қазақ даласына музыкалық саяхат	76
26	Сейтқожаева Қ. Е.	Тіл мәртебесі – ел мәртебесі	78
27	Тайгушкарлова Р.Ж.	Көптілді орта жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту: «Тілге бойлау» жобасының нәтижесі	80
28	Кубеева К. С.	Пилотный проект «Тілге бойлау» в дошкольных организациях Костанайской области: актуальные итоги и перспективы развития	83
29	Унгарова А. К.	Оценка эффективности реализации пилотного проекта «Тілге бойлау» в дошкольных организациях: актуальные итоги и перспективы развития	85
30	Жумабаева Ж. Б.	Тіл – ұлттың тағдыры	87
31	Килибаева Н. Ж.	«Тілге бойлау» жобасы аясында қазақ тілін білу-заманауи брендтің белгісі	89
32	Лопунова Е. Ю. Такенова З. С.	Казахский язык в дошкольной организации: от игр до общения	91
33	Аскарбаева С. Р.	Тілмен тыныстаған тағылым	94
34	Мухаметжанова З. К.	«Тілге бойлау» – баланың жүрегіне тіл арқылы жол салу: «Балақай» балабақшасының тәжірибесі	97
35	Оразгалиева М. М.	Тілге бойлау-тамыры терең тәрбие бастау	99
36	Жұмабек Ж. Қыдырбай Ж. М. Сулейменова К. К.	Тіл-ұлт қазынасы	102
37	Конхашова Г. М. Карымсакова А. Б.	Тілге бойлау: қазақ тіліне алғашқы қадам	106